

М. Мамаева, Ж. Мұқашова

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің  
9-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*

9



Алматы «Мектеп» 2019

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2Қаз-922  
М18

**Мамаева М., Мұқашова Ж.**  
М18 **Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық.** — Алматы: Мектеп, 2019. — 144 б., сур.  
ISBN 978—601—07—1083—2

М 4306020200—030 1(1)—19  
404(05)—19

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2Қаз-922

ISBN 978—601—07—1083—2

© Мамаева М., Мұқашова Ж., 2019  
© «Мектеп» баспасы, көркем  
бейнделілуі, 2019  
Барлық құқықтары қорғалған  
Басылымның мүлкілік құқықтары  
«Мектеп» баспасына тиесілі

1-бөлім  
**СТИЛИСТИКА**  
МӘҢГІЛІК ЕЛ – МҰРАТЫМ

2-бөлім  
**СТИЛИСТИКА**  
ЖАҢАҒАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

3-бөлім  
**СИНТАКСИС**  
ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚСТАН. ЭКСПО-2017

4-бөлім  
**СИНТАКСИС**  
АДАМ ҚҰҚЫҒЫ МЕН БОСТАНДЫҒЫ

5-бөлім  
**СИНТАКСИС**  
ОТБАСЫ ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІС

6-бөлім  
**СИНТАКСИС**  
БИОТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНДІК  
ИНЖЕНЕРИЯ КЕЛЕШЕГІ

7-бөлім  
**СИНТАКСИС**  
БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

8-бөлім  
**СИНТАКСИС**  
ӘЛЕМДЕГІ ҚАҚТЫҒЫСТАР ЖӘНЕ БЕЙБІТШІЛІК

9-бөлім  
**ПУНКТУАЦИЯ**  
ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ



## АЛҒЫ СӨЗ

### Шартты белгілер:



– оқу



– айту



– тыңдау



– жазу



– талқылау



– табу



– талдау

Құрметті оқушылар! Тіл сөйлеу үстінде өмір сүреді және адамзаттың аса маңызды қатынас құралы қызметін атқарады. Қазақ тілін оқытудағы жаңа буын оқулықтарының басты мақсаты да осыған негізделген. Қолдарындағы «Қазақ тілі» оқулығы қоғамда болып жатқан оқиғалар мен құбылыстар, ғылымдағы жаңалықтар мен ізденістер, ғаламдық мәселелер аясында сөйлеу дағдыларыңды арттыруға, өз ойларыңды жазбаша түрде дәл, анық жеткізуге, сауатты жазуға бағытталған.

Оқулық бұрынғы дәстүрлі оқулықтардың құрылымынан өзгеше: алдымен тақырып төңірегінде пікір алысып, сол тақырыпты өздерің қалай түсінетіңдеріңді бағамдайсыңдар. Содан соң оқуға және тыңдауға арналған мәтіндер арқылы тақырып аясындағы білімдеріңді одан әрі кеңейтесіңдер. Алған ақпараттарың мен өз білгендеріңді ұштастырып жеткізу үшін сөздің сыр-сипатын танып, орнымен қолдану, оны басқаға әрлі де әдемі жеткізу бағытында әдеби тілдің стильдері жайлы кең түрде білім аласыңдар. Оқулықта ұсынылған әртүрлі мәселелер төңірегінде өз ойларыңды онайдан күрделіге қарай бір-бірімен байланыстыра отырып нақты, түсінікті жеткізуді меңгересіңдер. Ол үшін күрделі пікірді білдіру құралы – құрмалас сөйлемнің құрылымымен, мағыналық қатынасымен танысып, жасалу жолдарын үйренесіңдер. Оқулықта қамтылған тақырыптарды түсініп, игеруге берілген материалдар қоғамдағы, ғылымдағы жаңалықтарды қамтиды. Берілген мәтіндер сендердің дүниетанымдарыңды, сөйлеу мәдениеттеріңді қалыптастырып, әрі қарай ізденіске, пікір алысып, ой қосуға жетелейді деп сенеміз!

*Құрметпен, авторлар*

## 1

# СТИЛИСТИКА

## МӘҢГІЛІК ЕЛ – МҰРАТЫМ


### МӘҢГІЛІК ЕЛ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

Мәңгілік ел – ата-бабамыздың сан жылдық арманы. Ол арман – әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану. Ол арман – тұрмысы бақытты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңге сеніммен қарайтын бақытты ел болу. Біз Мәңгілік елдің іргетасын қаладық.

*Н.Назарбаев*



**1-тапсырма.** «Мәңгілік ел» ұғымын естігенде ойларыңа не келеді? Өз ойларыңды сызбаға салып көрсетіңдер.



**2-тапсырма.** Үнтаспадан 1-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мемлекеттік идеология не үшін қажет?
2. «Мәңгілік ел» орнату идеясы қайдан бастау алған?
3. Мәңгілік ел болудың негізгі шарттары қандай?



**Ә** Мәтінде кездескен сөз қолданыстарын өз сөздеріңмен түсіндіріңдер.

Бағдаршам, ықылым заман, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман, жерұйық, ұлыс, қағанат.



**Б** Мәтіндегі негізгі ойды бес сөйлеммен жазыңдар.

1-бөлім



**3-тапсырма.** Тәуелсіз жас мемлекетіміз «Мәңгілік ел» болуы үшін мәтінде аталған шарттарға тағы не қосар едіңдер? Топ болып ой бөлісіңдер.

**Мұны да білген жөн!**

Мәңгілік елдің басты 7 құндылығы:

- Қазақстанның тәуелсіздігі және астанасы;
- қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім;
- зайырлы қоғам және жоғары руханият;
- индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім;
- жалпыға ортақ еңбек қоғамы;
- тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы;
- еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

*ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың  
«Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауынан*



**4-тапсырма.** Суретті пайдаланып және тыңдаған мәтіндегі ақпаратпен толықтырып, «Мәңгілік ел» жайында өз ойларыңды жазыңдар.



Асанқайғы (Е.Айтуаров, 2012 ж.)



**5-тапсырма.** Бірлік, ынтымақ туралы мақал-мәтелдерді еске түсіріп, олардың мәнін ашыңдар.



**Стиль**

Адамдардың өзара қарым-қатынасы арқылы тілдесу іске асады. Тілдесу үстінде әркім өз пікірін лебіз (жүйелі сөз) арқылы хабарлайды. Лебіз тілдесушінің қойған мақсатына сай түрліше құрылады. Адам бірде сырла-

суды, көңіл күйін көтеруді мақсат етсе, бірде шаруашылыққа байланысты мұқтаждарын шешуді немесе даулы мәселені реттеуді және т.б. мақсат етеді. Тілдесу үстінде қойылатын талаптар *коммуникативтік талаптар* деп аталады.

*Стиль* – тілдесу үстінде сөйлеушінің қойған коммуникативтік мақсатына лайық құрылған түрі. Әр стильдің өз ерекшелігі бар. Олар біртұтас қазақ тілінің жүйесі ретінде өмір сүреді. Олардың басын біріктіріп тұратын – бәріне ортақ бейтарап фонетикалық, грамматикалық жүйенің, лексикалық қордың мол болуы.

Стиль түрлері: *ауызекі сөйлеу стилі, көркем әдебиет стилі, ресми ісқағаздар стилі, публицистикалық стиль, ғылыми стиль.*

Бейтарап лексика, грамматикалық тұлғалар – қазақ тілі стильдерінің тірегі, негізі. Бейтарап тұлғалар мынадай белгілерге ие:

- 1) барлық жұртқа таныс мағынада жұмсалады;
- 2) ұғымды еш коммуникативтік қоспа үстемей айтады;
- 3) арнаулы бір стильге бағынбайды.

Бейтарап лексиканың сипатын мына сөздер танытады: *мәшине, мотор, рельс, пойыз, күбі, арба, күн, сүйініш* және т.б.



**6-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

### Тендік үшін мұхитқа қайық салдық

...Еске түсіп, езіліп отыр ішім,  
Тарих қойны қан мен жас – өкінішім.  
*Таулар шөгін,*  
батырлар *шейіт болған*  
Тәуелсіздік танына жету үшін...

Бағынғанбыз *басымыз ноқталы боп,*  
Ішімізде көмілген көп қабілет.  
Тендік үшін мұхитқа қайық салдық,  
Жанталаста жактас тек аққа, әділет!..

Ақ сәулесін түсірер жорықтарда Ай,  
Аңыздарда айтылған алыптардай.  
Бабалардың жетпеген ұлы арманын  
Болашаққа *боздақ ұт* алып барғай!..

Ұзай алмас *шідерін үзбеген ат,*  
Ұлы жолда қатса да мұзға қанат,  
*Тұқыртқанға көнбеді тұтпар-тағдыр,*  
Сол тағдыры халықтың Сізге аманат!..

Қиын күрес!  
Ерекше елдік егес!  
Ұлан асу – бейтаныс белгі, белес.  
Емін-еркін дастарқан жая алмаса,  
Қазақ үшін бұл теңдік – теңдік емес!..

Жібермеуді үйрендік сөзден есе,  
Кім үйретер өнерді өзге неше?  
Тәуелсіздік кім үшін,  
Туған халқын  
Тұтастығын сақтауды көздемесе?!.

Аяп, сүйіп,  
Қараймын саған, мекен,  
*Көңіліме кіреді алаң бөтен.*  
Бұл ғаламда бақытты елдер қанша,  
*Иығың тең* солармен болар ма екен?..

*Байтақ елің* бірлікке талпынса аман,  
Жеңістерге жетер-ау *шарқың, шамаң.*  
Бастан биік  
Ұлт туын  
Ұстау үшін,  
Қайсар жүрек тілеймін, халқым, саған!..

Мейлі, бізге қиын жол қисын азап,  
Тербегенде табиғат – күйші ғажап.  
Адамзаттың баратын дәуіріне  
Аман-есен барса екен *исі қазақ!*

К. Ахметова



**А** Өлең тақырыбын қалай түсіндіңдер?



**Ә** Мәтіннен ерекшелеп берілген сөз тіркестерін теріп жазып, синонимдер қатарын беріңдер.

Үлгі :

таулар шөккен	таулар аласарған



**Б** Осы бейнелі тіркестерді өздерің қандай жағдайда қолданар едіңдер? Сөйлем құрап жазыңдар.



**7-тапсырма.** Өлең мазмұнының құрылымын ретімен орналастырып, соған сай шумақтарды топтастырыңдар.

- Қазақ танымындағы тәуелсіздік, теңдік.
- Үміт, болашаққа аманат.
- Ел болашағы жайлы арман, тілек.
- Өткенге шолу, өкініш.



**8-тапсырма.** Алдыңғы тапсырмадағы құрылымға сүйене отырып, өлең мазмұнын өз атыңнан (1-жақта) баяндап көр.



**9-тапсырма.** Өздеріңе ұнаған өлең шумақтарын жаттап алыңдар. Оның ұнау себебін айтып, түсіндіріңдер.



**10-тапсырма.** *Тәуелсіздік, теңдік, Мәңгілік ел* жайлы мақал-мәтелдер жазып, олардың мәнін ашыңдар.

## БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ІРГЕЛІ ЕЛДІҢ КЕПІЛІ



**1-тапсырма.** Еліміздің тәуелсіз мемлекет екенін дәлелдейтін белгілерді атаңдар.




---



---



---



---



---



**2-тапсырма.** Ұнтаспадан 2-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Сұхбатта қазақ халқының қандай ерекше қасиеті жайлы айтылады?
2. Іргелі ел болу үшін қандай мінезден арылу керек, неге ұмтылу керек?
3. Тәуелсіздіктің тұғыры нық болуының кепілі неде?



**Ә** Мәтіндегі сөз қолданыстарын өз сөздеріңмен түсіндіріңдер.


- |                   |                     |
|-------------------|---------------------|
| іргелі ел –       | енсесін тіктеу –    |
| емеуріннен тану – | тізгінге жармасу –  |
| сөз төркіні –     | ел тізгінін ұстау – |
| пәтуа жоқ –       |                     |

## 1-бөлім



**Б** Осы тіркестерді өздерің қандай жағдайда қолданар едіңдер? Сөйлем құраңдар. Тағы қандай тіркестер жасар едіңдер?

Үлгі :



**3-тапсырма.** Кісілік қасиетке ие бабаларымыздың ерекшеліктерін санамалап көрсетіңдер. «Кісілігі мол адам» деп қандай адамды айтуға болады? Пікір алысыңдар.



**4-тапсырма.** Мәтіндегі «Алдыңа келсе, әкеңнің құнын кеш» деген сөздің мағынасын түсіндіріңдер.



**5-тапсырма.** Тәуелсіздіктің тұғырын нық ұстап, іргелі елге айналу үшін нені жаңғыртып, неден арылу керек? Мәтін мазмұны негізінде екі бағанға жазыңдар.

Жаңғырту керек	Арылу керек



### Ауызекі сөйлеу стилі

Адам өз ортасымен күнделікті түрлі қарым-қатынаста болады. Сол арқылы тіршілік жасайды, білім, тәжірибе жинайды, жетіледі, өседі. Ал қарым-қатынас, негізінен, ауызша тілдесу арқылы жүзеге асады. Ауызша сөз ерекше сипатта құрылады. Ол стиль *ауызекі сөйлеу стилі* деп аталады.

Ауызекі сөйлеу стиліне тән ерекшеліктер:

- 1) адамдардың бетпе-бет кездесуі үстінде жүреді;
- 2) адамдардың жұмыс жөнінде пікірлесуіне, ой бөлісу әрекетіне тікелей қызмет етеді.

Тілдесудің осы жағдайларына сай ауызекі сөз ықшам құрылады, эмоциялы болып келеді, арнайы мәнермен айтылады.

Ауызекі сөзге ерекшелік беріп тұратын лексикалық тұлғалар бар. Олар:

- 1) жергілікті сөздер (кәсіпке байланысты сөздер, диалект сөздер): *шырпы, сым, жанығу, нән* т.б.;
- 2) қарапайым сөздер (оның ішінде, ренішке, ұрсуға байланысты сөздер де бар): *көзі ашық (сауатты), епсектік (икемдік)* және т.б.;
- 3) жекелеген адамдардың көпке ортақ сөздерге ерекше форма, мағына беріп қолдануы. Мысалы: – *Әй, Рүстембай-ай, бұл көсеуді мен санге асынып жүр дейсің бе?* (А.Нұрманов.) Бұл жерде *көсеу* сөзі *мылтық* мағынасында алынған.

Сондай-ақ ауызекі сөйлеуде:

- 1) сұраулы сөйлемдер көп қолданылады;

2) толымсыз сөйлемдер жиі қатысады. Мысалы: – *Қораға кім келді? – Жылқышы;*

3) сөйлемдердің «*Келмегенде ше?! Көргенде қандай! Қайдан үлгерсін! Қайдағы піскен!*» тәрізді үлгіде құрылған түрлері көп жұмсалады;

4) сөйлемдерде қысқарып құрылған сөздер көп кездеседі: *алып – ап, келіп – кеп, келгенмін – келгем, барғанмын – барғам.*

Бұл тілдік тұлғалар ауызекі сөздің қысқа, эмоциялы болып, екі, үш не одан да көп адамның қатысуымен диалог түрінде құрылуын қамтамасыз етеді.



**6-тапсырма.** Мәтінді оқып, әңгіменің айтылу мәнеріне назар аударындар.

«Қоянды» колхозының тірлігі соңғы он бес жылдың ішінде бір оңбай қойды. Мұзға құлаған түйедей бір аяғын әзер жинағанда, екінші аяғы тайып, әбден қалжырап, болдырып, өмірден күдерін үзіп, тұралаған халге жетті.

Істері аяға баспай қойған соң ауыл қариялары мен басшылары бірігіп мал сойып, тасаттық<sup>1</sup> жасады. Аяқ жететін жердегі көріпкелдермен ақылдасып, балгерлерге бал аштырды. Олар да мандытып<sup>2</sup> ештеңе айта алмады. «Облыс орталығында бір көріпкел тұрады екен, ол алақандай колхоз түгілі бүкіл бір ауданның он жылдық өмірін қолмен қойғандай айтып бере алады-мыс» деген қауесет жеткенде, бүкіл ауыл боп ол жаққа Азнабайды шұғыл аттандырды. Ол қайтып оралғанда, ауыл боп алдынан шығып:

– Не жақсылық бар, көріпкел не айтты? – деді басқарма мүшелері ең басты сауалға бірден көшіп.

– Елдерінде бір рет су тасқыны болады, үш әйел дүниеге егіз бала әкеледі. Басқа планетадан адамдар келеді. Сақ боп жүрмесеңдер, біреуіңді алып кетеді, – дейді.

– Немене, немене? – Бастық оған төне түсті. – Мына кісі не деп лағып кетті. Оу, біз сізді облыс орталығына жібергенде, бұл колхозда қанша әйел егіз табатынын білу үшін жіберген жоқпыз ғой. Тіпті оны бізге білудің қажеті қанша? Экономикамыз қашан көтеріледі, эко-но-микамыз?! Одан да соны нақтылап сұрамадыңыз ба?

– Сұрадым.

– Иә, не дейді?

– Мен экономист емеспін. Оны білгілерің келсе, шетелде аты жер жарған бір көріпкел тұрады, соған барындар, – деді.

– Ол қай жерде екен?

<sup>1</sup> *тасаттық* – бұл жерде: қиын жағдайға ұшырағанда Тәңірден тілек сұрап, мал сойып, құрбан шалу салты

<sup>2</sup> *мандытып* – жарытып

## 1-бөлім

– Білмеймін. Мына қағазға адресін жазып берді.

Азнабай бастыққа тілдей қағаз ұсынды. Бастық қағазға үнілді. «Австрия. Вена. Вагнерштрассе, 42. Эрхард Мария Глоба». Бастық қағаздан басын көтеріп:

– Бұл еркек пе, әйел ме өзі? – деді.

– Білмеймін. Барғанда бір-ақ көреміз.

– Немене, енді сонда бармақсыз ба?

– Валюта болса, барып қайтқанға не жетсін.

Бір айдан соң ауыл улап-шулап Азнабайды Австрияға шығарып салды.

Азнабай шетелде бір жарым ай жүріп келді. Оны өлдіге санап, енді іздеу салғалы отырғанда, ол кенет екі кештің арасында су жаңа «Мерседеспен» сап ете қалды. Кешегі қатқан қайыстай Азнабай жоқ, беті жылтырап, мұрты майланып қапты. Басынан аяғына дейін шыттай шетелдік киім.

– Сонымен, әлгі Глоба не айтты? – деді колхоз басқармасы шыдай алмай.

– Ой, ол туралы кейін, – деді Азнабай жұртты таңғалдырып. – Алдымен мен неге кешіктім, соны сұрамайсындар ма?

– Иә, соны айтшы, – деп итінді<sup>1</sup> шалдар жағы.

– Ойбо-ой, бұ қазақемнің де жүрмейтін жері жоқ екен ғой. Әлгі жерге барып түскен күні ертесіне қолыма әлгі адресті алып, ал кеп іздейін, ал кеп іздейін. Олар қазақша білмейді, мен шетелше білмеймін, ай, қор болдым ғой. «Осы жалпақ елде нежойлы<sup>2</sup> қазақша білетін бір адам табылмас дейсің» деп көрінген қара адамды тоқтатайын. – Әй, қазақша білесің бе? – деймін. Олар басын шайқап күледі де кете береді. Содан бір күні... О, Құдай-ау десенші, пендесін өлтірмейін десе Алла есебін табады екен ғой. Бір күні үмітім үзіліп, қонакүйге қайтып келе жатыр едім, әп-әдемі бір жігіт мәшине сүртіп тұр екен. Қолыммен ымдап әлгі қағазды соған көрсеттім. Ол оқып қарады да, «білмеймін» дегендей басын шайқады. «О, Құдай, енді елге не бетімді айтамын» деп күрсініп едім, әлгі жігіт мені бас салып құшақтай алғаны. «Бауырымдап» көзіне жас алды. Сөйтсем, ол қазақ екен. Үйіне ертіп барды. Әкешешесімен таныстырды. Ұзақ таңға елдің жағдайын айттым, олар бала-шағасымен ауыздарын ашып еліте тыңдады<sup>3</sup>. Ол жерде отыз

<sup>1</sup> итінді – алға қарай ұмтылды

<sup>2</sup> нежойлы – орыс тіліндегі «неужели» сөзінің жергілікті қолданыстағы нұсқасы

<sup>3</sup> еліте тыңдау – ұйып тыңдау

шакты казак семьясы тұрады екен. Бәрі бірінен соң бірі қонақ қылып, бір ай уақытым соған кетті.

– Иә, сонымен, әлгі көріпкелге жолықтыңыз ба, соны айтшы, – деді бастық.

– Әлгі адресті әлгі жігіт алды да, екі күн жоқ болып кетті. Үйде отыра беріңіз, өзім тындырып келем деді. Сонан соң оған жолыққанда не айтатынын түсіндірдім. Көріпкелге жолығу қиынға соғыпты. Есігінің алды топырлаған адам дейді. Бәрі ертең не боларын болжап беруін өтінетін көрінеді. Ол жігіттің әңгімесін тындап болыпты да, міне, мына қағазды жазып беріпті. Оны аудартып та алдым.

– Ойбай, бағанадан бері соны айтпайсыз ба? – деп, бастық оның қолындағы бір парақ қағазды жұлып алды. Онда бір-ақ ауыз сөз жазылыпты: «Жұмыс істеу керек»...

*Д. Исабеков. «Жүзжылдық арман»*

 **А** Мәтінді стильдің қай түріне жатқызуға болады? Тілдік бірліктеріне сүйене отырып дәлелдендер.

 **Ә** Мәтіннің жанрлық ерекшелігін анықтаңдар.

 **Б** Мәтінді әсерлі жеткізіп тұрған сөздер мен сөз қолданыстарын (тұрақты тіркестер, теңеулер, эмоция үстеп тұрған құрылымдар) тауып жазып, мағынасын түсіндіріңдер.

 **7-тапсырма.** Мәтіннен ауыл адамдарының аңғалдығын, сенгіштігін көрсететін ойды табыңдар. Сол мінез-құлық жайлы пікір алысыңдар.

 **8-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сүйене отырып, ауыл адамдарының «жүзжылдық арманын», оған жету жолын үш сөйлеммен жазыңдар.

 **9-тапсырма.** Әңгіменің мазмұнын есте сақтау үшін жоспар құрыңдар. Сол жоспар бойынша әңгімені өзгеден естігендей етіп (3-жақта) айтып беріңдер.

 **10-тапсырма.** Әңгіменің мазмұны мен идеясын сақтай отырып, он-он бес сөйлеммен жазып көріңдер.

## Мұны да білген жөн!

### Дамыған 30 ел

«Қазақстан – 2050» стратегиясының басты мақсаты – Қазақстанның әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына кіруі. Біз айтып жүрген дамыған 30 ел қайсы?

Дамыған елдерді жан басына шаққандағы табыс көлемімен, индустриалды дамуымен анықтайды. Дамыған елдерде дүниежүзі халқының 15 пайызы тұрады.

## 1-бөлім

Әлемде шамамен 32 дамыған ел бар. Дамыған елдердің санатына Аустралия, Австрия, Бельгия, Ватикан, Ұлыбритания, Германия, Грекия, Дания, Исландия, Ирландия, Израиль, Испания, Италия, Біріккен Араб Әмірлігі (БАӘ), Канада, Лихтенштейн, Люксембург, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Норвегия, Португалия, Сан-Марино, Сингапур, АҚШ, Тайвань, Финляндия, Франция, Швеция, Швейцария, Оңтүстік Корея, Жапония, Ресей жатады.


Ал неге Қытай бұл тізімде жоқ дейтін болсақ, дамыған елдің негізгі критерийлеріне жауап бере алмағандықтан деп есептеуге болады. Өйткені бұл елде жан басына шаққандағы табыс көлемі дамыған елдердің санатына қосылуға мүмкіндік бермейді.

«Айқын» газетінен

## ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТҰҒЫРЫ БОЛАР ТҰЛҒАЛАР



**1-тапсырма.** Мәңгілік елдің иесі қандай болуы керек? Пікір алысыңдар.



**2-тапсырма.** Үнтаспадан 3-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Ғылымды қандай адамдар дамытады?
2. Қазақ халқы адамдарды қабілетіне қарай қалай бөлген?
3. Қытайлар ше?
4. Әл-Фараби қалай жіктеген?
5. Әл-Фарабидің пікірінше, жаңалық ашатын, елдің өркендеуіне үлес қосатындар кімдер? Қазақтардың айтуынша, кімдер? Қытайлардың ойынша, кімдер?



Ә Ой сәйкестігін көрсетіп, анықтама беріңдер.

түк ойлап, түк шешпейтіндер	Адам	әкеге жете туғандар
алдын ала ойлап, бәрін шешетіндер	құл	әкеден өте туғандар
артынан ойлап, артынан шешетіндер	хайуан	әкеден кейін кете туғандар



Б Әл-Фараби бабамыз бен екі халықтың танымын салыстыра отырып, дарынды адамға анықтама беріңдер.



3-тапсырма. Дарындыны данаға, дананы данышпанға жеткізуге ұмтылған елдер кімдер? Ол елдер қандай шаралар жүргізіп жатыр?



4-тапсырма. Мәтінде дарындыларды қалай атайды? Оған кімдерді жатқызады? Мәтінде кездесетін *таңірқұты* сөзінің мәнін түсіндіріңдер.



5-тапсырма. Мәтіндегі автордың мақсатын, идеясын топ болып анықтаңдар.



### Публицистикалық стиль

*Публицистикалық стиль* жұртқа үндеу, үгіт айтуда пайдаланылады. Мұндай үндеуге, үгітке қоғам үшін және дәл сол кезеңде зор мәні бар мәселелер тақырып болады. Осы міндетіне сай публицистикалық стильдің мынадай сипаттары қалыптасқан:

- 1) публицистикалық сөз өте жинақы, тұжырымды болып құралады;
- 2) сөз экспрессивті, екпінді болады;
- 3) сөз тыңдаушыларын коммуникативтік байланысқа тартатындай болып құралады.

Публицистикалық стильдің сипатына сай мынадай тілдік тұлғалар қатынасады:

- а) экспрессивті сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, сөйлемдер;
- ә) тақырыпқа сай терминдер, неологизмдер;
- б) толымсыз сөйлемдер;
- в) тыңдаушылардың көңілін аударатын қаратпа сөздер, сұраулы және лепті сөйлемдер.

Осы тұлғалар публицистикалық сөзге экспрессивтік екпін, ырғақ, жинақылық бейне береді.

Публицистикалық сөздің қоғамдағы мәні өте зор. Ол қоғам мүшелерін ұлы істерге жұмылдырады, ұлы идеяларды дәріптейді. Сондықтан публицистикалық сөздердің ерекше тарихи оқиғаларға байланысты туғандары, ерекше мәнділері, көркемдері ел есінде мәңгі қалған. Оның авторлары – атақты шешендер ұмытылмайды. Публицистикалық сөз зор талант, мол біліммен қатар дайындықты да талап етеді.

**6-тапсырма.** Мәтінді оқыңдар.

Әл-Фараби айтқан «құлдар» мен қазақ халқы айтқан «әкеге жете туғандар» – жалпы халықтың бес-он мөлшеріндей. Олар «құл» атанғанымен, мемлекеттің бүкіл жауапкершілігі солардың мойнында, билік те, тірлік те солардың қолында. Мемлекет несі – солар. Ал осы «құлдар» тобы екі жікке бөлінеді. Бірінші топтағылар – «мен қазақпын», «мемлекет несімін» деп айтаын тұлғалар, яғни ақыл, ес, сезім иелері. Сарапшылар, ізденгіштер, жетекшілер, өзі ғылым ашпаса да, басқаның ашқан жаңалығын бұлжытпай айта білетіндер: зерттеушілер, ақын-жазушылар, әншілер, күйшілер, суретшілер, алуан түрлі мамандар. Жалпы, зиялы қауым – қазақ ұлтының ұйытқылары. Олар – өз Отанының, өз ұлтының адал ұлы, адал «құлы» бола білетін тұлғалар, «Өмірім – елімдікі, өлімім – өзімдікі» дейтін текті құлдар.

Құлдардың екінші тобы – тексіз құлдар. Олар – алааяқтар, жағымпаздар, мақтаншақтар, қуыскеуделер, жарамсақтар <sup>1</sup>, жәдігөйлер <sup>2</sup>, жымысқылар <sup>3</sup>, ұры-қарылар, жемқорлар, алыпсатарлар, жылпостар, екіжүзділер, мансапқұмарлар, ақшаға, атаққа елін, жерін, ұлтын, намысын сатқан тексіз құлдар. Әл-Фараби бабамыз айтқан «құлдар» ішіндегі тексіздер – өзінің тексіздігімен тарих бетінде аты қалатын бақытсыз құлдар. «Мен қазақпын», «мемлекет несімін» дейтін, Қазақ мемлекетінің адал ұлы, адал құлы бола білетін текті тұлғаларды жетілдіру, тексіз құлдарға тыйым салу – тәуелсіз Қазақ мемлекетінің мәңгілік өтейтін қарызы мен парызы.

*Ж. Бабалықұлы*



**А** Мәтіннің қай стильге жататынын анықтап, оның қандай белгілері көрініс тапқанын түсіндіріңдер.



**Ә** Мәтіннен экспрессивтік өң беріп тұрған тілдік бірліктерді тауып жазып, талдаңдар.



**Б** Мәтіннің жазылу мақсатын анықтаңдар.

<sup>1</sup> *жарамсақ* – біреуге жақсы атанғыш, жағымпаз

<sup>2</sup> *жәдігөй* – көзбояушы, азғырушы

<sup>3</sup> *жымысқы* – білдірмей істейтін қулығы бар, арам, пасық



**7-тапсырма.** Құлдардың екі түрін екі бағанға бөліп, анықтама беріп жазыңдар.

Үлгі :

Текті құлдар	Тексіз құлдар
ізденгіштер –	алааяқтар –



**8-тапсырма.** «Текті құлдар» мен «тексіз құлдардың» ұқсастықтарын, яғни олардың «құл» атануын түсіндіріңдер.



**9-тапсырма.** «Қазақ ұлтының ұйытқылары – зиялы қауым» деген пікірді қалай түсінесіңдер? Зиялы қауым деген кімдер? Топ болып талқылаңдар.



**10-тапсырма.** Мәтінге сүйеніп, жүйелі жоспар құрыңдар. Жоспар бойынша мәтін мазмұнын өз сөздеріңмен баяндаңдар.

## ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ

*(Стиль. Ауызекі сөйлеу стилі. Публицистикалық стиль)*

**А. «Мәңгілік ел – мұратым» бөлімі бойынша алған білімдеріңді бекіту мақсатында сипаттамалық эссе жазыңдар.**

**Эссе** кіріспе, негізгі бөлім және қорытындыдан тұрады. Кіріспеде мәселе қойылады (қандай сұрақтарға жауап іздейтіндігі айтылады). Негізгі бөлімде көтерілген мәселені айқындап, оның туу, іске асу себептері көрсетіледі. Қорытындыда тақырып бойынша түйін жасалады.

**Сипаттамалық эссенің** мақсаты – адам, жер, зат, құбылыс т.б. кез келген нәрсені сипаттау. Детальдар арқылы сипатталған затты, нәрсені оқырманға жеткізу. Эссенің бұл түрінде талдау жасалып, сын пікір айтылмайды.

Ол үшін:

- 1) бөлім бойынша тыңдаған және оқыған мәтіндердегі негізгі мәселелерді анықтап жазыңдар;
- 2) сол мәселелерді ретімен бір-бірімен байланыстырыңдар;
- 3) эссе тақырыбын тандандар (тақырыпты тезис түрінде бір сөйлеммен беріндер (эсседе айтылатын ойды сыйғызу керек));
- 4) тезисті дәлелдемелермен толықтыру үшін, оқыған ақпараттарды еске түсіріңдер. Жаңа ақпарат қосуға тырысыңдар;
- 5) эссені жоспарлаңдар (жазуда қандай тәртіп сақтайтындарыңды ойластырыңдар);

## 1-бөлім

6) алдымен негізгі бөлімді жазып, қорытынды шығарындар. Бұл бөлімдерді бітірген соң, кіріспе жазындар;

7) жазғандарыңды оқындар (ой жалғастығын, азатжолдар құрылымының дұрыстығын тексеріңдер. Грамматикалық, стилистикалық кателер, сөз қайталау болмауын қадағалаңдар).

Ашық тест тапсырмаларының жауабын өздерің ойланып бересіңдер. Онда мүмкін жауаптар ұсынылмайды.

Жабық тест тапсырмаларының мүмкін жауаптары ұсынылады, сол жауаптардың біреуін немесе бірнешеуін таңдайсыңдар.

## Ә. Ашық тест тапсырмаларын орындаңдар.

1. Лебіз дегеніміз – ... ..
2. Лебіздің сөйлеушінің қойған коммуникативтік мақсатына сай түрі – ... ..
3. Адамдардың бетпе-бет кездесуі үстінде тілдесуі – ... ..
4. Сұраулы сөйлемдер, толымсыз сөйлемдер жні қолданылатын стиль түрі – ... ..
5. Тыңдаушының көңілін аударатын қаратпа сөздер, лепті сөйлемдер кездесетін стиль түрі – ... ..
6. Публицистикалық стильдің басты сипаты – ... ..

## Б. Жабық тест тапсырмаларын орындаңдар.

## 1. Іргелі кәсіпорын:

- а) жаңа ашылған кәсіпорын;
- ә) жан-жақты дамыған кәсіпорын;
- б) көп жыл жұмыс істеп келе жатқан кәсіпорын;
- в) ашық кәсіпорын;
- г) жабық кәсіпорын.

## 2. Ел тізгінін ұстайтындар:

- а) әкеден кейін кете туғандар;
- ә) әкеден өте туғандар;
- б) хайуандар;
- в) құлдар;
- г) түк ойлап, түк шешпейтіндер.

## 3. Дамыған 30 ел қатарына кірмеген ел:

- а) Австрия;
- ә) Сингапур;
- б) Жапония;
- в) Италия;
- г) Қытай.

4. «Өмірім – елімдікі, өлімім – өзімдікі» дейтіндер:

- а) адамдар;
- ә) хайуандар;
- б) тексіз құлдар;
- в) құлдар;
- г) текті құлдар.

5. «Мәңгілік ел» атану дегеніміз:

- а) тәуелсіз ел болу;
- ә) іргелі елдер қатарына қосылу;
- б) ынтымағы жарасқан ел болу;
- в) тұтас аумағы бар, ынтымағы, ғылымы мен экономикасы дамыған ел болу;
- г) қорғаныс қабілеті мықты, шегарасы бекітілген ел болу.

6. *Жылтос* сөзінің мағынасы:

- а) жылы шырайлы адам;
- ә) жылдам жұмыс істейтін адам;
- б) жылы сөзді адам;
- в) қу, тез өзгертін адам;
- г) үндемейтін адам.


2

# СТИЛИСТИКА ЖАҒАНДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

## ЖАҒАНДАНУ ЖӘНЕ ЕЛ ТАҒДЫРЫ



**1-тапсырма.** *Жаһандану* сөзін естігенде ойларыңа не келеді? Өз ойларыңды білдіріп, сызбаны толтырыңдар.



**2-тапсырма.** Үнтаспадан 4-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңдар.



**Ә** *Жаһандану*, *ғаламдану* ұғымдарының синонимдес болуын түсіндіріңдер. Қазіргі жастар жаһанданудың қай бағытына ден қоюда?



**Б** *Мәдениетті ел* мен *өркениетті елдің* аражігін ажыратыңдар.



**3-тапсырма.** Автордың (сұхбат берушінің) жаһандануға қатысты екіжақты пікірін жазып алыңдар. Неден сақтанып, неге ұмтылу керектігін есте сақтаңдар.



**4-тапсырма.** Өздеріңнің жаһандану жайлы ойларың мен мәтіндегі ойды салыстырыңдар. Не қостыңдар, не алдыңдар? (Жаһандану жайлы білімдеріңді толықтырыңдар.)



**5-тапсырма.** Мәтіндегі негізгі ойды жеткізу үшін сөйлемді аяқтаңдар.

1. Өзінді өзгеге ұқсату, соған еліктеу – ... ..
2. Өз мәдениетінді, тілінді, ой-пікірінді жетілдіру – ... ..



## Көркем әдебиет стилі

Көркем әдебиет оқиғаны сурет бейнесінде баяндайды, танытады: оқиға кейіпкерлердің іс-әрекеті, сөзі, мінезі, келбеті қатысып баяндалады. Оқиға болған күннің реті, жер жағдайы аталады. Мұны *оқиғаны образды түрде бейнелеу* дейді.

Көркем әдебиетте оқиғаны баяндауда автордың әсері, сезім күйі де суреттеліп беріледі. Осы жайлар көркем әдебиеттің ерекше баяндалу мәнерін – стилін қалыптастырады.

Қазақ көркем әдебиет стилінің қалыптасуына, дамуына халық ауыз әдебиеті, атақты ақын-жазушылар: Абай, Жамбыл, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов және т.б. зор үлес қосты.

Көркем әдебиет стиліне тән ерекшеліктер мынадай:

- 1) образды сөздер мол қолданылады;
- 2) экспрессивті сөздер мол болады;
- 3) мәтінге ритм, интонация әсерлілік құру үшін көп жұмсалады;
- 4) шығарма тартымды болу үшін синоним сөздер, грамматикалық амалдар көп пайдаланылады.

Көркем әдебиет стилінің бұл ерекшелігін ұлы Абай былай айтқан:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы.

Осы ерекшеліктері арқылы көркем әдебиет адамның көңіл күйін, сезімін оятады, көркемдік тәрбие береді, сөз мәдениетін ұштайды.



### 6-тапсырма. Мәтінді зерттей оқыңдар.

Жаһандану (ғаламдану) – қандай да болсын үдерістің, іс-әрекет барысының немесе мәдени-әлеуметтік құбылыстың бір ғана ұлт, халық, мәдениет, өркениет немесе құрылымдық шеңберімен шектелмей, бүкіләлемдік деңгейде көрініс тауып, манызға не болуын танытатын ұғым. Жаһандану – үдеріс, орын алып отырған, әлі өз мәресіне жетпеген, аяқталмаған іс. Ғаламдану құбылысын бірыңғай жағымды не бірыңғай жағымсыз үдеріс деп кесіп айту қиын.

Жаһандану – адамзатпен бірге келе жатқан үрдіс. Айтылуы жанаша болып көрінгенімен, оның түп-тамыры ежелгі тарих қойнауында жатқандығын байқауға болады. Кезінде Шыңғыс хан, Аттила (Еділ), Ескендір Зұлқарнайын сияқты тарихи тұлғалар жердүниені жаулап алып, өз үстемдігін жүргізіп, ортақ құндылықтарды әлемге таратпақшы болған.

Қазіргі кезде америкалық немесе батыстық мәдениеттің «мысы» басым болып тұр. Ал қалған елдер не Батыстың құндылықтарын, мәдениетін қабыл алып, Батыстың «жүрдек пойызының соңғы

2-бөлім

тектішегіне жабысады», яғни жаһанданады, не өздерін Батыс ықпалынан шығарып алу үшін томаға-тұйықтық, жабықтық стратегия ұстанады.

Осы тұста «Жаһандану заманында біз елдігімізді, мәдениетімізді, тілімізді сақтай аламыз ба?» деген сауал туындайды. Батыстың мәдениеті ықпалды болып тұрғаны рас. Бірақ осы Батыстан нені алып, нені алмауымыз керек? Жалпы, мәдениеттің өзі екі жолмен пайда болады. Біріншісі – дүниетанымнан келіп шығатын; ал екіншісі – ғылыми-техникалық дамудан келіп шығатын мәдениет. Біз Батыстан ғылым мен техниканың дамуынан келіп шыққан мәдениетті алуымызға болады. Тіпті ХХІ ғасырда қазақ жастары озық технологияның барлық қыр-сырын білуі тиіс. Мұны меңгерумен біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ал Батыстың дүниетанымынан келіп шыққан мәдениет бізге керек пе?

Ә. Қарабалаев



**А** Мәтін мазмұнын есте сақтау үшін, жоспарды ретімен орналастырыңдар.

- Жаһандану – адамзатпен бірге келе жатқан үрдіс.
- Жаһанданудың бүгінгі бағыты.
- Жаһандану заманында елдігімізді сақтау жолы.
- Жаһандану жайлы таным-түсінік.



**Ә** Жаһандану жайлы ойды (өз ойыңды және тыңдаған мәтіннен алған ойды) толықтыратын ақпараттарды атаңдар.



**Б** Мәтінде қандай стиль түрі басым көрінеді?



**7-тапсырма.** Сөз мәнін зерделейік! Түсіндірме сөздіктің көмегімен мәтінде кездесетін сөздер мен сөз қолданыстарының мағынасын түсіндіріңдер.

үдеріс	
үрдіс	
ортақ құндылық	
стратегия	

	мәресіне жетпеген
	батыстық мәдениеттің «мысы» басым
	жүрдек пойыздың текпішегіне жармасады
	томаға-тұйықтық стратегия ұстанады
	іргесі мықты ел



**8-тапсырма.** Кестенің екі жағындағы сөздер мен сөз қолданыстарын салыстырып, қай сөйлеу стиліне тән екенін анықтап түсіндіріңдер.



**9-тапсырма.** *Дүниетанымдық мәдениет* деген не? Ұлттық дүниетанымдық мәдениет пен батыстық дүниетанымдық мәдениеттегі қандай қайшылықтарды білесіңдер? Пікір алысыңдар.

### Мұны да білген жөн!

Еуропа мәдениеттімін деп мақтанғанымен, мәдениеті өнерінде ғана, ал мінезі хайуандық сапарынан қайтқан жоқ (*Ә.Бөкейхан*).

Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды (*А.Байтұрсынұлы*).



**10-тапсырма.** Мәтін мазмұнын айту және жазу үшін, бес негізгі сұрақ қойыңдар. Тезис жазыңдар.

## ЖАҒАҢДАНУДЫҢ МӘДЕНИ ҮРДІСТЕРГЕ ӘСЕРІ



**1-тапсырма.** Жаһандануға ұмтылған біздің ел нені тапты, нені жоғалтып жатыр? Пікір алысыңдар.



**2-тапсырма.** Ұнтаспадан 5-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтінде қандай мәселе көтерілген? Негізгі ойды анықтаңдар.



**Ә** Мәтін кейіпкерлерінің есімдерін, оқиға өтіп жатқан жер атауларын көрсетіңдер.

Лексей –

Ольга –

кержақтар орналасқан жер –

калың казак орналасқан жер –

орыстары өріп жүрген жерлер –



**Б** Мәтін мазмұнын баяндауға тірек болатын үш сөйлеммен жоспар құрыңдар.



**3-тапсырма.** Мәтін үзіндісін стильдің қай түріне жатқызуға болады? Сөйлем құрылысы мен сөз қолдануында қандай ерекшелік байқадыңдар? Түсіндіріңдер.



**4-тапсырма.** Сөз мәнін зерделейік! Түсіндірме сөздіктің көмегімен берілген сөздердің мағынасын анықтаңдар.

кержақтар –

шоқынғандар –

қаба сақалдар –

## 2-бөлім



**5-тапсырма.** Лексейдің өкініші мен мұқырлық қазақтардың Лексейдің осында көшіп келу себебін айтқан ойды еске түсіріп, жазыңдар. Мәтін мазмұнына сыни тұрғыдан баға беріп, оған ат қойыңдар.

**Ғылыми стиль**

*Ғылыми стиль* адамның ең озық интеллектуалдық әрекетіне қызмет етеді. Бұл – адамның ғылыми ізденісінен, зерттеуінен тапқанын ауызша немесе жазбаша жұртқа жеткізу мақсатында қалыптасқан стиль.

Ғылыми стильдің ерекше функционалдық міндеті бар:

- 1) ойды дәл, нақты әрі түсінікті етіп жеткізуді көздейді;
- 2) ойды тұжырымды түрде хабарлауға талпынады;
- 3) осы талаптарға жету үшін эмоцияға, экспрессияға көп жол берілмейді.

*Ғылыми стильдің тілдік көріністері.* Ғылыми стильдің функциялық бағыты оған арнаулы тілдік көрініс береді. Ғылыми стильде:

1) ғылыми ұғымдарды дәл атайтын, соған арналған терминдер мол орын алады;

2) процестерді, тұжырымды ойларды бір терминге келтіріп, түйіндеп айту негізгі тәсіл болады;

3) сөзді үйреншікті, тұжырымды ету мақсатында тұрақты үлгідегі (штамп) сөйлемдер, сөз тіркестері молынан жұмсалады;

4) сөйлемдердің мынадай құрылымдық түрлері көп жұмсалып, оған өзіндік ерекшелік береді:

а) баяндауыштары ауыспалы осы шақ формалы етістіктен жасалады. Мысалы: *Алюминий тез балқиды;*

ә) ырықсыз етістіктен жасалған баяндауыштар көп жұмсалады. Мысалы: *Бидай құнарлы жерге егіледі.*

Ғылыми еңбектер дүниедегі құбылыстарды, техникалық жұмыстардың барысын талдау, осыдан алынған мағлұматтарды жүйелеу, қорытындылау, заңдылықтарды ашу бағытында жазылады. Сондықтан ғылыми мәтін қатаң логикалық желімен құрылады.



**6-тапсырма.** Мәтінді оқыңдар.

Гарвардтың белгілі ғалымы Стэнли Хоффман «әлемде жаһандану қақтығысы жүріп жатыр» дейді. Оның пікірінше, жаһандану үш нысаннан тұрады. Біріншісі – экономикалық жаһандану. Ол – технологиялар, ақпарат, сауда, шетелдік инвестициялар<sup>1</sup> мен халықаралық бизнестегі революцияның жемісі. Басты ойыншылары компаниялар, инвесторлар<sup>2</sup>, банктер, жеке секторлар, сондай-ақ мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар болып табылады.

<sup>1</sup> *инвестиция* – белгілі бір өндіріске, экономиканың бір саласына ұзақ мерзімге құйылған қаржы

<sup>2</sup> *инвестор* – инвестиция жасаушы тұлға, мемлекет

Интеграциялану <sup>1</sup> олардың ортақ байлығын арттыруға мүмкіндік бергенімен, әлеуметтік әділеттілік қағидасына қайшы келді, яғни, табыс пен игілік тең бөлінбеді. Сондықтан мемлекеттер арасында және олардың ішінде теңсіздіктер орын алып, жаһандық бәсекелестікке қатысушылардың (мемлекеттер, ұйымдар т.б.) осы мәселемен айналысу мүмкіншілігін шектеді.

Келесі – мәдени жаһандану. Ол технологиялық революция мен экономикалық жаһанданудың негізінде дами отырып, мәдени тауарлардың еркін қозғалысына ықпал етті. Бұл жағдайда униформизация <sup>2</sup> (біркелкілік немесе «америкалану» деп жиі айтылып жүр) мен әртүрлілікті таңдау бар. Нәтижесінде, қайта жанғыру көрінісіндегі жергілікті мәдениеттер, тілдер біркелкілікке қарсылық танытып, өзіне тән ділі мен мәдениетін сақтап қалу жолдарының тетіктерін іздестіруде.

Соңғысы – аталған екі нысаннан тұратын саяси жаһандану. Онда АҚШ, олардың саяси институттары, сондай-ақ халықаралық және аймақтық ірі ұйымдар жетекші рөл атқарады. Тәртіпті қамтамасыз ету, көші-кон, әділеттілік сияқты салаларда кең тараған.

Кейбір ғалымдар «жаһанданудың артықшылығы бар» дейді. Оның дәлелі ретінде халықаралық бәсекелестіктің артуын, нарықтың кеңеюі мен жана технологияларды айтады. Ал жағымсыз жағы, экономикалық дамудың және әлеуметтік жағдайдың біркелкі болмауынан бірқатар кедей елдердің оған қол жеткізу мүмкіндігінің жоқтығы, яғни, артта қалу деңгейі, рухани мәдениеті әлсіз елдердің ассимиляцияға ұшырап, өзі-өзінен жойылып отыруы т.б.

XXI ғасырда адамзат баласы ғаламдық тұтастыққа, әлемдік бірігуге аяқ басуда.

*А. Арыстанбекова. «Жаһандану – объективті процесс»*



**А** Мәтін мазмұнын есте сақтап, жүйелі баяндау үшін (төрт-бес сөйлеммен) жоспар құрыңдар.



**Ә** Жаһандану жайлы алдыңғы сабақтарда айтылған ойды толықтыратын жаңа деректерді табыңдар.



**Б** Мәтіннің баяндалу стилін анықтап, сол стильге жатқызу себебін дәлелдендер.

<sup>1</sup> интеграция – халықаралық бірігу, өзара байланыстарды дамыту

<sup>2</sup> униформизация – барлық рухани дүниені, мәдениетті жою, біркелкі болу

## 2-бөлім



**7-тапсырма.** Сөз мәнін зерделейік! Терминдер сөздігін пайдаланып, мәтіндегі тірек сөздер мен терминдерге анықтама беріңдер.

Терминдер	Түсіндірмесі
экономикалық жаһандану	
мәдени жаһандану	
саяси жаһандану	
әлеуметтік әділеттілік	
технологиялық революция	



**8-тапсырма.** Мәтінді қайталап оқып, экономикалық жаһандану жайлы үш-бес сөйлеммен публицистикалық стильде шағын тезис жазыңдар.

Экономикалық жаһандану деген не? Оны іске асыратындар кімдер? Жаһанданудың бұл түрінің артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?



**9-тапсырма.** Мәдени жаһанданудағы униформизация қаупін түсіндіріңдер. Саяси жаһандануға ықпал етушілер кімдер және мұнда қандай үрдіс байқалады? Топ болып талқылаңдар.



**10-тапсырма.** Ғалымдардың жаһанданудың артықшылығын дәлелдейтін және кейбір елдердің оған қол жеткізудің қиындығы жайлы айтқан пікірін өз сөздеріңмен жазыңдар (бес-жеті сөйлеммен).

### Мұны да білген жөн!

• Ғылым – барша халыққа, бүкіл ұлт атаулыға ортақ интернационалды дәулет. Міне, осы ортақ та ұлы дәулет өткен екі мыңжылдықта, яғни, оның екінші жартысында, дәлірек айтсақ, соңғы XX ғасырда дамып, ғарышқа қадам басты. Бұл үрдіс бұдан әрі жалғаса бермек.

• Басқа жағынан алсақ, біраз күдік бар. Өйткені дүниежүзінің ірі-ірі оқымыстылары XXI ғасырдан аса үлкен жаңалық күтпейді. Себебі үлкен ғылымға апаратын бірден-бір жол – жалпыхалықтық білім. Ал оның жағдайы мақтанарлық емес.

• Осыдан 7-8 жыл бұрын жапон журналистері «орта мектепті бітірген АҚШ балалары өз аттестаттарын өздері оқи алмайды» деп жазған еді. Францияда әскер қатарына шақырылған 412 жігіттің 80 пайызы 70 сөзден тұратын мәтінді дұрыс оқып, дұрыс түсіндіре алған. Қалған 20 пайызы оны да істей алмаған.

Қ. Мырза Әлі. «Жазмыш»

## ҚАЗІРГІ ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР



**1-тапсырма.** Жаһандану үдерісінде жұтылып кетпеу үшін, біз неден арылып, неге ұмтылуымыз керек? Пікір алысыңдар.



**2-тапсырма.** Үнтаспадан б-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Өлеңді жазудағы ақынның мақсатын анықтаңдар.



**Ә** Бір тыңдағаннан есте қалған жаман/жақсы жайында айтыңдар.



**Б** Үнтаспаны қайта тыңдап, кестені толтырыңдар.

Жаманы	Жақсысы
көше берген	жерді, даланы кымаған



**3-тапсырма.** Кестедегі жаман мен жақсыны салыстыра отырып, «қай жаман» «қай жақсыға» себеп болғанын анықтаңдар. (2 жаман 2 жақсының себебі. Демек, жаман да болса жақсы.)



**4-тапсырма.** Өлеңдегі сөз қолданыстарын өз сөздеріңмен түсіндіріңдер.

*Үлгі* : жел сөзге ерген – өтірік, өсекке сенгіш (сөзге жақын болған)

тілге ерік берген –	шаруасын мандытпаған –
кетпенге орашолақ –	шыр бұзбаған –
кешігіп әліппе ашқан –	кулықпен жанды ұтпаған –



**5-тапсырма.** Автор «жақсы» санап отырған «сүйгенін алып қашу» дегенге өз көзқарастарыңды білдіріп, пікірталас ұйымдастырыңдар. (Пікірталас кезінде бір-бірінді тыңдай білу мәдениетін сақтаңдар.) Сүйгенді алып қашу жақсы ма, әлде жаман ба? Жаһандану кезеңінде қай «жақсымызды» рухани жаңғыртуымыз керек? Өлеңді жаттап, мәнерлеп айтыңдар.

## Ресми ісқағаздар стилі

*Ісқағаздар* дегеніміз – жеке адамның, ұжымның, фирмалардың, мекемелердің атқаратын қызметіне байланысты жазбаша (ауызша) қарым-қатынас құралы. Ісқағаздардың мынадай түрлері бар:

1) мекемелердің, ұйымдардың ісін, қызметін үйлестіретін құжаттар: *бұйрық, ереже, нұсқау, хаттама, хабарландыру, мінездеме* және т.б.;

2) мекемелердің өзара іс жөніндегі қарым-қатынасын үйлестіретін құжаттар: *іс хаттары, қатынас қағаздары, келісімдер, шағымдар* және т.б.;

3) жеке адамдардың өзара алыс-берісін, іс келісімдерін деректейтін құжаттар: *шарт, сенімхат, тілхат, қолхат* және т.б.

## 2-бөлім

Ісқағаздардың адам өміріндегі орны ерекше. Ісқағаздар мазмұны дәл, анық жазылады. Оның құрылысы (композициясы) белгілі бір тәртіп бойынша ұйымдастырылады, мәтін қысқа құралады. Мәтіннің қарым-қатынас иелеріне ортақ қалыптасқан үлгісі болады.

Құжаттарды жазуда мемлекет дайындаған арнаулы нұсқау басшылыққа алынады. Құжаттарға қойылатын осы талаптарды орындау үстінде ісқағаздардың стилі қалыптасты.

Ісқағаздар стилінің ерекшеліктері:

- 1) мәтін жинақы құрылады;
- 2) сөйлемдегі сөздер базистік (негізгі) тәртіпке сай орналасады, инверсия өте сирек ұшырасады;
- 3) экспрессивті сөздер қатыспайды;
- 4) баяндау түрінде жазылады.

Ісқағаздардың басында, соңында қағаздың жіберілу мерзімі міндетті түрде цифрмен (араб цифрымен) көрсетіледі.

Ісқағазының мазмұнына байланысты мазмұнының ішінде келетін сандар цифрмен де, әріпті жазумен де көрсетіледі. Бірден онға дейінгі сандарды әріпті жазумен таңбалаған дұрыс.



### 6-тапсырма. Мәтінді зерттей оқыңдар.

– Биылғы форум жаһандық сын-тегеуріндерге лайықты жауап табу мәселелерін қарастырады. Форумда осы салалардың білікті мамандары жиналып отыр. Олардың сөзін тыңдау, ұсыныстарын пайдалану біз үшін қашанда маңызды, – деді Елбасы.

– Ғаламшар тұрғындары саны жылдам өсіп келеді... Каркынды демографиялық өзгерістерге байланысты туындаған мәселелер тиісінше күрделі шешімдердің қабылдануын талап етеді. Үстіміздегі ғасыр ортасына қарай Жер шарын мекендейтін 10 миллиард халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін қазіргі деңгейден 60 пайызға көп азық-түлік өндіруге тура келмек. Ал ғаламшардағы базалық ресурстың шектеулі екендігін, әсіресе таза су тапшылығының жыл санап артып бара жатқанын ескерсек, бұл – онай міндет емес. Бұл проблеманы еңсеру үшін ауылшаруашылық секторын экономиканың ең озық технологиялық саласына айналдыру керек.

Таяу болашақта әдеттегі еңбек күшінің 80 пайызын роботтандырылған жүйелер алмастыратын болады. Қазіргі таңда кәсіпорын үшін жұмыс күшінің арзандығы емес, білікті қызметкерлердің болуы маңыздырақ. Бұл мәселенің басты шешімі – білім беру жүйесін реформалау. Білім беру ісінде креативті ойлау, қажетті ақпаратты таба білу, оны ұтымды пайдалану машықтарын үйретуге көшу керек. Техникалық прогрестің жылдамдығы қазіргі адамнан бірнеше мамандықты меңгеруді және өмір бойы білім

алуды талап етеді. Біз бұл сынаққа дайындалдық және әлі де дайындық үстіндеміз.

Көз алдымызда экономиканың жаңа моделі қарқынды түрде құрылуда. Бизнес қана емес, сонымен қатар қоғамның барлық саласы цифрландыруға бет алды. Қазір өндірісті қадағалайтын әрі жақсартатын, өзін-өзі жетілдіретін электронды жүйелер үйреншікті құбылысқа айналып келеді. 2030 жылға қарай жасанды интеллект әлемдегі экономиканы 16 триллион долларға арттырады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының болжамына сәйкес, 2050 жылға қарай ірі қалаларда тұратын халық саны 7 миллиард адамға жетеді. Осылайша мегаполистер дәуірі туады, олардың арасында өзара бәсекелестік болады. Инвестиция, үздік ақыл-ой, технологиялар үшін күрес жүріп, оған қол жеткізу үшін барлық жағдай жасалады. Экономика үшін идея мен білімнің маңыздылығы одан әрі арта түседі, – деді Ұлт көшбасшысы Н.Назарбаев.

*«Егемен Қазақстан» газетінен*

 **A** Әлемдегі жаһандық мәселелерді мәтіннен тауып, ретімен орналастырыңдар.

- |        |        |
|--------|--------|
| 1) ... | 3) ... |
| 2) ... | 4) ... |

 **Ә** Мәтіндегі жаһандық мәселелер жаһанданудың үш нысанының қайсысына жатады? Өз ойларыңды дәлелдендер.

 **Б** Мәтінде айтылған жаһандық мәселелер жаһанданудың қауіпті жағы ма, артықшылығы ма? Пікір алысыңдар.

 **7-тапсырма.** Берілген мәтіннің негізгі стилін анықтап, өз шешімдеріңді дәлелдендер.

 **8-тапсырма.** Мәтіннен ісқағаздар стилінде жазылған пікірді анықтаңдар. Ісқағаздар стиліне тән қандай ерекшеліктерді байқадыңдар? Мәтіндегі тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер.

 **9-тапсырма.** Мәтіндегі ақпаратты пайдалана отырып, «Әлемге ортақ жаһандық мәселелер, олардың туындау себептері» деген тақырыпта шағын ойтолғау жазыңдар.

 **10-тапсырма.** «Мұны да білген жөн!» айдарындағы жаһандық мәселелерді шешуге қатысатын халықаралық ұйымдар мен азаматтық ұйымдарды бөліп жазып, қысқарған атаулардың мәнін түсіндіріңдер.

**Мұны да білген жөн!**

• Әлем мемлекеттерінің жаһандық мәселелерді шешуге қатынасу жолдары БҰҰ, ЕЫҚҰ, ШЫҰ, ДСҰ сияқты халықаралық ұйымдар арқылы жүргізілсе, жаһандық қауіптерге қарсы мәселелер Гринпис, Халықаралық Қызыл Крест, шегарасыз дәрігерлер, азаматтық ұйымдар арқылы жүргізілуде. Мемлекеттер мен халықтар жаһандық мәселелерді бірлесіп шешу мақсатында әлемдік қауымдастық құрып отыр. «Әлемдік қауымдастық» ұғымын алғаш рет ресми түрде АҚШ Президенті Ричард Никсон 1969 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында сөйлеген сөзінде қолданған. Ол «Бүкіл тарихи ғұмырымызда біз бірінші рет әлемдік қауымдастық болып отырмыз», – деп көрсетті. Әлемдік қауымдастықтың мақсаты – әлемдік тәртіптерге әсер ете отырып, әлемдік бейбітшілік пен адамзатты сақтау.

«Егемен Қазақстан» газетінен

**ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ**

(*Көркем әдебиет стилі. Ғылыми стиль. Ресми ісқағаздар стилі*)

А. «Жаһандану мәселелері» бөлімі бойынша алған білімдеріңді бекіту мақсатында анықтамалық эссе жазыңдар.

**Анықтамалық эссенің** мақсаты – белгілі бір ұғымның мәнін ашу. Ол үшін хабарлау, сипаттау, талдау элементтерін қолданып, ұғымның мағынасын түсіндіру қажет.

Ол үшін:

1) бөлім бойынша тыңдаған және оқыған мәтіндердегі мәселелерді еске түсіріп, ретімен жазыңдар;

2) эссе тақырыбын таңдаңдар (анықтамалық эссеге сай болсын);

3) эссе тақырыбына сай, оқулықтағы мәтіндерге қосымша ақпарат жинаңдар;

4) эссені жоспарлаңдар (Қандай мәселе қарастырасыңдар? Ол жайлы қандай пікірлер, мысалдар, дәлелдер келтіресіңдер? Қарастыратын мәселеге сендердің пікірлерің қандай?);

5) жоспарға сүйене отырып, эссе жазыңдар (қай бөлімнен бастап жазатындарыңды өздерің таңдаңдар);

6) жазған эссені оқып, тексеріңдер.

Ә. Ашық тест тапсырмаларын орындаңдар.

1. Көркем әдебиет оқиғаны ... баяндайды.

2. Көркем әдебиет стиліне тән ерекшеліктер: ... , ... , ... .

3. Ғылыми стильдің ерекшеліктері: ... , ... , ... .

4. Ғылыми стиль ... қызмет етеді.

5. Ресми ісқағаздар түрлері: ... , ... , ... .

6. Ресми ісқағаздардың ерекшеліктері: ... , ... , ... .

### Б. Жабық тест тапсырмаларын орындаңдар.

1. *Жаһандану* дегеніміз:

а) Батыстың жүрдек пойызының соңғы текпішегіне жабысу.

ә) Батыстың ықпалына түспеу үшін томаға-тұйықтық стратегия ұстану.

б) Батысқа еліктеу, соған ұқсауға ұмтылу.

в) Басқа мәдениетті, басқа тілді, өзге дінді қабылдау.

г) Өз дүниетанымың мен мәдениетінді сақтай отырып, озық технологияның барлық қыр-сырын меңгеру.

2. *Жаһандану – бүкілғаламдық, әлі мәресіне жетпеген үдеріс.*

Сөйлемдегі *үдеріс* сөзіне мағыналас сөз:

а) өзгеріс;

в) құбылыс;

ә) жылдамдық;

г) айналым.

б) үзіліс;

3. *Жаһандану – адамзатпен бірге келе жатқан үрдіс.*

Сөйлемдегі *үрдіс* сөзіне мағыналас сөз:

а) сенім;

в) жағдай;

ә) әдет;

г) жылдамдық.

б) дәстүр;

4. *Қазақшасы ұзақ... Тіл сынады.*

Соңғы сөйлемнің беретін мағынасы:

а) сауаттылыққа үйретеді;

ә) айту қиынға түседі;

б) айтқым келмейді;

в) бос сөйлегім келмейді;

г) түсіндіре алмаймын.

5. *Шаруасын мандытпаған* тіркесінің мағынасы:

а) жұмысын жарытпаған;

ә) жұмысты тиянақты жасай білмеген;

б) жұмыс істегісі келмеген;

в) жұмыс туралы ойламаған;

г) жұмысқа бармаған.

6. *Қажетті ақпаратты таба білуге машықтандыру керек.*

Сөйлемдегі *машықтандыр* у сөзінің мәні:

а) үйрету;

в) тапқызу;

ә) білгізу;

г) дәлелдету.

б) әдетке айналдыру;

3

# СИНТАКСИС

## ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН. ЭКСПО-2017

### ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛ МҰРАТЫ



**1-тапсырма.** Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы жеті жетістігін санамалап айтыңдар.



**2-тапсырма.** Үнтаспадан сұхбатты тыңдаңдар (7-аудиомәтін).



**А** Сұхбат беруші атап көрсеткен негізгі үш «олжаны» жазып алып, есте сақтаңдар.



**Ә** Сұхбат берушінің тәуелсіздіктің жемісі санайтын құбылыстары сендердің ойларыңмен сәйкес келе ме? Сәйкес келмесе, қарсы пікір білдіріңдер. Сәйкес келсе, сол ойды дәлелдеп түсіндіріңдер.



**Б** Сұхбаттан алған мәліметке өздерің білетін Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін кеңейтіп жазыңдар.



**3-тапсырма.** Сұхбаттың стилін анықтап, өз пікірлеріңді дәлелдеңдер.



**4-тапсырма.** Берілген мақал-мәтел мен фразеологизмдерді сұхбатта айтылған үш жетістікпен немесе үш олжамен сәйкестендіріңдер.

- Атамекен – құтты қоныс.
- Елінен айырылған – ер жетім.

\* \* \*

- Айтқанға көніп, айдағанға жүру.
- Есесін жібермеу.
- Қолжаулық болмау.



**5-тапсырма.** Берілген жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдырыңдар. Сөйлемдердің салаласа немесе сабақтаса байланысқан құрмалас екенін және олардың қандай мағыналық байланыста тұрғанын анықтаңдар.

1. Қазіргі жастар өз ойын еркін айтады. Қажет нәрсесін қымсынбай сұрайды.
2. Қазақстан аумағының шегарасы құжатпен бекітілді. Түтіні тарқатылмаған жер дауы калмады.
3. Жастар өз істерін ашқысы келеді. Олардың көбі жеке бизнес жайлы жоспарлайды.



### Құрмалас сөйлемнің қалыптасып, дамуы

Күрделі ой мен күрделі пікірді білдіру үшін қызмет ететін құрмалас сөйлемдер көне жазба ескерткіштер тілінде, көркем әдебиеттерде, ғылыми және саяси еңбектерде жиі кездеседі. Құрмалас сөйлемдер – жай сөйлемдердің негізінде қалыптасқан кейінгілік құбылыс. Қазіргі әдеби тіліміздің барлық жанрында қолданылатын құрмалас сөйлемнің қалыптасып дамуы – бір күннің жемісі емес.

Құрмалас сөйлемнің алғашқы түрі бір-бірімен мағыналық және грамматикалық жағынан нашар байланысқан жеке, дербес жай сөйлемдердің өзара салаластық негізде қалыптаса айтылуынан пайда болған. Кейін сол салаластық негізінде сыңарлары әртүрлі дәнекерлер арқылы байланысқан жалғаулықты салалас сөйлемдер пайда болған. Содан кейін бір-біріне бағына байланысатын сабақтас сөйлемдер қалыптасқан. «Құрмалас сөйлемнің салаласа, сабақтаса байланысуына түрткі болған не?» деген сұраққа 1948 жылы жарыққа шыққан академик Н.Сауранбаевтың еңбегіндегі тұжырымын келтірейік: «Жай сөйлемдердің бірде тең дәрежеде салалас болып, бірде бір-біріне бағынып сабақтасып құрмаласуының ең негізгі себебі – адамның айналадағы табиғи құбылыстардың, өмірдегі оқиғалардың арасындағы байланысты аңдауы. Салаласып құрмаласқан жай сөйлемдердің арасындағы ішкі байланыс – құбылыстардың, оқиғалардың арасындағы ассоциация, аналогия, апперцепция принциптерімен жинақталып, ұласуға негізделген. Құбылыстардың арасындағы байланысты дәл, айқын ажыратып айтар болсақ, олар сабақтасып құрмаласар еді. Бір сөйлем екінші сөйлемге бағынғанда, сол өзі бағынған сөйлемдегі оқиғаның себебін, мезгілін т.б. анық білдіреді. Мысалы: *Күн де батты, жолайрыққа біздер де жеттік. Күн батты, біздер жолайрыққа жеттік. Күн батқанда, біздер жолайрыққа жеттік.*»



**6-тапсырма.** Мәтінді зерттей оқыңдар.

1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық Заңы қабылданды.

## 3-бөлім



Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін дербес мемлекет ретінде халықаралық аренаға шықты. 1992 жылы 2 наурызда БҰҰ-ға кірді. Сонымен қатар Халықаралық валюта қорының, Халықаралық қайта құру және даму банкінің, Дүниежүзілік банктің, Халықаралық даму ассоциациясының, Инвестицияға кепілдік беретін көпжақты агенттіктің, Инвестициялық таластарды шешу жөніндегі халықаралық орталықтың, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі болды. Әрине, ең алдымен, бұрынғы жүйенің құлауының зардаптарын, әлеу-


меттік-экономикалық күйреуі мен дағдарысты бастан кешірді. Соған қарамастан, Қазақ мемлекеті өркендеуде өз жолын таба біліп, өркеннетке өз үлесін қоса бастады.

Қазақстан ұлтаралық және конфессияаралық қоғам құрудың тиімді жолын қалыптастырды. Біздің республика этносаралық жанжалдарды қазір де, болашақта да болдырмауға болатынын бүкіл әлемге сенімді түрде дәлелдеді. Ұлтаралық түсіністіктің қазақстандық моделі қалыптасып, нәтижелі жұмыс жасап келеді.

1993 жылы 15 қарашада Ұлттық валюта – теңге айналымға шықты. Қазақстан Республикасы Конституциясында адамды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, нәсіліне, діни көзқарасына байланысты ешқандай кемсітуге болмайтындығы анық айтылған. Елімізде Президент қызметінің енгізілуі қоғамдық-саяси өмірде терең саяси реформалар жүргізуге мүмкіндік берді. 1996 жылдың 30 қаңтарынан бастап екі палаталы парламент жұмыс жасап келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарына еркіндік берілді. Тауар тапшылығы жоғалып, өнім сапасы жақсарды. Қазақстан Республикасының азаматтары экономикалық еркіндіктің арқасында меншік пелеріне айналды.

Бүгінге дейінгі барлық жетістікке тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Жиырма жылдан астам уақыт ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыс жасалды. Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз.

*С. Кәрігүлова*



**А** Мәтінді бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойыңдар.



**Ә** Мәтіннің жанры мен стилін анықтаңдар. Сол стильге, жанрға жатқызу себебін түсіндіріңдер.



**Б** Мәтін бойынша хронологиялық кесте жасап, оны есте сақтаңдар.

1	16.12.1991 ж.	«ҚР-ның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық Заң қабылданды.
2	02.03.1992 ж.	
3	15.11.1993 ж.	
4	30.01.1996 ж.	



**7-тапсырма.** Мәтінді қайта оқып, тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның жетістіктерін толықтырып айтыңдар.



**8-тапсырма.** Берілген сөйлемдерді салыстырып оқып, сөйлемнің түрін (жай сөйлем, құрмалас сөйлем) анықтаңдар. Сөйлем мүшелеріне талдау арқылы өз пікірлеріңді дәлелдендер.

1. Тәуелсіздік – тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы.

2. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң қабылданғаннан кейін ғана халқымыз өз мемлекеттігін, шынайы тарихы мен мәдениетін қайта түлетуге жігерлене, құлшыныспен кірісті.

3. Тауар тапшылығы жоғалып, өнім сапасы жақсарды.

4. Аз уақыт ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыс жасалды.



**9-тапсырма.** Мәтіндегі «Қазақстан ұлтаралық және конфессияаралық қоғам құрудың тиімді жолын қалыптастырды» деген пікірді толықтырып, нақтылаңдар. Оған дәлел ретінде елімізде құрылған қандай ұйымды білесіңдер? Ол қашан құрылды?



**10-тапсырма.** Мәтін бөліктерінің әрқайсысында қандай ақпарат айтылғанын есте сақтаңдар. Ол үшін әр бөліктегі негізгі ақпаратты үш жай сөйлеммен жазыңдар.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР



**1-тапсырма.** Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы бастан өткерген қиындықтары, оның себептері жайлы пікір алысыңдар.



**2-тапсырма.** Үнтаспадан 8-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Әбіш Кекілбаевтың пікірінше, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы басты қиындық не болды?

2. Оның себебін қалай түсіндіреді?

3. Осы үлкен қиындықты шешу үшін Қазақстан қандай қадамға тәуекел етті? (Осы қадамның жетістік деп саналуына өз пікірлерінді білдіріңдер.)



**Ә** Мәтінде кездесетін *ықпалдастық, ымырашылдық дипломатия, іскерлік әріптестік* ұғымдарын түсіндіріңдер.



**Б** Мәтіннің негізгі стилі мен оған араласа енген қосымша стильді анықтаңдар. Оны мәтіндегі сөз қолданыстары арқылы дәлелдеңдер.



**3-тапсырма.** Мәтінді қайта тыңдаңдар. Автор Қазақстанның тағы бір үлкен жетістігі санаған құбылысты анықтап жазып, оған өз пікірлеріңді білдіріңдер.



**4-тапсырма.** Сұхбат берушінің тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін баяндау тәсілін анықтаңдар. Мәтін мазмұнын сол тәсілмен (бес-жеті сөйлеммен) баяндаңдар.



**5-тапсырма.** «Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері» тақырыбына жинақы мәтін жазыңдар.



### Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары

Құрмалас сөйлем жай сөйлемдердің тіркесе салуы емес, бір-бірімен мағыналық әрі құрылымдық тығыз байланыстағы бір-біріне тәуелді күрделі мағыналық бір бүтін болып саналады.

Құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдерді байланыстыратын амал-тәсілдер: 1) мағына жақындығы; 2) арнайы грамматикалық тәсілдер (есімше, көсемше, шартты рай, септік жалғаулар, шылаулар тобы); 3) интонация мен орын тәртібі.

Құрамындағы жай сөйлемдер бір мағынаға, ойға ортақтаса отырып, жалпы мағыналық, интонациялық жағынан да тұтасып, бір бүтін құрайды. Мысалы: *Жақсының жүрген жері – базар, жаманның жүрген жері – азар* (мақал). *Аспанмен тірескен қақпа салып алсаң да, елдің аузына қақпақ қоя алмайсың* (Қ.Мырза Әлі).

**6-тапсырма.** Мәтінді зерттей оқыңдар.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы халықтың жаңа тұрмысын қалыптастыру жолындағы күрделі экономикалық реформаларды сәтті жүзеге асырды. Мұндай орасан зор өзгеріс оңайшылықпен келген жоқ. Жетпіс жылдан астам қалыптасқан сананы, дүниетанымды өзгерту міндеті де оңайға соқпады. Меншікке қатысты көзқарастың өзгеруіне өмірдің өзі түрткі болғандықтан, жаппай жекешелендіру экономикалық қайта құру жолындағы алғашқы батыл қадам болды. Сыртқы сауданы одан әрі ырықтандыруға<sup>1</sup> және елді дүниежүзілік шаруашылық жүйесіне енгізуге бағытталған сыртқы экономикалық қызмет реформасы табысты жүргізілді. Банк жүйесі батыл түрде реформаланды, халықтың банкке деген сенімі артты. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті еліміздің Қарулы Күштерін құрды, Семей ядролық полигонын жабу секілді ғаламдық маңызға ие шараларға қол жеткізді. Еліміздегі аса өзекті мәселелердің бірі саналатын тіл саясаты тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап парасатты байыптылықпен жүргізілуде. Дегенмен Қазақстан халқымынаны түсінуі керек: қазақ тілі – осы мемлекеттің негізгі қолданыс тілі. Бұл тіл осы мемлекеттен басқа ешбір елде дами алмайды, бұл тілдің басқа Отаны жоқ. Қазақстанды өз Отаным деп есептейтін әрбір азамат бұл тілді білуге міндетті.

Тек бірлік пен тұрақтылық жағдайында ғана келешек дамуымызға қатысты кең ауқымды міндеттер қоя аламыз. Мемлекет алдына әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарынан орын алу міндеті қойылды. Осындай секіріс жасау үшін барлық қоғамдық ресурсты топтастыру және жұмылдыру керек.

Қазақстан Республикасы ТМД мемлекеттері арасында бірінші болып ұзақ мерзімге арналған стратегиялық даму жоспарын таңдады. 1997 жылдың 11 қазанында «Қазақстан-2030» атты ұзақ мерзімді стратегиялық даму бағдарламасы жарияланды. Бұл бағдарламада еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының жақын арадағы және стратегиялық ұзақ мерзімдегі даму жолдары көрсетілді. Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, көршілес елдермен екі арадағы шегара дәйектілікпен бекітілді. Ғасырдан ғасырға созылған шегаралық дауға соңғы нүкте қойылды. Енді 1782 шақырымдық шегара сызығындағы белдеу халықаралық деңгейде мойындалған заңмен қорғалады.

Қазақ елінің дәл жүрегінен, Еуразия кіндігінен барша қазақстандықтың мақтанышы әрі ұлттық жетістігі – елордамыз бой көтерді.

<sup>1</sup> ырықтандыру – оңтайландыру, үйлестіру

## 3-бөлім

Табысты жүргізілген сыртқы саясаттағы жетістіктердің арқасында Қазақстан Республикасы БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ<sup>1</sup>, ИЫҰ<sup>2</sup> секілді беделді халықаралық ұйымдардың салмақты мүшесіне айналып қана қоймай, мемлекетаралық қарым-қатынастарда еліміздің мәртебесін көтеретін саяси оқиғаларға, тарихи кезеңдерге бастамашы болды. 2010 жылдың 1-2 желтоқсанында Қазақстан Республикасының төрағалығымен ЕҚЫҰ-ның 56 мемлекетінің басшылары елордада бас қосып, Астана доктринасын бірауыздан қабылдады. Мұндай тарихи маңызы зор оқиға еліміздің халықаралық деңгейдегі талассыз беделінің арқасында келгенін және қазақ дипломатиясының сыртқы саясаттағы табысты еңбегінің нәтижесі деп білеміз.

*С. Кәрігұлова*



**А** Мәтінді бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойыңдар.



**Ә** Әр бөліктегі негізгі ақпаратты тауып, үш сөйлеммен жазыңдар.



**Б** Мәтін бойынша хронологиялық кесте жасаңдар.

1	11.11.1997 ж.	
2		Ақмола қаласының ел астанасы болып жариялануы.
3	1-2. 12.2010 ж.	



**7-тапсырма.** Мәтін бөліктеріндегі негізгі ақпараттарды жинақтап, тұтас мәтін құраңдар.



**8-тапсырма.** Берілген құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын түсіндіріңдер.

1. Меншікке қатысты көзқарастың өзгеруіне өмірдің өзі түрткі болғандықтан, жаппай жекешелендіру экономикалық қайта құру жолындағы алғашқы батыл қадам болды.

2. Банк жүйесі батыл түрде реформаланды, халықтың банкке деген сенімі артты.

3. Қазақстан халқы мынаны түсінуі керек: қазақ тілі – осы мемлекеттің негізгі қолданыс тілі.



**9-тапсырма.** Мәтінде берілген негізгі ақпараттардың хронологиялық көрсеткішін тауып, толықтырыңдар. Мәтінді дәлелді ақпараттармен рет-ретімен баяндау арқылы өздерің қайта жазып шығыңдар. Жазбанда құрмалас сөйлемдер болсын.



**10-тапсырма.** Мәтіндегі негізгі ақпаратты есте сақтап, жүйелі баяндаңдар.

<sup>1</sup> ЕҚЫҰ – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы

<sup>2</sup> ИЫҰ – Ислам ынтымақтастығы ұйымы

## ЭКСПО-2017 КӨРМЕСІНІҢ МАҢЫЗЫ



**1-тапсырма.** ЭКСПО-ның Қазақстанға әкелген пайдасы мен зияны туралы пікір алысыңдар. Пікірлеріңді салыстырыңдар. Қайсысы басым болды?



**2-тапсырма.** Үнтаспадан 9-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. ЭКСПО-да нені көрдік, нені бағамдадық, нені үйрендік?
2. Көрмеден материалдық пайда түсіретіндер кімдер?
3. Автордың қай пікірімен келісесіңдер? Қандай жаңа пікір естідіңдер?



**Ә** «ЭКСПО Қазақстандағы туризм саласы үшін маңызды» деген тұжырымды дәлелдеңдер.



**Б** Мәтіннің жазылу мақсатын (ақпарат беру, әсер ету) анықтаңдар.



**3-тапсырма.** Елімізде өткен ЭКСПО-2017 көрмесі сендерге қандай ой салды? Пікір алысыңдар.



**4-тапсырма.** Мәтін негізінде ЭКСПО-ның Қазақстанға берген алты мүмкіндігін жазыңдар. Қай мүмкіндіктер жүзеге аспады? Оның себебін түсіндіріңдер.



**5-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сүйеніп және суретті пайдаланып, «ЭКСПО-2017 көрмесінің маңызы» тақырыбына бес-жеті сөйлеммен жинақы мәтін жазыңдар.



## Құрмалас сөйлемнің түрлері



### 6-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.



Астан ада өткен ЭКСПО-2017 көрмесінде мемлекеттер өздерінің энергетика саласындағы техникалық жетістіктерімен барша жұртты тәнті етті. Олар қазіргі кезде сұранысқа ие баламалы энергия көздерін алу мақсатындағы жаңа құрылғылармен таныстырды. Саркылмайтын энергия

көздері – күн сәулесі, жел, жерасты сулары арқылы энергия алу – болашақта адамзатқа қажетті ресурс түрі.

Көрмеге қатысқан мемлекеттердің баламалы энергетика саласындағы жетістіктері аз емес. Мәселен, Ұлыбритания өз елінде тұтынлатын энергияның 19 пайызын жанартылатын қуаттан алады екен. Сонымен қатар ағылшындар баламалы энергия үлесін алдағы 10 жыл ішінде 60 пайызға дейін арттыруды көздейді. Ал Коста-Рика бұл көрсеткішті қазірдің өзінде 90 пайызға дейін жеткізіп, жанартылатын энергия саласында жетекші мемлекетке айналып отыр.

2017 жылы еліміздің бас қаласында баламалы энергетика және «жасыл» экономиканы енгізу мен дамыту мәселелерімен айналысатын ғалымдардың, ізденушілердің әлемдік пулы<sup>1</sup> бас қосты. Шараның басты міндеті көрмеден соң астан аны баламалы энергетика

<sup>1</sup> әлемдік пул – барлық қатысушылардың табысы ортақ қорға түсетін уақытша бірігу

жөніндегі халықаралық хабқа<sup>1</sup>, жаһандық орталыққа айналдыру болды. Халықаралық көрме тарихында бұндай тәжірибе жоқ емес. Мәселен, 2008 жылы Испанияның Сарагоса қаласында өткен ЭКСПО тақырыбы су проблемаларына арналған болатын, ал көрмеден соң мұнда Халықаралық су орталығын құру туралы шешім қабылданды. Ендеше, елорданың да халықаралық болашақ энергия орталығына айналатын мүмкіндігі зор. Бұған еліміздің жағдайы толық келеді, мәселен, Қазақстанның Алтайдан Атырауға дейінгі алып жатқан Ұлы даласынан баламалы энергетиканың түрлі зертханаларын, сынақ полигондарын ашуға болады. Кең-байтақ далада күн мен жел әлеуетін игеруге мүмкіндіктер жеткілікті. Жанартылатын энергия көздері жөніндегі халықаралық агенттіктің мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстанның осы саладағы әлеуеті 1 триллион киловатт/сағатты құрайды екен. Соның ішінде Күннен жылына 2,5 миллиард киловатт/сағат алуға болады. Судан алынатын қуаттан да кенде емеспіз, техникалық мүмкіндіктер 62 миллиард киловатт/сағатқа бағаланады. Бұған Аркадағы және Жоңғар қакпасындағы үздіксіз соғатын желдің бере алатын қуатын қосыңыз.

Баламалы энергетикаға толығымен көшу қол жетпейтін дүние емес. Тек бұған тың технологиялар мен инвестициялар қажет, ал ондай технологиялар мен инвестицияларға астананың әлемге айқара ашқан ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі үлкен үлес қосқаны сөзсіз.

*Ж. Баққондыұлы*

-  **А** Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақтар қойыңдар.
-  **Ә** Мәтінді бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойыңдар.
-  **Б** «ЭКСПО-2017. Болашақ энергиясы» тақырыбының әлем назарын аудару себебін түсіндіріңдер.
-  **7-тапсырма.** Астанада өткен ЭКСПО-ның басты мақсаты не? Ол міндет орындалды ма? Пікір алысыңдар.
-  **8-тапсырма.** Астананың болашақ халықаралық энергия орталығына айналу мүмкіндігін мәтіндегі ақпаратпен түсіндіріңдер.
-  **9-тапсырма.** Сөз мәнін зерделейік! Мәтіннен түсініксіз, таныс емес сөздерді теріп жазып, мағынасын анықтаңдар.
-  **10-тапсырма.** Мәтіннен құрмалас сөйлемдерді теріп жазып, олардың жасалу жолын, түрін анықтаңдар.

<sup>1</sup> халықаралық хаб (ағылш. hub – торап, орталық) – қандай да бір халықаралық желінің торабы, орталығы

**ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ**

*(Құрмалас сөйлемнің қалыптасып, дамуы. Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары. Құрмалас сөйлемнің түрлері )*

**А.** «Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан. ЭКСПО-2017» бөлімі бойынша алған білімдеріңді бекіту мақсатында хабарламалық эссе жазыңдар.

**Хабарламалық эссенің** мақсаты – оқиғаны хронологиялық тәртіппен белгілі бір жақта, өткен немесе осы шақта жеткізу. Мұндай эсседе әрекет (болған, болып жатқан) жайлы айтылады немесе маңызды оқиға жайлы жеке пікірін жеткізеді.

Ол үшін:

1) бөлім бойынша оқыған және тыңдаған мәтіндердегі мәселелерді еске түсіріп, хронологиялық тәртіппен жазыңдар;

2) хабарламалық эссенің тақырыбын таңдаңдар («Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктер», «Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы он жылында», «ЭКСПО-ның елімізге әкелген пайдасы» т.б.);

3) эссені жоспарлаңдар (кіріспеде не жайлы қарастырылатынын, негізгі бөлімде нені ашып көрсету және қалай қорытындылау керектігін нақтылап алыңдар);

4) жоспарға сүйеніп эссе жазыңдар (кіріспе тым ұзақ болмауы, яғни жалпы эссенің 25–30 пайызын құрауы тиіс. Эссенің 60–65 пайызын негізгі бөлім алады. Бұл бөлімде дәлелдер, фактілер келтіріледі. Қорытынды бөлім эссенің 10 пайызын құрайды, онда «Кіріспеде айтылған мәселе бойынша не деуге болады?» сұрағына түйін жасалады);

5) жазған эссені оқып, тексеріңдер (екіұшты ойлар, сәтсіз алынған фразалар, негізсіз деректер, ой қайталаулары болмауын қадағалаңдар, емле қателерін тексеріңдер).

**Ә.** Ашық тест тапсырмаларын орындаңдар.

1. Н.Сауранбаевтың пікірі бойынша, жай сөйлемдердің құрмаласуының ең негізгі себебі – ... ..

2. Құрмаластың құрамындағы сөйлемдерді байланыстыратын амал-тәсілдер: 1) ... ; 2) ... ; 3) ... ..

3. Салаласа құрмаласқан жай сөйлемдер арасындағы байланыс ... негізделген.

4. Құбылыстар арасындағы байланыс дәл, айқын болса, олар ... құрмаласады.

5. Құрмаластың құрамындағы сөйлемдер санына қарай ... , ... бөлінеді.

6. Көпқұрамды құрмалас сөйлем түрлері: ... , ... , ... ..

**Б. Жабық тест тапсырмаларын орындаңдар.**

1. Қазіргі жастар өз ойын еркін жеткізе алады, қымсынбайды . Сөйлемдегі қымсынбайды сөзінің мәні:

- а) ерінбейді;                      б) жалықпайды;                      г) қорықпайды.  
 ә) ұялмайды;                      в) қауіптенбейді;

2. Тауар тапшылығы жоғалып, өнім сапасы жақсарды .

Берілген сөйлемнің түрі:

- а) жай сөйлем;                      в) салалас құрмалас сөйлем;  
 ә) сабақтас құрмалас сөйлем;                      г) көп сыңарлы сөйлем.  
 б) аралас құрмалас сөйлем;

3. Кіріптар болып отырған елге сенің талабың өте қоймайтыны белгілі . Сөйлемдегі кіріптар болу сөзінің мағынасы:

- а) орын алу;                      в) абыройлы болу;  
 ә) бағынышты болу;                      г) ісі түсу (күні түсу).  
 б) күні таусылу;

4. Банк жүйесі батыл түрде реформаланды, халықтың банкке деген сенімі артты және жекетұлгалардың банк жүйесіндегі салымдары өсті .

Берілген сөйлемнің түрі (2 дұрыс жауабы бар):

- а) екіқұрамды құрмалас сөйлем;  
 ә) көпқұрамды құрмалас сөйлем;  
 б) салалас құрмалас сөйлем;  
 в) сабақтас құрмалас сөйлем;  
 г) аралас құрмалас сөйлем.

5. Баламалы энергия көздері (2 дұрыс жауабы бар):

- а) мұнай;                      ә) газ;                      б) көмір;                      в) жел;                      г) су.

6. Құрмалас сөйлемдерді көрсет (2 дұрыс жауабы бар):

а) ЭКСПО кезінде әлемнің түкпір-түкпірінен жана технологиялар көрмеге қойылып, олардың жұмыс істеу принциптері көрсетілді.

ә) Біз жана технологияларды көріп, әлемдегі озық технологиялардың қалай дамып бара жатқанына куә болдық.

б) Астанада өткен ЭКСПО-ның тақырыбы – «Болашақ энергиясы».

в) Испанияда өткен ЭКСПО тақырыбы су проблемаларына арналған болатын, ал көрмеден соң мұнда Халықаралық су орталығын құру туралы шешім қабылданды.

г) Қазақстанның Алтайдан Атырауға дейінгі алып жатқан Ұлы даладан баламалы энергетиканың түрлі зертханаларын, сынақ полигондарын ашуға болатын еді.

## 4

# СИНТАКСИС

## АДАМ ҚҰҚЫҒЫ МЕН БОСТАНДЫҒЫ

### БОСТАНДЫҚТА ӨМІР СҮРУ – ӘР АДАМНЫҢ АРМАНЫ



**1-тапсырма.** «Бостандық», «еркіндік», «азаттық» сөздерінің аражігін ажыратыңдар. «Бостандықта өмір сүру» дегенді қалай түсінесіңдер?



**2-тапсырма.** Үнтаспадан 10-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мәтінде қандай адамдардың өмірі жайлы айтылған?
2. Бұжайдың, Иманқұлдың, Ерденнің, Әмірдің, Жүсіпназардың айыбы қандай?
3. Камерада «айыптылармен» бірге тағы кімдер отырды?



**Ә** Сөз мәнін зерделейік! Мәтін мазмұнын баяндауға қажет тірек сөздерді теріп жазып, түсіндірме сөздік жасауды жалғастырайық.

Тұтқын, айып, ... , ... ,



**Б** Оларды бостандықтан айырған 58-бап жайлы не білесіңдер? Пікір алысыңдар.



**3-тапсырма.** «Зиянкес», «ескішіл» деп айыпталушылардың кімдер екенін еске түсіріңдер. Осы айыптауға сыни тұрғыдан баға беріңдер.



**4-тапсырма.** Мәтінде адамның қандай құқығы бұзылған? Өз көзқарастарыңды білдіріңдер.



**5-тапсырма.** Бұл оқиға қай кезеңдегі нәубет екенін болжаммен айтыңдар. Сол кезеңге тән тағы қандай нәубет жайлы естідіңдер?



### Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем

Қазақ тіл білімінде алдымен жиылыңқы (А.Байтұрсынұлы), кейіннен ыңғайлас (Қ.Жұбанов, С.Жиенбаев) деген атпен мәлім болған ыңғайлас салалас деп аталатын құрмаластың түрін соңғы жарық көрген еңбектерде мезгілдес салалас деп айтып жүр. Аталған сөйлемдер өзара ұқсас болғанымен, ішінара айырмашылықтары бар. Ыңғайлас сөйлемдерде тектес, ыңғайлас іс-әрекет,

оқиға, жай-күй баяндалса, мезгіл мәнді құрмаластарда белгілі бір уақыт шеңберінде өтіп жатқан оқиға баяндалады. Мысалы:

1. *Бұл – қыпшақ мүсіншілерінің қолынан шыққан бұйымдар, олар ылғи да аңның бейнесін құйған (Д.Досжанов).*

2. *Шай ішілді, тамақ желінді (Н.Алдабергенов).*

Бірінші сөйлемде мезгілдік мәннен гөрі бір-бірімен сабақтас ой желісі баяндалады, ал екінші сөйлем бір мезгілде орындалған әрекетті білдіріп тұр. Салалас құрмаластың бұл түрі «Қазақ грамматикасында» ыңғайлас (мезгілдес) салалас деп беріледі. Жалғаулықты салаластың бұл түрінде сыңарлары ыңғайлас, біртектес оқиға, құбылыстарды не бір мезгіл ішінде жүзеге асып жатқан іс-әрекеттерді бейнелейді. Сол ыңғайластық, біртектестік пен мезгілдестікті олардың сыңарларының арасындағы *және, да/де, әрі* жалғаулықтары көрсетіп тұрады. Мысалы: 1. *Құлбай үйінде жаңадан мектеп ашылатын болыпты және оған жаңадан мұғалім келіпті (Н.Ақышев).* 2. *Жаугершілікте ата-анасы басқа жаққа ауып кетті де, бала менің қолымда қалды (Қ.Жұмаділов).* 3. *Қадырдың киімі жұқа әрі денсаулығы да мықты емес (С.Мұқанов).*



#### **6-тапсырма.** Мәтінді зерттей оқыңдар.

Адам баласы өмір сүруге қандай құштар болса, бостандықта болуға да сондай құштар. Себебі бостандықсыз өмірдің мәні жоқ. Бостандық дегеніміз – адамдардың басқалардан қысым көрмей, еркін ойлап, еркін сөйлеп, еркін іс-әрекет етуге мүмкіншілігінің болуы. Басқаша айтқанда, адамдар өздерінің түсінігімен, сенім-нанымымен заңның шеңберінде, қоғамдық тәртіпті бұзбай өмір сүруі және олардың санасында қауіп, үрей, қорқыныш сияқты жағымсыз сезімдердің болмауы. Әркім күнделікті өмірде үйлесімді өмір сүріп, ұнамды іспен айналысып, еркін жүріп-тұрса, өздерін бостандықта сезінеді.

Біз тарихтан құлшеленушілік қоғам, ұлт-азаттық қозғалыс, таптық күрес туралы жақсы білеміз және мұның бәрі бостандық үшін күрес болатын. Бірақ бостандық «әркім ойына не келсе, соны істеуге ерікті» деген сөз емес.

Адамның бостандықпен бірге жауапкершілігі де бар. Өзі бостандықты қалайтын адам екінші бір адамның бостандығына зиян келтірмеуі керек. Жеке адамдар қоғамда бір-біріне тәуелді және олардың арасында тығыз диалектикалық байланыс бар. Жеке адам өзі өмір сүріп отырған қоғамның азаматы болғандықтан, сол қоғамның заңдарына бағынуы тиіс және ол заңды бұзғаны үшін тиісті жазасын алып отырады. Әрбір мемлекет өзінің Ата Заңында азаматтарының құқығы мен міндеттерін анық көрсеткен және ол заңдар халықаралық қауымдастықтың Адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі Декларацияларға қайшы келмеуі керек.

## 4-бөлім

Адамға тіршіліктегі ең қымбат нәрсе – оның арынын, намысынын таза болуы. Адам өмірде ізгілікті іс істесе де, зұлымдық іс істесе де бірінші кезекте жеке арының алдында жауап береді. Сондықтан әрбір адамның рухани бостандықта болуы шарт. Рухани бостандық – адамның ішкі жан дүниесінің «мені». Рухани бостандықтағы адам қоғамдағы заңдар шеңберінде қалып қалмай, онан әлдеқайда кең, бүкіл адамзат құндылықтарын басшылыққа алады. Адамзат құндылықтарының негізі – адамға және табиғатқа деген адамдардың құрметі мен махаббаты. Адамның сыртқы болмысты қалай түсініп, қабылдауы оның ойына, ішкі жан дүниесіне байланысты. Сондықтан да адам барлық уақытта да жақсы ойда болып, өзінің көңіл күйін таза ұстауға тырысуы керек. Сонда ғана адамның өмірде кездесетін кедергілерден туындаған мәселелерді оңай жеңіп, өзінің ойлаған мақсатына жетуі жеңілірек болады.

«Алматы ақшамы» газетінен

-  **А** Мәтінді бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойыңдар.
-  **Ә** Мәтіннің қай стильде жазылғанын анықтаңдар. Өз пікірлеріңді дәлелдеңдер.
-  **Б** Мәтіндегі рухани бостандық жайлы мәліметке назар аударыңдар. *Рухани бостандық* дегенді қалай түсінесіңдер?
-  **7-тапсырма.** «Бостандықта өмір сүру» жайлы не білдіңдер? Толықтырып айтыңдар.
-  **8-тапсырма.** Мәтіннен ыңғайлас салалас сөйлемдерді теріп жазып, олардың байланысу жолдарын анықтаңдар. Қандай шылаулар арқылы байланысып тұр?
-  **9-тапсырма.** Мәтіннен күрделі пікірді білдіретін, құрмалас сөйлемге ұқсас құрылымдарды (екі-үш сөйлем) теріп жазып, олардың құрмалас немесе күрделенген сөйлем екенін дәлелдеңдер.
-  **10-тапсырма.** Тыңдаған мәтінде қандай бостандыққа шектеу болғанын, оқыған мәтіндегі басымдық – рухани бостандық екенін шендестіре (салыстыра) келіп, өздеріңнің бостандықта өмір сүріп жатқандарыңды сеніммен дәлелдеңдер.

## АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ



**1-тапсырма.** Жалпы адамзатқа тән құқықтар жайлы не білесіңдер? Адам нәсіліне, дініне, жынысына қарамастан қандай құқыққа ие? Санамалап айтып беріңдер.



**2-тапсырма.** Үнтаспадан 11-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Нельсон Мандела кім?
2. Ол 27 жыл түрмеде не үшін отырды?
3. «Апартеид» қоғамының ерекшелігі неде?
4. Нельсон Манделаның мақсаты қандай және оған қалай жетті?



**Ә** Мәтінде ақ нәсілділер мен қара нәсілділер құқықтары туралы берілген ақпаратқа өз пікірлеріңді білдіріңдер.



**Б** Мәтінді қайта тыңдап, Нельсон Манделаны толық сипаттаңдар.



**3-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сүйеніп, «Нельсон Мандела – бақытты саясаткер» деген пікірді дәлелдендер.



**4-тапсырма.** Мәтін мазмұнын баяндау үшін жүйелі жоспар құрыңдар.



**5-тапсырма.** Елімізде және әлемде адам құқығы үшін күрескен тағы қандай тұлғаларды білесіңдер? Олардың күрес жолы туралы білетіндеріңмен пікір алысыңдар.



### Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем

Себеп пен салдар – бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Себеп пен салдардың тығыз байланысы оларды білдіретін тілдік амалдардан да көрініс табады. Ондай салаластарды жасайтын жалғаулықтар мыналар: *сондықтан, сол себепті, өйткені, себебі*. Мысалы: *Әй, ол сені жеңер, себебі келешек онікі ғой* (С.Мұқанов). *Жаны шығып кете жаздады, өйткені оның қолына түскен ыдыс сау қайтқан емес* (Б.Майлин).

Себеп-салдар салаластар жалғаулықсыз да байланысады. Р.Әмір себеп-салдар салаластың жалғаулықсыз түрінде бір күрделі бүтінге кіретін сөйлемдер (синтагмалар) бір-біріне тіркесіп, дауыс ырғағы арқылы байланысатынын және грамматикалық байланыс жай сөйлемдердің (компоненттердің) мазмұнын салыстырғанда айқындалатынын көрсетеді. *Сіз депутатсыз, айтпайсыз ба шопандар осындай тауарға мұқтаж деп* (А.Нұрманов). *Аңқаулығым ғой, солардың тұзағына ілініп қалғанымды білмеймін* (Б.Майлин).



**6-тапсырма.** «Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясынан» алынған үзіндіні мұқият оқыңдар.

### Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы

*(Декларация БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясымен  
10.11.1948, №217 А (II) қабылданған )*

**1-бап.** Барлық адамдар тумысынан азат және қадір-қасиеті мен құқықтары тең болып дүниеге келеді. Адамдарға ақыл-парасат, ар-ұждан берілген, сондықтан олар бір-бірімен туыстық, бауырмалдық қарым-қатынас жасаулары тиіс.

**2-бап.** Әр адам нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік, тектік-топтық немесе басқа да жағдаяттарға қарамастан, осы Декларацияда жарияланған барлық құқық пен бостандықтарға алаланбай, бірдей тең не болуы тиіс.

**3-бап.** Әр адам өмір сүруге, бостандықта болуға және оның жеке-басына қол сұғылмауына құқылы.

**4-бап.** Ешкімнің де құлдықта немесе кіріптарлықта ұсталуы тиіс емес. Құлдық пен құл саудасына, қандай түрде болса да, тыйым салынады.

**5-бап.** Ешкім де азапталуға немесе қадір-қасиетін қорлайтындай, адамшылыққа жатпайтын қатыгездік жолмен жәбірленуге немесе жазалануға тиіс емес.

**6-бап.** Әр адам қай жерде жүрсе де, құқықтық субъект ретінде танылуға құқылы.

**7-бап.** Заң алдында жұрттың бәрі тең және заң арқылы алаланбай, бірдей тең қорғалуға құқылы. Барлық адам осы Декларацияның ережелерін бұзатын кемсітуден және кемсітуге арандатушылықтың барлық түрінен тең қорғалуға құқылы.

**8-бап.** Әр адам Конституциямен немесе заңмен берілген негізгі құқықтары бұзылған жағдайда құқығын құзыретті ұлттық сот арқылы тиімді түрде қалпына келтіруге құқылы.

**9-бап.** Ешкім де негізсіз тұтқындалуға, қамауда ұсталуға немесе қуғынға ұшырауға тиіс емес.

**10-бап.** Әр адам өзінің құқықтары мен міндеттерін анықтап, өзіне тағылған қылмыстық айыптаудың негізділігін белгілеу үшін ісі толық теңдік негізінде, әділеттік талаптарға сай, тәуелсіз және әділ сот арқылы ашық қаралуына құқығы бар.


**11-бап.** Қылмыс жасады деп айыпталған әр адам қорғану құқығы қамтамасыздандырылып, заңды және ашық сот талқылауы оның кінәсін толық анықтағанға дейін кінәсіз деп есептелуге құқығы бар.

**12-бап.** Әр адам жеке және отбасылық өміріне өзгелердің өз бетінше араласуынан, озбырлық жасап баспанасына, хат жазысып-алысу құпиясына қол сұғуынан, ар-намысы мен абырой беделіне нұқсан келтіруінен қорғалуға құқығы бар.

**13-бап.** 1. Әр адамның әр мемлекеттің ішінде жүріп-тұруына және өз қалауынша тұратын мекенжайды таңдауына құқығы бар. 2. Әр адам кез келген елден, соның ішінде өзінің туған елінен басқа елге қоныс аударуға және өз еліне қайтып оралуға құқылы.

**14-бап.** 1. Әр адамның қуғынға ұшыраған жағдайда басқа елдерден баспана іздеп және сол баспананы пайдалануға құқығы бар. 2. Бұл құқық, шынтуайтында, саяси емес қылмыстың негізінде немесе БҰҰ мақсаттары мен қағидаларына қайшы келетін әрекеттері үшін қуғындалғандарға жүрмейді.

**15-бап.** 1. Әр адамның азаматтыққа құқығы бар. 2. Ешкімді де азаматтығынан немесе азаматтығын өзгерту құқығынан еріксіз айыруға болмайды.



**А** Мәтіннің стилін анықтаңдар. Өз пікірлеріңді дәлелдеңдер.



**Ә** Мәтін негізінде Декларацияның құрылымын баптарға топтастырыңдар.

Декларация құрылымы	Баптар
Кіріспе	
Адам құқығы	
Адам құқығының заңмен қорғалуы	
Адамның мекені, азаматтығы	



**Б** Мәтін баптарындағы сөйлем құрылысының ерекшелігін анықтаңдар.



**7-тапсырма.** Мәтіннен себеп-салдар құрмалас сөйлемді теріп жазыңдар.



**8-тапсырма.** Мәтіннен күрделі пікірді білдіретін сөйлемдерді тауып, олардың құрмалас не жай сөйлем екенін анықтаңдар.



**9-тапсырма.** Мәтіннің 3, 4-баптарындағы пікірлерді өзара себептік байланысқа құраңдар.



**10-тапсырма.** Декларация мәтініндегі заңдарды қолданып, өз құқықтарың жайлы бірінші жақтан мәтін жазыңдар.

## БАЛА ЖӘНЕ ЖАСТАР ҚҰҚЫҒЫ



**1-тапсырма.** Бала және жастар ұғымының аражігін ашу үшін пікір алысыңдар. Олардың құқықтық айырмашылығын түсіндіріңдер.



**2-тапсырма.** Үнтаспадан 12-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мәтіндегі екі кейіпкер (Төрехан мен Меруерт) еңбек жолдарын қалай бастады?

2. Сыртта жүрген Төрехан өмірден қандай сабақ алды?

3. Ата-анасының жанында болса да, Меруерт неге машықтанды?

4. Екі кейіпкердің мақсатқа жетуінің кепілі неде?



**Ә** Мәтін мазмұны негізінде жастар өздерінің құқықтарын қалай жүзеге асырғанын айтыңдар.



**Б** Төреханның «баланы жастай шетелге оқуға жіберуге қарсымын» деген пікіріне қалай қарайсыңдар? Қыстырма сөздерді (*меніңше, менің ойымша* т.б.) қолданып, өз ойларыңды дәлелді білдіріңдер.



**3-тапсырма.** Еліміздегі жастардың әлеуметтік жағдайын көтеру, рухани тұрғыда өсуіне бағытталған қандай жобаларды немесе ұйымдарды білесіңдер? Пікір алысыңдар.



**4-тапсырма.** Мектепті бітірген соң жоғары оқу орнына түскісі келетіндер және бірден еңбекке араласуды қалайтындар болып екі топқа бөлініп, өз таңдауларыңды дәлелдеңдер.



**5-тапсырма.** Өздерің «үлкен өмірге» қалай қадам жасар едіңдер? Өз құқықтарың мен міндеттеріңді ескере отырып, шағын монолог жазыңдар.



## Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем

Қарсылықты салалас құрмалас құрамындағы сөйлемдер бір-біріне қайшы мәнде тұрады. Қайшы мән көбіне баяндауыш сөздерінің болымды, болымсыз грамматикалық сипатына және *бірақ, дегенмен, әйтсе де, сонда да, алайда, солай бола тұра, өйткенмен* жалғаулықтары мен жалғаулық мәнді сөздердің қызметіне сүйенеді. Мысалы: 1. *Қыз әңгіме айтқызайын деп соғысты сұрай беріп еді, Жарқабай оған жөнді жауап қайтарған жоқ* (М.Әуезов). 2. *Көп адам қасында келеді, бірақ жалғыз келе жатқандай сезінеді* (Ғ.Мүсірепов). 3. *Ол басында қатты қарсылық білдірген еді, дегенмен көптеп-көмектеп көндірдік* (М.Әуезов).

Салалас құрмаластар құрамындағы сөйлемдер арасында қарсылық мән туғызу үшін кейде *ал* жалғаулығы да жұмсалады. Бірақ ол таза қарама-қарсылықты, қайшылықты білдірмейді, *ал* салыстырмалы түрдегі қарсылықты қатынасты білдіреді. Мысалы: *Біздің қонысымыз мына тұста болатын да, ал әлгі аталас ағайындарымыз сәл берірек жайлайтын* (Ж.Аймауытов).

### Мұны да білген жөн!

Декларацияның 26-бабында және Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабында:

«1. Бастауыш білім баршаға міндетті, ал техникалық және кәсіптік білім көпшіліктің қолы жетерліктей болуы керек.

2. Білім беру адамның жекебасының кемелденуіне, сондай-ақ халықтар арасындағы өзара түсіністікке, достыққа ықпал етуі тиіс.

3. Ата-аналар балалары үшін білім беру түрін таңдауға құқылы.

4. Қазақстан Республикасының азаматтары тегін орта білім алуға міндетті.

Құқық адамға тек жақсы істерді жасау үшін берілген. Адамға зиян келтіретін істердің барлығына тыйым салынған» деп көрсетілген.



#### 6-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

Адамның шыр етіп жерге түскен минутынан бастап оның өмірін, денсаулығын, тыныштығын қорғайтын заң бар. Бұл заң – 1948 жылы 10 желтоқсанда қабылданған Адам құқығының жалпыға бірдей Декларациясы. Сонымен қатар 1959 жылы қабылданған Бала құқығы Декларациясы және осы Декларациядан кейін 61 ел қол қойып, 1989 жылы 20 қарашада қабылданған Балалар құқығы туралы Конвенция. Қазір бұған 191 мемлекет кірген. Конвенция – арнаулы мәселелер жөніндегі келісімшарт. Осы Конвенция негізінде 2002 жылы тамызда Қазақстанда «Балалар құқығы туралы» Заң қабылданды. Ол заңды бұлжытпай орындау – біздің еліміз, халқымыз алдындағы парызымыз.

Конвенция – Бала құқығының әлемдік Конституциясы. Конвенцияның 1-бабы бойынша 18 жасқа толмаған әрбір адамды бала деп санау шарт. 18 жасқа толмаған жасөспірім де, жеткіншек те Конвенцияда атап көрсетілген бала құқығын пайдалана алады.



## 4-бөлім

Бала құқықтары туралы Конвенцияда оның төмендегідей құқықтары беріледі:

- мемлекет әрбір баланың аман-сау өсіп, жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді;
- әрбір бала өз отбасында ата-анасымен өмір сүруге құқылы;
- бала тынығуға және мәдени демалуға құқылы;
- әрбір баланың ой-пікірі, ар-ұждан және дін еркіндігіне құқығы бар;
- бала өзі қалаған спорт түрімен шұғылдануға құқылы;
- бала денсаулығын сақтауға, емделуге құқылы;
- бала мектепте кінәлі болған жағдайда, оны ешкімнің ұрып жазалауға, кемсітіп қорлауға құқығы жоқ т.б.

Конвенция балалардың өмірі мен денсаулығын қорғап, олардың отбасында өмір сүруін қамтамасыз ету құқығын сақтауды мемлекеттік міндет деп қарастырған.



**А** Мәтінде адам құқығын қорғайтын қандай құжаттар туралы айтылады? Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақтар қойыңдар.



**Ә** Сөздіктің көмегімен «Декларация» және «конвенция» сөздерінің аражігін ажыратыңдар.



**Б** Қазақстанда қабылданған «Балалар құқығы туралы» Заңды есте сақтаңдар. Бала құқығын адам құқығынан бөліп қарастыру себептерін болжап түсіндіріңдер.



**7-тапсырма.** Конвенцияда берілген Бала құқығы мен Адам құқықтары жайлы Декларация баптарын салыстыра қарап, ұқсастықтарын табыңдар, талқылаңдар.



**8-тапсырма.** Конвенцияның 1-бабында «18 жасқа толмаған әрбір адамды бала деп санау шарт» дегенге өз пікірлеріңді білдіріңдер. Қазақ танымында бала деп неше жасқа дейінгілерді айтады? (Қарсылықты салалас сөйлеммен жеткізіңдер.)



**9-тапсырма.** Үзіндінің 7-құқығындағы ойды салалас құрмаласқа айналдырыңдар. Мәтіндегі сөйлем мен өздерің қайта құраған сөйлемдердің құрылысына көңіл аударып, күрделі сөйлем мен құрмалас сөйлемнің аражігін түсіндіріңдер.



**10-тапсырма.** Мәтін мазмұнын өз сөздеріңмен жеті сөйлемге сыйғызып, жүйелі түрде жазып көріңдер. Құрмалас сөйлемді қолданыңдар.

**ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ**

(*Ыңғайлас, себеп-салдар, қарсылықты салалас құрмалас сөйлемдер*)

**А. «Адам құқығы мен бостандығы» бөлімі бойынша алған білімдеріңді бекіту мақсатында салыстырмалы эссе жазыңдар.**

**Салыстырмалы эссенің** мақсаты – екі не одан да көп мәселенің қарым-қатынасын тарқатып жазу. Бірден көзге түсе бермейтін айырмашылықтарды терең талдау, ұқсас ұғымдарды қатар алып, ондағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді салыстыру, нәтижесін көрсету.

Ол үшін:

- 1) бөлім бойынша оқып, тыңдаған мәтіндердегі ақпараттарды еске түсіріндер. Әр мәтіндегі негізгі ақпаратты жазыңдар;
- 2) салыстырмалы эссенің тақырыбын таңдаңдар («Менің құқығым мен міндеттерім», «Менің бостандық жайлы түсінігім», «Құқықбұзушылық көріністері мен себептері» т.б.);
- 3) таңдаған тақырыпқа сәйкес қажетті мәліметтерді өздерің іздеп тауып, толықтырыңдар;
- 4) эссені жоспарлаңдар (Кіріспеде не жазасыңдар? Қалай бастайсыңдар? Негізгі бөлімге қалай өтесіндер? Негізгі бөлімде нені салыстырып, талдайсыңдар? Қорытындыны қалай тұжырымдайсыңдар?);
- 5) жоспарды негізге ала отырып, таңдаған тақырып бойынша эссе жазыңдар;
- 6) жазған эссені оқып, тексеріндер (ой, азатжолдар құрылымының дұрыстығын қадағаландар. Қорытынды бөлім эссенің кіріспесінде айтылған мәселеге жауап беру арқылы тұжырымдалады).

**Ә. Ашық тест тапсырмаларын орындаңдар.**

1. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерде ... оқиға баяндалады.
2. Мезгіл мәнді салалас құрмалас сөйлемдерде ... оқиға баяндалады.
3. Ыңғайлас, мезгіл мәнді білдіретін жалғаулықтар: ... , ... .
4. Себеп-салдар салаластарды жасайтын жалғаулықтар: ... , ... .
5. Қарсылықты салалас құрамындағы жай сөйлемдер бір-біріне ... мәнде тұрады.
6. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемді байланыстыратын жалғаулықтар: ... , ... , ... .

## 4-бөлім

**Б. Жабық тест тапсырмаларын орындаңдар.**

**1.** *Тұтқындардың ішінде күйреуіктері, жасықтары да жететін.* Сөйлемдегі «күйреуік», «жасық» сөздерінің мағынасы:

- а) еңсесі жоғары;    в) ештеңеге мойымайтын;  
ә) күрескер;    г) өзін-өзі жоғалтып алған.  
б) қиындық мұқалтқан;

**2.** Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемді көрсет:

- а) Адамдар қоғамда бір-біріне тәуелді және олардың арасында тығыз диалектикалық байланыс бар.  
ә) Адам – өзі өмір сүріп отырған қоғамның азаматы, сондықтан ол қоғам заңына бағынуға тиіс.  
б) Адам барлық уақытта жақсы ойда болып, өзінің көңіл күйін таза ұстауға тырысуы керек.  
в) Өзі бостандықты қалайтын адам екінші бір адамның бостандығына зиян келтірмеуі тиіс.  
г) Адам өзі өмір сүріп отырған қоғамның заңын бұзса, тиісті жазасын алады.

**3.** *Нельсон Мандела 27 жыл абақтыда отырды.*

Сөйлемдегі *абақты* сөзіне мағыналас сөздер (2 дұрыс жауабы бар):

- а) түрме;     б) қора;     г) күрке.  
ә) темір тор;    в) байлау;

**4.** *Сіз депутатсыз, айтпайсыз ба шопандар тауарға мұқтаж деп.* Сөйлемге қажетті жалғаулық шылау:

- а) сондықтан;     б) сол үшін;     г) себебі.  
ә) өйткені;     в) сол себепті;

**5.** *Білім адамның жекебасының кемелденуіне ықпал етуі тиіс.* Сөйлемдегі *кемелдену* сөзінің мәні:

- а) толысу;    в) кеңею;  
ә) үлкею;     г) жан-жақты жетілу.  
б) абай болу;

**6.** Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем:

- а) Жастар бөлек әңгімелесіп отыр екен, мен де соларға қосылдым.  
ә) Жастар бөлек әңгімелесіп отыр екен, ал мен ақсақалдарға қосылдым.  
б) Олар неше түрлі қызық әңгімелерді айтады, мен аузымның суы құрып тыңдаймын.  
в) Олар неше түрлі қызық әңгімелер айтады, сондықтан мен соларға қосылдым.  
г) Мен жас болсам да, ақсақалдардың әңгімесіне қосылдым.

## 5

# СИНТАКСИС ОТБАСЫ ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІС

## ДЕМОГРАФИЯ – ҰЛТ ТАҒДЫРЫ



**1-тапсырма.** Тақырыптың бұлай аталу себебін түсіндіріңдер.



**2-тапсырма.** Үнтаспадан 13-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мәтін кейіпкері кім?
2. Оның отбасы ұстанымы қандай?
3. Көп баланы «асырай алмаймыз» дегенге жас отбасылардың айпағын уәжі<sup>1</sup> қандай?
4. Мәтін кейіпкерінің пікірінше, көпбалалы отбасында өскен баланың ерекшелігі неде?



**Ә** Мәтіндегі кейіпкердің балаға қатысты айтқан нақыл сөздерін теріп жазып, түсініктеме беріңдер.

Нақыл сөздер	Түсініктеме
1. Қанша бала болса да, қайнататынын бір қазан.	



**Б** Мәтіннің мақсатын анықтаңдар.



**3-тапсырма.** Өз айналаңда көпбалалы отбасы бар ма? Көпбалалы отбасының қандай артықшылығы немесе кемшіліктері бар? Пікір алмасыңдар.



**4-тапсырма.** Өз отбасың, ондағы демографиялық ерекшеліктер жайлы салыстыра баяндаңдар.



**5-тапсырма.** Мәтіндегі негізгі ойды бес сөйлеммен жазыңдар.



### Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем

Бірінші сөйлемде баяндалған оқиғаның мәні келесі сөйлемде айқындалып, түсіндіріліп отыратын сөйлем *түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем* деп аталады. Қазақ тілінде үнемі жалғаулықсыз қолданылатын салалас сөйлемге тек түсіндірмелі салалас қана жатады.

<sup>1</sup> уәжі – себеп, дәлел

## 5-бөлім

Түсіндірмелі салаластың жасалу жолдары:

1) алғашқы сөйлемнің баяндауыштары *сол, сондай, сонша* сөздерінің қатысуы арқылы жасалады. Мысалы: *Саған ашып айтарым сол: мен басында қаламын* (Ә.Әбішев);

2) алғашқы сөйлемнің құрамында *мынадай* жалпылауыш сөзі қолданылып, келесі сөйлем оның мәнін ашып тұрады. Мысалы: *Ұлым мынадай өтініш жасады: несіне асығамыз, мәйітті және бір күн түнетейік* (Д.Досжан);

3) алғашқы сөйлемнің баяндауыштарында түсіндірмелі мәндегі есім, етістік сөздер де қолданылады. Мысалы: *Жоламан іштей сезіп келеді: ұры жүзден астам мылтығы бар жау жағында* (І.Есенберлин).

Түсіндірмелі салалас құрмалас түрлері тек екі сөйлемнен ғана болмайды. Жалпы мәнде айтылған алғашқы сөйлемді кейде екі-үш сөйлем бірдей түсіндіруге қызмет етеді. Мысалы: *Жұрттың бәрі соған қарай дүрлікті: біреу қолын бұлғады, біреулері оның атын атап айқайлады* (Ғ.Мүсірепов).



### 6-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

Бүгінгі әлемде Қазақстан жер көлемі бойынша тоғызыншы орын алса, халық саны жағынан алпыс екінші орында. Жері – кең, халқы – аз. Бұл түптің түбінде ұлт қауіпсіздігіне үлкен қауіп төндіретінін ұғынған абзал.

Елбасының халыққа арнаған Жолдауында 2020 жылы Қазақстан халқының санын 20 миллионға жеткізу межесі қойылған. Ал демографтардың <sup>1</sup> ресми зерттеулеріне сүйенсек, 2020 жылы халық саны 18 миллион шамасында ғана болады екен. Ал халық санының көбеюіне кедергі келтіріп отырған салдарға тоқталсақ, ең басты мәселе ретінде әлеуметтік жағдай алдымыздан шығады. Жас отбасылар әлі де қамқорлыққа зәру. Күнделікті тапқан нәпақасы <sup>2</sup> жалдаған пәтері мен тамағынан аспайтындар көпбалалы болуды қалай ойласын... Бұған қоса, екі қолға бір күрек таба алмай жүрген жастардың отбасын құрып, бала тәрбиелеп, демографиялық ахуалды жақсартуға үлес қосуға талпыныс білдірмейтіні белгілі. Әлеуметтік жағдай нашар болған жағдайда, бала туу көрсеткіші өспейді. Осы себептерден ажырасу саны да артып келеді. Сондықтан жас отбасыларға қамқорлық көрсету бірінші кезекте тұр.

*Аршын мен Кәмиланың отау тігіп, шаңырақ көтергендеріне небәрі үш жыл болды. Алайда тағдырдың жазуы болар, жақында сот залында екеуінің заңды түрде ажырасқандары жайында шешім қабылданды. Олар бірін-бірі шын сүйіп қосылған еді. Екі гашиқтың шешімін ата-аналары қуана қабыл алып, оларға ақ баталарын берген-ді. Араларынан қандай қара мысықтың өткенін кім білсін?!*

<sup>1</sup> демограф – демография мәселелерімен айналысатын маман

<sup>2</sup> нәпақа – табыс

Кәмиланың айтуынша, күйеуінің жұмыссыз қалуы кикілжің<sup>1</sup> туғызған екен. Бұған қоса ай сайын жалдаған нәшердің ақшасы бар. Екеуі отбасын құрғанда, жас отбасы ретінде баспана алуға ниеттенген екен. Күйеуінде орта білім ғана болған. Банктің несие беру талаптарына сай болмағандықтан, ешқандай бағдарламаға іліне алмапты. Екеуі екі жақтан жұмыс істеп, баспаналы болуға қанша талтынса да, баға шарықтап тұрған уақытта бұл орындамас арманға айналған.

Бұл – бір ғана отбасының тағдыры. Ал еліміз бойынша баспанаға зәру қаншама отбасы бар?! Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтеріне сүйенсек, 2015 жылы елімізде 148 769 жұп некелесуге өтініш білдірсе, ажырасушы отбасы саны 53 293-ке жетті. Ауыл тұрғындарының арасында ажырасу қала тұрғындарымен салыстырғанда 2-3 есе төмен екенін де аңғардық.

Өкінішке орай, баспана мәселесі еліміздегі ажырасудың себеп-салдары бойынша бірінші орынға шығып отыр.

«Ана тілі» газетінен

 **А** Мәтінде қандай стильдер қолданылған? Тілдік бірліктері арқылы дәлелдендер.

 **Ә** Мәтінге тірек бола алатын сөздерді анықтаңдар.

 **Б** Мәтінге сүйеніп, сабақ тақырыбының «Демография – ұлт тағдыры» аталуын түсіндіріңдер.

 **7-тапсырма.** Қазақстанда халық санының көбеюіне кедергі келтіріп отырған басты себеп не? Тағы қандай себептерді айтар едіңдер? Үш-төрт сөйлемнен тұратын мәтін жазыңдар.

 **8-тапсырма.** Мәтіннен құрмалас сөйлемдерді теріп жазып, оларды салалас, сабақтас құрмалас сөйлемдерге ажыратыңдар. Салалас құрмаластардың мағыналық түрлерін анықтаңдар.

Үлгі : Жері – кең, халқы – аз (қарсылықты салалас сөйлем).

 **9-тапсырма.** Сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдап, құрылымын ажыратыңдар.

1. Екі ғашықтың шешімін ата-аналары қуана қабыл алып, оларға ақ баталарын берген-ді.

<sup>1</sup> кикілжің – реніш, өкпе

5-бөлім

2. Екеуі отбасын құрғанда, жас отбасы ретінде баспана алуға ниеттенген екен.

3. Екеуі екі жақтан жұмыс істеп, баспаналы болуға қанша талпынса да, баға шарықтап тұрған уақытта бұл орындалмас арманға айналған.



**10-тапсырма.** Төмендегі сөйлемдердің жай сөйлем екенін сөйлем мүшелеріне талдап, дәлелдендер. Сөйлемдерді түсіндірмелі салалас құрмалас етіп құраңдар.

1. Автордың пікірінше, халық санының аздығы ұлт қауіпсіздігіне үлкен қауіп төндіреді.

2. Кәмпиланың айтуынша, күйеуінің жұмыссыз қалуы кикілжің туғызған екен.

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДЕГІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ



**1-тапсырма.** Қазақстандағы демографиялық жағдайды болжап айтыңдар.

1. Әр отбасында неше бала бар?
2. Демографиялық өсім болу үшін әр отбасында неше бала болуы керек?
3. Демографиялық өсімді қалай көтеруге болады?



**2-тапсырма.** Үнтаспадан 14-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Қазақстандағы демографиялық ахуал жайлы демограф-ғалым мен психолог-ғалымның пікірлерін ажыратыңдар. Демограф қандай мәселені, психолог қандай мәселені сөз етеді?

Демограф-ғалым	Психолог-ғалым



**Ә** Демограф-ғалымның халық санын көбейтуге қатысты ұсыныстарына өз пікірлеріңді білдіріңдер.



**Б** Психолог-ғалымның пікірінше, жастар отбасын құрып, балалы болуға не себепті асықпайды?



**3-тапсырма.** Қазақстан халық санын көбейтуді қандай жолдармен жүзеге асыруда? Мысал келтіріп, дәлелдеп айтыңдар.



**4-тапсырма.** Өзге ұлттарды сіңіру, ассимиляция жолымен демографиялық өсімге жету дегенді қалай түсінесіңдер? Бұл үрдіс қай елдерде сақталған?



**5-тапсырма.** Мәтіндегі негізгі ойды жеті сөйлеммен жазыңдар. Жазбаңда құрмалас сөйлем болсын.



### Талғаулы салалас құрмалас сөйлем

Құрамындағы сөйлемдердегі іс-әрекет, жай-күйлер таңдалып, бірі болмаса бірі орындалатыны сұрыпталып берілетін құрмалас сөйлемдер *талғаулы салалас құрмалас сөйлем* деп аталады. Мысалы: *Сабырлылық алдында не дұшпан сасады, не сабырсыздықтан береке қашады* (Б.Момышұлы).

Талғаулы салаластар тек талғаулық шылаулар арқылы жасалады. Ондай жалғаулықтар: *не, немесе, не болмаса, әлде, мейлі, құй, я, яки, я болмаса*.

Талғаулы салаластың жалғаулықтары бір рет қолданған түрінде де, бірнеше рет қайталанып та, сондай-ақ бір сөйлем ішінде екі түрлі жалғаулық та жұмсалады. Мысалы: 1. *Сөз бен қылық суық көңілді жылытады немесе жылы көңілді суытады* (Ғ.Мұстафин). 2. *Аса бір қысылған, басына ауыр бір сын түскен кезде әкесі, қалайда, не түсіне кіреді, не көз алдына оқыстан елестеп, осылайша көлбеңдей береді* (Ш.Мұртаза). 3. *Бұл кітапты не мен оқырмын, не сен оқырсың, не болмаса атаңның бастағаны жөн болады* (Т.Ахтанов).



**6-тапсырма.** Мәтінді зерттей оқыңдар.

Халық саны 300 миллион адамнан астам АҚШ-та демографиялық ахуал қолайлы. АҚШ Халық санағы бюросының (US Census Bureau) деректері бойынша, бұл елде әрбір 7 секундта бір нәресте дүниеге келсе, әрбір 13 секундта өлім тіркеліп, әрбір 31 секундта жаңа эмигрант келеді. Осылайша, ғалымдардың есебінше, АҚШ халқы 11 секундта бір адамға толығып отырады.

АҚШ халық саны жағынан Қытай мен Үндістаннан кейін әлемде үшінші орын алады және үнемі халық өсімі тіркеліп отырған батыстағы жалғыз ел болып саналады. Мәселен, 1913 жылы 100 миллион тұрғын тіркелсе, екінші 100 миллионыншы кезенге 52 жыл, үшіншісіне 39 жыл қажет болды. Көрсеткіштер болжамы бойынша, 2041 жылы АҚШ-та халық саны 400 миллион адамға жетпек.

Жалпы, әлемдік демографиялық үрдіс елдің даму деңгейіне қарай әртүрлі болады. Демографиялық мәселені көбіне отбасының материалдық әл-ауқатымен байланыстырады, бірақ бұрынғы индустриялық қоғамда бұл мәселені материалдық жағдаймен байланыстыру дұрыс емес, әрі дамыған Еуропа елдеріндегі жағдай осыны дәлелдеп отыр. Еуропа елдерінде бала тууды қаржылық ынталандыру қысқа мерзімдік көбею әсерін ғана беруі мүмкін. Мемлекеттік қаржыландыру бала тууды шынымен арттыратын

## 5-бөлім

болса, онда Италия мен Германия бала туу жағынан барлық елді басып озған болар еді, өйткені бұл елдерде бала туғаннан кейінгі берілетін жәрдемақы мөлшері басқа дамыған мемлекеттермен салыстырғанда, анағұрлым жоғары.

Демографияны зерттеушілерді алаңдататын өзекті мәселе – отбасы институтының келешегі болып отыр, себебі жылдар өткен сайын отбасылық құндылық деген ұғым жойылуға шақ қалды.

Балаға деген қатынас та өзгерді. «Associated Press» агенттігінің деректері бойынша, бақытты отбасылық өмірдің барынша маңызды тоғыз шартының тізімінде бала тек сегізінші орында ғана екен. Сауалнамаға қатысушылар үй жұмыстарын бірлесе орындау, жақсы тұрғын үйдің болуы, жақсы табыс, жұбайлардың бір-біріне адалдығы сияқты шарттарды маңызды деп санайды.

*«ҚазҰУ» хабаршысынан*



**А** Мәтінді шартты түрде бөліктерге бөліп, ат қойыңдар.



**Ә** Есте сақтау үшін, әр бөліктегі негізгі ақпаратты екі-үш сөйлеммен жазыңдар.



**Б** Мәтіннің бірінші бөлігі бойынша хронологиялық кесте жасаңдар.



**7-тапсырма.** Дамыған елдердегі демографиялық дағдарыстың себебі неде? Талқылаңдар. Ол себептердің біздің елге қаншалықты қатысты екенін болжаңдар.



**8-тапсырма.** Берілген сөйлемдерді құрылымдық жағынан талдап, мағыналық қатынасын анықтаңдар.

1. АҚШ халық саны жағынан Қытай мен Үндістаннан кейін әлемде үшінші орын алады және үнемі халық өсімі тіркеліп отырған батыстағы жалғыз ел болып саналады.

2. Демографиялық мәселені көбіне отбасының әл-ауқатымен байланыстырады, бірақ бұрынғы индустриялық қоғамда бұл мәселені материалдық жағдаймен байланыстыру дұрыс емес, әрі дамыған Еуропа елдеріндегі жағдай осыны дәлелдеп отыр.

3. Демографияны зерттеушілерді алаңдататын өзекті мәселе – отбасы институтының келешегі болып отыр, себебі жылдар өткен сайын отбасылық құндылықтар жойылып бара жатыр.

4. Дүниеде әркімнің бір қалағаны бар: біреу үй алуды мақсат етсе, екіншісі бақытты отбасы болғысы келеді.



**9-тапсырма.** Мәтіндегі ақпараттарды пайдалана отырып немесе өз өмірлеріңдегі оқиғаларды ескере отырып, талғау мәнді сөйлем құраңдар. Сөйлемнің жай немесе құрмалас екенін дәлелдеңдер.

*Үлгі:* Жастар бақытты отбасы болу дегенді жақсы тұрғын үйлі болу немесе табысты болу деп түсінеді.



**10-тапсырма.** «Бақытты отбасылық өмірдің шарттары» деп нені атар едіңдер? Пікір алысыңдар.

## ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ БАЛА ДАМУЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ



**1-тапсырма.** Баланың дамуында қай ортаның рөлі басым (отбасы, мектеп, қоршаған орта)? Пікір алысыңдар.



**2-тапсырма.** Үнтаспадан 15-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Бала отбасынан қандай қасиеттерді алады? (Санамалап көрсетіңдер.)

2. Жалғыз балалы отбасында қандай қиыншылықтар болады?



**Ә** Толық емес отбасы және ондағы қиындықтар жайлы пікір алмасыңдар.



**Б** Мәтін мазмұнына сай мақал-мәтелдер айтып, олардың мәнін түсіндіріңдер.



**3-тапсырма.** Мәтінді қайта тыңдап, өз пікірлеріңмен (1-тапсырмада айтылған) салыстырыңдар. Баланың дамуында ортаның рөлі қаншалықты екеніне диаграмма жасаңдар. Пікірлеріңді дәлелдеңдер.



**4-тапсырма.** Өз отбасыларыңды, ондағы өздерің үйренген жақсы қасиеттер мен қиындықтарды сын көзбен баяндаңдар.



**5-тапсырма.** Мәтіндегі негізгі ойды бес сөйлеммен жазыңдар. Құрмалас сөйлемдерді қолданыңдар.



### Кезектес салалас құрмалас сөйлем

Бұл атауды С. Аманжолов енгізген. С. Жиенбаев мұндай сөйлемдерді талғаулы салалас құрамында қараған. Бірақ мұндағы басты ерекшелік – құрамындағы сөйлемдерде баяндалған іс-әрекет кезек-кезек іске асып отырады. Басты белгісі *бірде, біресе, кейде* жалғаулықтарының бірінің қатысуы арқылы жасалады. Салаластың құрамындағы сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыру қызметінде қолданғанда, бұл жалғаулықтар сөйлем сайын қайталанып отырады. Мысалы: *Біресе аузы қимылдайды, біресе қолы қимылдайды* (С.Мұқанов). *Ол бірде жұмсақ, бірде ол өте қатаң да* («Қазақ әдебиеті» газетінен). *Кейде мен шабыттана өлең оқимын, кейде ол асқақтата ән айтады* (О.Бодықов).

**6-тапсырма.** Мәтінді оқыңдар.

Дүйсен іштей күбір-күбір етті. Шіркін, біреу ән бастар ма еді?! Дүйсеннің ойына сонау бір күндер оралды... Бұның бала кезінде атасы қой бағушы еді. Жаз жайлайтын жерлері төңірегін түгел орман қоршаған жасыл шалғынды жалпақ аңғар болатын. Ортасындағы дөңгелек сазда қаз қаңқылдап, үйректер сымпылдап ұшатын. Сейсен мен Дүйсен сол саздағы томарлардың <sup>1</sup> арасынан күні бойы жұмыртқа іздейтін. Кешкісін аяқтары тілім-тілім болып келіп, ас ішуге де шамалары келмей, бір көрпенің астына күмп беретін. Сол жылы көрпенің астында Бейсен, Сейсен, Дүйсендердің бірге жатпағанына қай заман?!.

Ән аяқталғанда, апасы терең дем алды. Ақ жаулығының ұшымен маңдайының терін сүртті. Сонан кейін Бибішке бұрылып:

– Жә, көңілді бірдеме басташы, – деді жай ғана. Келесі әнді Бибіш ойнақшытып әкетті. Әнмен бірге көздері де күлмен қағады <sup>2</sup>. Әсіресе қайырмасында:

Жүгіре шықтым белеске,  
Той-томалақ бәрі есте.  
Ағайынмен бас қосқан,  
Бір ғанибет емес пе?!

Бейсен Дүйсенді құшақтап, қысып-қысып қалды.

– Жеңген қалай, ә? Көмейі қалай бүлкілдейді ей, ә? «Ағайынмен бас қосқан бір ғанибет емес пе?..» Паһ, паһ!.. Бәрі де сенің арқан, Дүйсенжан. Бүгін сен болмасаң, бүйтіп отырар ма едік, ә?

Бибіштің үні тынғанда <sup>3</sup>, апайы көкірек кере тыныс алды.

– Е, бергеніне шүкір, тәңірім!.. Өстіп бастарың жиі қосыла берсе, шал екеуміз қартайымыз ба? Қайда жүрсендер де, осы қара шаңырақты ұмытпасандар болды ғой.

Оның сөзін Бейсен іліп әкетті:

– Әу, ағайын, бастың жиі қосылуын ойласақ, мына Дүйсен несіне анау құм далада қаңғырып жүреді, ә? Сейсен секілді бір совхоздың деректірі емес. Ендеше, бұны неге көшіріп алмаймыз, ә?

– Әй, балам, босқа сөйлеп қайтесің, – деді оған апасы. – Ол жер саған құм көрінгенмен, бұлар үшін құм емес. Адам шаңырағын қайда тігеді, жердің кіндігі – сол жер. Мұнда әкелгенде несібенді бөліп берейін деп пе едің?

<sup>1</sup> томар – түп-түп болып, үсті-үстіне шөп өскен шалшықты, қопалы жер

<sup>2</sup> күлмен қағу – күлімшеу

<sup>3</sup> үні тыну – үн шығармау

– Неге бермеймін, беремін. Мен жаңа мынаны ойладым... Анау біздің қоңыр тайыншаны ойладым, апа... Соны ертең сатып, ақшасын Дүйсеннің қалтасына салып беремін. Сөйтпесем бе, Бейсен атым өшсін!..

*Д. Әшімханұлы. «Ағайындар»*



**А** Мәтінді шартты түрде бөліктерге бөліп, ат қойыңдар.



**Ә** Әр бөліктегі негізгі ақпаратты төрт-бес сөйлеммен тезис түрінде жазыңдар.



**Б** Мәтін мазмұны бойынша ағайындылардың сезімін, көңіл күйін сипаттаңдар.



**7-тапсырма.** Анасы балаларының қай әрекетін құптайды, қандай әрекетке тыйым салады? Өз сөздеріңмен жазыңдар.



**8-тапсырма.** Мәтіннен күрделі пікірді білдіретін сөйлемдерді теріп жазыңдар. Оларды сөйлем мүшелеріне талдау арқылы жай немесе құрмалас сөйлем екенін дәлелдендер. Сөйлемдердің мағыналық қатынасын анықтаңдар.

*Үлгі : Ортасындағы дөңгелек сазда қаз қаңқылдап, үйректер сымтылдан ұшатын.* – Сабақтас құрмалас сөйлем, ыңғайлас (мезгілдік) қатынасқа құрылған.



**9-тапсырма.** Мәтіндегі сабақтас сөйлемдерді салалас сөйлемге айналдырыңдар.



**10-тапсырма.** Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, кезектес салаласқа сөйлем құраңдар. Сөйлемдеріңді талдау арқылы жай немесе құрмалас екенін анықтаңдар.

*Үлгі : Дүйсен біресе ән салғанды қалайды, біресе жастық кезді еске алады.* – Жай сөйлем, себебі бір адамның кезек әрекеті.

## ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ

*(Түсіндірмелі салалас, талғаулы салалас, кезектес салалас құрмалас сөйлемдер )*

**А.** «Отбасы және демографиялық өзгеріс» бөлімі бойынша алған білімдеріңді бекіту мақсатында иллюстрациялы эссе (эссе-иллюстрация) жазыңдар.

**Иллюстрациялы эссенің** мақсаты – айтылған ойды, шешімді дәлелдеу, яғни, дәлелдеме келтіру арқылы оқырман зейінін мәселеге аудару. Эссенің бұл түрін *дәлелдеме эссе* деп те атайды. Ең бастысы, эсседегі мысалдар пікіріңді дәлелдей алуы керек.

**5-бөлім**

Ол үшін:

- 1) бөлім бойынша оқып, тыңдаған мәтіндердегі мәселені еске түсіріп жазындар;
- 2) иллюстрациялы эссе тақырыбын таңдаңдар («Қазақ ұлтының тағдыры демографияға байланысты», «Бақытты отбасы», «Қазақстандағы демографиялық ахуал» т.б.);
- 3) таңдаған тақырыпқа сәйкес, өткен мәтіндерден қажетті ақпараттарды жинап толықтырыңдар;
- 4) эссені жоспарлаңдар (кіріспеде тақырып бойынша көтерілетін мәселе, қандай сұрақтарға жауап іздейтіндерің жайлы ойлану; негізгі бөлімде дәлелдер мен дәйектемелер келтіре отырып, тақырыпты ашу, көтерілген мәселені айқындап, оның туу себептерін көрсету. Қорытындыда тақырып бойынша түйін жасау);
- 5) жасалған жоспарды негізге ала отырып, эссе жазындар;
- 6) жазған эссені оқып, стильдік, емлелік қателіктерін, пунктуациясын тексеріңдер.

**Ә. Ашық тест тапсырмаларын орындаңдар.**

1. Түсіндірмелі салалас құрмалас деген ... .. .
2. Түсіндірмелі салалас құрмаластың басқа салалас түрлерінен ерекшелігі – ... .. .
3. Сынарларындағы іс-әрекет, жай-күйлердің бірі болмаса, бірі орындалатыны сұрыпталып берілетін құрмалас сөйлем түрі – ... .. .
4. Талғаулы жалғаулықтар – ... , ... .. .
5. Кезектес салалас құрмаластың ерекшеліктері: ... , ... .. .
6. Кезектес салалас пен талғаулы салаластардағы ұқсастықтар – ... , ... .. .

**Б. Жабық тест тапсырмаларын орындаңдар.**

1. *Жері кең елдің халқының аздығы ұлт қауіпсіздігіне үлкен қауіп төндіретінін ұғынған абзал.* Сөйлемдегі абзал сөзінің мәні:
 

а) әдемі;	в) жақсы;
ә) дұрыс;	г) рас.
б) керек;	
2. *Ағайынмен бас қосқан бір ганибет емес пе?* Сөйлемдегі ганибет сөзінің мәні:
 

а) қызық;	в) тамаша;
ә) жақсылық;	г) әдемі.
б) күшті;	

**3. Талғаулы салалас құрмалас сөйлем:**

- а) Арман қызды не театрға, не киноға шақырарын шеше алмай жүр.
- ә) Кешкі тамақты анам немесе әпкем әзірлейді.
- б) Демалыс күні азық-түлік әкелуге не әкем барады, болмаса мен барамын.
- в) Кішкентайлар үйде әжесімен немесе атасымен қалады.
- г) Ол бұл ақпаратты радиодан, яки теледидардан естіді.

**4. Кезектес салалас құрмалас сөйлем:**

- а) Кешеден бері біресе жаңбыр жауды, біресе қар жауды.
- ә) Кешеден бері біресе жаңбыр, біресе қар жауып тұр.
- б) Аяқкиімім кейде су, кейде құрғақ болады.
- в) Сол үшін бірде анамнан, кейде әкемнен ұрыс естимін.
- г) Бұл жағдай мені де, апамды да қажытты.

**5. Түсіндірмелі салалас сөйлем:**

- а) Ұлым Алматыда оқығысы келетінін айтты.
- ә) Ұлым Алматыда оқимын деп айтты.
- б) Ұлым өз ойын айтты: Алматыда оқығысы келеді екен.
- в) Ұлымның Алматыда оқығысы келетінін түсіндім.
- г) Мен мынаны түсіндім: ұлымның Алматыда оқығысы келеді.

**6. *Адам шаңырағын қайда тігеді, жер кіндігі – сол жер.***

Берілген салалас құрмалас сөйлемнің түрі:

- а) ыңғайлас салалас;                      в) қарсылықты салалас;
- ә) себеп-салдар салалас;                г) кезектес салалас.
- б) талғаулы салалас;

6

# СИНТАКСИС

## БИОТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНДІК ИНЖЕНЕРИЯ КЕЛЕШЕГІ

### БИОТЕХНОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ЖЕТІСТІКТЕРІ



**1-тапсырма.** Биотехнология деген не? Оның мақсаты қандай? Оны қашаннан қолданып жүрміз? Ой бөлісіңдер.



**2-тапсырма.** Үнтаспадан 16-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтіннің қандай пәндермен байланысы бар екенін дәлелдеп айтыңдар.



**Ә** Биотехнологияның басты мақсаты не? Биотехнологияның негізгі бағыттарын атап, есте сақтаңдар.



**Б** Биотехнологиялық жолмен алынатын биологиялық белсенді заттарды санамалап көрсетіңдер.



**3-тапсырма.** Мәтіннің жанрын, стилін анықтаңдар. Қай стильдегі мәтін екенін тілдік бірліктері арқылы дәлелдеңдер.



**4-тапсырма.** Мәтінді қайта тыңдап, термин сөздерге түсініктеме беріңдер.



**5-тапсырма.** Биотехнология әдістерін ата-бабаларымыз ежелден-ақ қолданғаны жайлы пікір алысыңдар.



### Сабақтас құрмалас сөйлем.

#### Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас

Сабақтас құрмалас сөйлемнің бірінші сыңары *бағыныңқы*, екінші сыңары *басыңқы* деп аталады. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз формада болады. Бағыныңқы сөйлем басыңқымен етістіктің көсемше, есімше, шартты рай, қимыл есімі формалары арқылы, есімдерге көмекші етістіктің, модаль сөздердің тіркесуі арқылы байланысады.

Сабақтас құрмалас сөйлем мағыналық жағынан алты түрге бөлінеді: *мезгіл бағыныңқылы*, *қарсылықты бағыныңқылы*, *шартты бағыныңқылы*, *себеп бағыныңқылы*, *қимыл-сын бағыныңқылы* және *мақсат бағыныңқылы сабақтас*.

Мезгіл бағыныңқылы сабақтастың бағыныңқы сыңары басыңқы сыңарда айтылған іс-әрекеттің болу уақытын көрсетеді де, *қашан? қашаннан бері? қай кезде? қашанға шейін?* т.б. сұрақтарға жауап береді. Кез келген сабақтас сөйлемнің бағыныңқы сыңарына басыңқы сөйлем арқылы сұрақ қойылады. Мезгіл бағыныңқылы сөйлемнің бағыныңқы сыңарының баяндауыштары төмендегідей жасалады:

- *-ғалы (-гелі), -қалы (-келі)*: *Мұнда қызу жұмыс басталғалы, жастар да тыным таппады*;
- *-ып (-іп, -п)*: *Мұрат шығып үлгермей жатып, вагонға Ержан кірді* (Т.Ахтанов);
- *-ғанда (-генде), -ған соң (-ген соң)*: *Стансыдағы екіжылдық училищеге оқуға бергенде, мен он жаста едім* (З.Шашкин);
- *-са (-се)*: *Жанпейістің үйіне барсам, Абылайдан басқа қонақ жоқ екен* (С.Мұқанов);
- *-ысымен (-ісімен)*: *Бұлар далаға шығысымен, басқалар да кетіп үлгерісті* («Қазақ әдебиеті» газетінен).



#### 6-тапсырма. Мәтінді зерттей оқыңдар.



«Оймақ пішсең де, ойлап піш» дейді халқымыз. Бүгінгі күні әр дүниенің өзінің шегі болатыны көбіміздің жадымыздан шығып барады. Мәселен, барша адамзаттың ризығы, несібесі – топырақта,

## 6-бөлім

қоршаған ортаға нәр беріп отырған да, жан бітіріп, түлетіп отырған да топырақ. Алайда осы күллі тіршіліктің кілті – топырақтың қадірін білмесе, қуаты сарқылады, нәрінен айырылады. Ғылымда мұны «топырақтың эрозияға ұшырауы»<sup>1</sup> немесе «құнарлылығынан айырылуы» дейді. Міне, сондықтан да әлемнің алдыңғы қатарлы елдері топырақты күтуге, баптауға үлкен мән береді.

Қазақстанда Жер шарындағы топырақ түрінің түгелге жуығы дерлік кездеседі, сондықтан да елімізде аграрлық секторды дамытудың мүмкіндіктері мол. Мемлекеттік саясат та аграрлық саланы дамытуға арналған жаңа технологияларды енгізуді өз бағдарына алған. Алайда Үкіметтің белсенді қолдауына қарамастан, Қазақстанның кейбір өңірінде топырақтың жарамдылығы төмендеп, егістік өнімдері жылдан-жылға азайып бара жатқанын байқауға болады.

Отандық биолог-ғалымдар бірнеше жылдан бері зерттеген іргелі ізденістерінің нәтижесінде бұршақ тұқымдас дақылдардың өнімін арттыратын «Ризовит-АКС»; малазықты сүрлеуге<sup>2</sup> арналған «Каз-биосил»; мұнай өнімдерінің қалдықтарымен ластанған топырақты тазартуға арналған «Бакойл-KZ» атты биологиялық препараттарды енгізді. Бұл препараттардың тиімділігі, біріншіден, бір тонна өсімдікке бар-жоғы 1,5–3 грамм қажет. Екіншіден, сүрленген азықтың құнарлылығы артып, төрт түлік оның 98 пайызға дейінгі мөлшерін пайдаланады. Үшіншіден, өсімдік құрамындағы барлық қоректік зат 85–90 пайызға дейін толықтай сақталады. Ал кептірілген шөпте қоректік зат мөлшері 40 пайызға дейін жоғалып кетеді. Сонымен қатар сүрленген азықпен қоректенген малдардың өнімі де артады, сүт сауылымына 0,5 литр қосылып, майлылығы 0,1 пайызға дейін көбейеді.

Қоршаған ортаны қорғау – Қазақстандағы ең өзекті мәселелердің бірі. Мұнай өндіретін өнеркәсіптердің басым бөлігі Батыс Қазақстан аймағында орналасқандықтан, «Бакойл» отандық биопрепаратын Қосшағыл, Жанаталап, Байшонас кен орындарындағы мұнаймен ластанған жерлерде сынақтардан өткізіп, нәтижесінде топырақтағы мұнай құрамы 90-нан 98 пайызға дейін төмендеді.


Аталған биопрепараттың қолданысқа енгізілуі экологиялық сауықтыруға пайдаланылып келген шетелдік, ресейлік технологияны нарықтан тықсырып, отандық биопрепараттың алға шығуына

<sup>1</sup> эрозияға ұшырау – судың, желдің және т.б. табиғи құбылыстардың әсерінен жер қыртысының түгелдей не жарым-жартылай бүлінуі

<sup>2</sup> сүрлеу – малазықты тұздап, леп шығармай топырақ астына көму

жол ашты. Отандық жаңа технологиялардың маңыздылығы сол, түкке жарамсыз болып қалған жерлердің құнарлылығын қайта қалпына келтірумен қатар, қоршаған ортаның саламаттығын арттыруға да үлкен мүмкіндік тудырып отыр.

«Егемен Қазақстан» газетінен




**А** Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақтар қойыңдар.



**Ә** Мәтінді бөліктерге бөліңдер. Әр бөліктегі негізгі ақпаратты үш сөйлеммен жазыңдар.



**Б** Қазақ биолог-ғалымдары ойлап тапқан биологиялық препараттарды атап, олардың маңызын түсіндіріңдер.




**7-тапсырма.** Мәтін мазмұны негізінде төмендегі биопрепараттарға анықтама беріңдер.

Биопрепараттар	Анықтамасы
Казбиосил	
Ризовит-АКС	
Бакофил-КЗ	



**8-тапсырма.** Берілген сөйлемдерді құрылымы мен құрамы жағынан талдап, дәлелді түсіндіріңдер.

- Барша адамзаттың ризығы, несібесі – топырақта, қоршаған ортаға нәр беріп отырған да, жан беріп, түлетіп отырған да топырақ.
- Қазақстанда Жер шарындағы топырақ түрінің түгелге жуығы дерлік кездеседі, сондықтан да елімізде аграрлық секторды дамытудың мүмкіндіктері мол.
- Үкіметтің қолдауына қарамастан, Қазақстанның кейбір өңірінде топырақтың жарамдылығы төмендеп, егістік өнімдері жылдан-жылға азайып бара жатқанын байқауға болады.



**9-тапсырма.** Мәтіннен мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдерді тауып жазыңдар. Сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдаңдар. Жай сөйлемдер арасындағы мағыналық қатынасты сұрақ қою арқылы анықтаңдар.



**10-тапсырма.** Мәтіннен бір мезгілде жасалған, бірнеше іс-әрекетті сипаттайтын жай сөйлемдерді теріп жазыңдар. Сөйлемдердің мезгілдес сабақтас құрмалас сөйлемдермен ұқсастығы мен айырмашылығын түсіндіріңдер.

## 6-бөлім

## ГЕНДІК ИНЖЕНЕРИЯНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ГЕН ИНЖЕНЕРИЯСЫ ШЕШЕТІН МӘСЕЛЕЛЕР



**1-тапсырма.** Ген деген не? Инженерия деген не? Гендік инженерия деген не? Пікір алысыңдар, болжаңдар.



**2-тапсырма.** Үнтаспадан 17-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтін не туралы?



**Ә** Гендік инженерияның мақсаты не? Алғаш рет гендік инженерия тәсілі не үшін және қашан қолданылған?



**Б** Мәтіннен жиі қайталанатын сөздерді анықтап, олардың жиі қайталану себебін түсіндіріңдер.



**3-тапсырма.** Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, гендік инженерия қазір қай салада қолданылатынын толықтырып айтыңдар.



**4-тапсырма.** Гендік инженерия қандай ғылымдар тоғысында пайда болған? Түсіндіріңдер.



**5-тапсырма.** Мәтінді өздерің білетін ақпараттармен толықтырып, бес-жеті сөйлеммен жазыңдар.



### Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Шартты бағыныңқылы сөйлемде алғашқы сыңар басыңқыдағы іс-әрекеттің орындалу-орындалмау шартын көрсетеді. Бағыныңқы сөйлем *қайтсе? не етсе? қайтпейінше? қайткенде? не еткенде?* сияқты сұрақтарға жауап береді. Бағыныңқы сыңарының баяндауыштары төмендегідей жасалады:

- *-са (-се)* шартты рай тұлғасы арқылы: *Халық өз бақыты үшін күресетінін өзі білсе, оған ешбір жау төтеп бере алмайды (Х.Есенжанов);*
- болымсыз етістікке көсемшенің *-а, -е, -й* жұрнақтарының жалғануы арқылы: *Бірлік болмай, тірлік болмайды (мақал);*
- *-ған (-ген)* есімшелі жұрнақтың жатыс септігінде келуі арқылы (*егер* сөзін қоюға болса, екінші сыңар баяндауышы келер шақта болуы керек): *Аттар тың болғанда, серіктерім Тәйкеш ауылына жетіп қалатын еді (С.Мұқанов).*



**6-тапсырма.** Мәтінді зерттей оқыңдар.

Қазіргі кезде гендік инженерияны кең көлемде медицинада тұқым қуалайтын ауруларды және қатерлі ісіктерді диагностикалау мен даму механизмдерін анықтауда қолданады. Фармацевтік

өнеркәсіпте дәрі-дәрмектерді синтездеу мен өндіруде пайдаланса, микробиологияда адамға пайдалы микроорганизмдер штамдарын<sup>1</sup> алуда қолданады. Ауылшаруашылығында адамға бағалы қасиеттері бар трансгендік<sup>2</sup> жануарлар мен өсімдіктерді алуда, жасушаларды, мүшелерді және тұтас ағзаларды клондауда қолданады. Ал сот медицинасында қылмысты анықтауда пайдаланады.

Ген инженериясы шешетін мәселелер:

- 1) генді химиялық немесе ферментті қолдану жолымен синтездеу;
- 2) әртүрлі организмнен алынған ДНК фрагменттерін бір-бірімен жалғастыру;
- 3) бөтен генді жаңа жасушаға ДНК арқылы жеткізу және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- 4) жасушаларға гендерді немесе генетикалық жүйелерді енгізу және бөтен ақуызды синтездеу;
- 5) бөтен генге ие болған жасушаларды таңдап, бөліп алу жолдарын ашу.

Биотехнологияның болашағы бар бағыттарының бірі – жасанды химерлерді алу. Химер сөзі «құрама жануар» дегенді білдіреді. Жануарлар бір тұқымның, сондай-ақ әртүрлі тұқымның немесе тіпті әр түрдің өкілдері болуы мүмкін. Химер жануарларда екі эмбрионның белгілері болады, яғни төрт ата-ананың ұрпағы катысады.

Эмбриогенетикалық инженерия – жануарлар геномын олардың өсіп-өнуінің алғашқы сатыларында белсенді араласу арқылы қайта құру. Геномды қайта құру – клондау арқылы ұрықты (эмбрионды) реконструкциялау, біріктіру немесе олардың ядроларына бөгде ДНК-ны енгізу. Бірақ эмбриондық өркендерді, химерлерді немесе трансгендік жануарларды алу тек реконструкцияланған эмбрионды дұрыс трансплантациялау<sup>3</sup> нәтижесінде ғана мүмкін.

*А. Сартаев, М. Гильманов*

-  **А** Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақтар қойыңдар.
-  **Ә** Мәтінді бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойыңдар.
-  **Б** Мәтін қай стильде жазылған? Тілдік бірліктері арқылы дәлелдеп түсіндіріңдер.

<sup>1</sup> *штамм* – морфологиялық және биологиялық қасиеттері бірдей микроорганизмдердің бір түрінің себінділері

<sup>2</sup> *трансгендік* – геномында бөтен ген немесе гендер бар жануарлар

<sup>3</sup> *трансплантация* – жоғары өнімді жануарлардың (малдардың) бірнеше эмбрионын алып, өнімі төмен жануарларға салу

## 6-бөлім



**7-тапсырма.** Гендік инженерия пайдалы ма? Қауіпті жағы бар ма? Пікір алысыңдар.



**8-тапсырма.** Берілген сөйлемдерді құрмалас сөйлем деп тануға бола ма? Сөйлемге құрылымдық талдау жасау арқылы түсіндіріңдер.

1. Гендік инженерияны фармацевтік өнеркәсіпте дәрі-дәрмектерді синтездеу мен өндіруде пайдаланса, микробиологияда адамға пайдалы микроорганизмдер штамдарын алуда қолданады.

2. Химер жануарларда екі эмбрионның белгілері болады, яғни төрт ата-ананың ұрпағы қатысады.

3. Химерлерді немесе трансгендік жануарларды алу тек реконструкцияланған эмбрионды дұрыс трансплантациялау нәтижесінде ғана мүмкін.



**9-тапсырма.** Мәтіндегі ақпаратты қолдана отырып, әртүрлі формадағы шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер жасаңдар. Жай сөйлемдерде шартты қатынас көрініс табатынын мысалдармен дәлелдеңдер.

*Үлгі:* Химер жануарларда екі эмбрионның белгілері болу керек болса, оған төрт ата-ананың ұрпағы қатысуы тиіс. Мен осы мәселе жайында білсем, айтар едім.



**10-тапсырма.** Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, гендік инженерия жайлы кең түрде пікір алысыңдар.

## ГЕНДІК МОДИФИКАЦИЯЛАНҒАН ӨНІМДЕР



**1-тапсырма.** Гендік модификацияланған өнім (ГМӨ) деген не? Оның пайдасы мен зияны қандай? ГМӨ тұтынасыңдар ма? ГМӨ жайлы өз білетіндеріңді ортаға салыңдар.



**2-тапсырма.** Үнтаспадан 18-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Тағамтану академиясының президенті Т.Шармановтың пікірінше, ГМӨ деген не?

2. Академиктің «ГМӨ генетиканы өзгертеді екен» деген пікірге жауабы қандай болды?

3. Қазақстан Ұлттық биотехнология орталығының жетекшісі Е.Раманқұловтың ГМӨ туралы пікірі қандай?



**Ә** Мәтін мазмұнын ашатын тірек сөздерді теріп жазып, мағынасын түсіндіріңдер.



**Б** Мәтіннің стилін анықтап, өз пікірлеріңді дәлелдеңдер.



**3-тапсырма.** ГМӨ-нің қайдан бастау алғаны және оның тарихы жайлы айтыңдар.



**4-тапсырма.** Ұнтаспаны қайта тыңдап, *неге?* және *қалай?* деген сұрақтың төңірегінде ГМӨ туралы білімдеріңді толықтырыңдар. ГМӨ-ге қауіппен қарау сезімін түсіндіріңдер.



**5-тапсырма.** Ғылыми стильде ГМӨ туралы үш-бес сөйлеммен шағын тезис жазыңдар.



### Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем сыңарлары қарсы мағынада айтылып, басыңқыдан бағыныңқыға *қайтсе де? қайткенмен? не етсе де? не еткенімен?* сұрақтары қойылады. Бағыныңқы сыңарының жасалу жолдары мынадай:

- бағыныңқы сөйлемнің есім баяндауыштарына *бола тұра* (бола тұрса да) көмекші етістіктері тіркесуі арқылы: *Күздің санаулы күндерінің бірі бола тұра, ауа райы жақсы еді* (С.Шаймерденов);

- *-са (-се)* шартты рай жұрнағы арқылы: *Хат танымайтыны болмаса, жігіттің сарбазы болайын деп тұр* (Ғ.Мүсірепов);

- *-са (-се)* шартты рай жұрнағына *да (де)* шылауының тіркесуі арқылы: *Шындықтың жүзі қанша суық болса да, тура қарауымыз керек* (Т.Ахтанов);

- өткен шақ есімшесінің көмектес септігінде келуі арқылы: *Балалық мінезі әлі қалмағанмен, өзін үлкен адамдарша ұстағысы келеді* (С.Мұқанов).



**6-тапсырма.** Мәтінді оқыңдар.

Гендік модификацияланған организмдер (ГМО) – гендік кодтына бөтен гендер «жабыстырылған» ағзалар. Мысалы, картоп генінің қатарына сарышаян генін қосу нәтижесінде біз ешқандай жәндік жемейтін картоп түрін аламыз. Немесе күнделікті пайдаланып жүрген қызанақты алсақ, оған солтүстік түйетабанының <sup>1</sup> генін пайдаланған. Енді ол аязға төзімді, үсімейді. Бұл бізге не үшін қажет? Айтып өткен картоп өнімі колорад қоңызынан зардап шекпейді. Ал қызанақты солтүстік аязында да өсіруге болады. Сонымен қатар бір пішінді, бірақ дәмсіз алмалар әбден шіріп біткенше керемет піс береді. Қазір байқап қарасақ, сатылатын жемістер сондай әдемі, біркелкі және ұзақ сақталатын болып келеді. Күріш геніне астық тұқымдастарында бұрын болмаған А дәруменін өндіретін генді қосуға болады. Осылай ғалымдар дақылдардың өнімділігін арттыру үшін, зиянкестерге төзімді болу үшін аз уақыттың ішінде жаңа сұрыпта р шығаруда.

<sup>1</sup> *түйетабан* – түйенің табанына ұқсас тырбыш жататын, тікенді, жеуге жарамсы өсімдік

## 6-бөлім

ГМО-ның қауіптілігі гендердің орналасуына байланысты. Гендердің өзгеріске ұшырауынан белгісіз улы заттар түзіліп, адам мен жануарларда аллергия тудыруы мүмкін. Құрамында ГМО бар азық өндірушілеріне өте көп табыс әкеледі. ГМО және трансгендік азықтың қауіпсіздігін тексеру, негізінен, өндіруші есебінен жүреді. Сондықтан ол объективті болып саналмайды. Кейбір ғалымдардың ГМО қауіпті дегенді естігілері келмейтіні сол себептен болар.

ГМО азықтарын пайдаланудың зияны, өте қауіпті аллергиялық реакциялардың пайда болу мүмкіндігі бар. Мысалы, АҚШ халқы ГМО өнімдерін еркін қолданады, аллергиямен ауыратындар саны 70 пайызды құрайды. Ал Швецияда аллергияға ұшырайтындар – 7 пайыз, өйткені бұл елде мұндай өнімдерді қолдануға тыйым салынған.

Трансгендік өнімдерді пайдалану асқазанның сілекейлі қабатының құрылымын бұзады. Жасушаларды мутацияға ұшыратады. Зат алмасудың бұзылып, иммунитеттің төмендеуіне әкеледі. Гендік модификацияланған азық-түлік – XX ғасырдың биология саласындағы үлкен жетістігі.

*М. Сәбет*



**А** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. ГМО деген не? Қалай ойлайсындар, ГМО мен ГМӨ бір ме?
2. ГМО қандай қажеттіліктен туындаған?
3. ГМО-ның қауіптілігі неде?



**Ә** ГМО-ның екіжақтылығын (қажеттілігі мен қаупін) түсіндіріңдер.



**Б** Мәтіндегі ГМО-ның қауіптілігі жайлы мәліметті есте сақтап, өмірден мысал келтіріп түсіндіріңдер.



**7-тапсырма.** Мәтіннен термин сөздерді тауып, оларға түсініктеме беріңдер.



**8-тапсырма.** Мәтіндегі ақпаратты қолдана отырып, қарсылықты бағыныңқылы сөйлем құраңдар.

*Үлгі :* ГМО арқылы өндірілген өнімдердің сақталуы ұзақ болғанмен, дәмі табиғи емес.



**9-тапсырма.** ГМО туралы ізденіп, ақпаратты толықтырыңдар.



**10-тапсырма.** Екі мәтіндегі (тыңдаған және оқыған мәтіндер) ақпаратқа өз мәліметтеріңді қоса отырып, ГМО жайлы жоспар құрыңдар. Жоспар бойынша мәліметті ретімен айтыңдар.

**ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ**

(*Сабақтас құрмалас сөйлем. Мағыналық топтары: мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас, шартты бағыныңқылы құрмалас, қарсылықты бағыныңқылы құрмалас сөйлемдер* )

**А. «Биотехнология және гендік инженерия келешегі» бөлімі бойынша алған білімдеріңді бекіту мақсатында аргументативті эссе жазыңдар.**

**Аргументативті эссенің** мақсаты – белгілі бір тұжырымды фактілер арқылы дәлелдеу. Мұнда автор эмоцияға ерік бермей, келтірген фактілерді жүйелі түрде түзіп, шындыққа негіздеуі тиіс.

Бұл эссе – белгілі бір мәселеге әртүрлі көзқарасты жеткізуді көздейтін зерттеу жұмысының түрі.

Ол үшін:

1) бөлім бойынша оқып, тыңдаған мәтіндердегі мәліметтерді еске түсіріп, эссе жазуға қажет ақпараттарды жазыңдар;

2) аргументативті эссе жазуға тақырып таңдап, оның мәнін ашатын сұрақтар қойыңдар;

3) таңдаған тақырып бойынша бөлімдердің атын ойластырыңдар. «Мінға шабуыл» жасау арқылы аргументативті бөліктерді ойлап табыңдар, яғни әр бөлімде қандай аргумент келтіру жайлы ой-пікір айтыңдар;

4) аргументтерді статистикалық мәліметтермен дәлелдеу үшін көтерілген мәселені анықтандар және оның туу себептерін айқындау үшін сол тақырып бойынша өз бетінше ізденіп, зерттеу жүргізіндер;

5) жоспар құрыңдар (әр бөлімде не айту керектігін жүйелі, бір-бірімен байланыстыра құрастырыңдар);

6) барлық жақсы эсселердің бастауы жазуға сенімді кірісу екенін есте сақтаңдар. Өз идеяларыңды толық жазыңдар. Жоспардан ауытқымаңдар. Әр бөлімге қажетті ақпараттың түгел берілгеніне көз жеткізіндер;

7) өз ойларыңды сенімді түрде қорытындылаңдар, эссені есте қаларлық фразалармен аяқтаңдар;

8) жазған эссені тексеріп, редакциялаңдар.

**Ә. Ашық тест тапсырмаларын орындаңдар.**

1. Бағыныңқы сөйлемді басыңқы сөйлеммен байланыстыратын етістіктің формалары: ... , ... , ... .

2. Мезгіл бағыныңқылы сабақтастың бағыныңқы сынарына қойылатын сұрақтар: ... , ... , ... .

**6-бөлім**

3. Бағыныңқы сыңары қайтсе? не еткенде? қайттейінше ? сұрақтарына жауап беретін құрмалас сөйлем түрі: ... ..

4. Шартты бағыныңқылы сабақтастың бағыныңқы сыңары баяндауыштарын жасаушы формалар: ... , ... , ... .

5. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмаласты жасаушы формалар: ... , ... .

6. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтастың бағыныңқы сыңарына қойылатын сұрақтар: ... , ... , ... .

**Б. Жабық тест тапсырмаларын орындаңдар.**

1. Егер жануарлар организмінде лизин жетіспейтін болса, оның денесінің өсуі тоқтайды . Құрмалас сөйлемнің түрі:

- а) мезгіл бағыныңқылы сабақтас;
- ә) себеп бағыныңқылы сабақтас;
- б) қарсылықты бағыныңқылы сабақтас;
- в) шартты бағыныңқылы сабақтас;
- г) қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас.

2. -са, -се формалы қарсылықты сабақтас құрмалас сөйлем:

а) Картоп геніне сарышаян генін қосса, ешқандай жәндік жемейтін (колорад қоңызынан зардап шекпейтін) картоп түрі алынады.

ә) Азық құрамында ГМО болса, өндірушілеріне өте көп табыс әкеледі.

б) Құрамында ГМО бар жемістердің пішіні, түрі әдемі болса да, дәмі, пісі бастапқыдан өзгеше.

в) АҚШ халқы ГМО бар өнімдерді еркін қолданса, ал Швеция тұрғындары мүлдем тұтынбайды.

г) Сыртқы пішіні әдемі және үлкен алмалар сатып алсам, құрамында ГМО бар деп шешем ұнатпайды.

3. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем:

а) Жайылымдар мен шабындықтар жетіспегендіктен, малазық дайындау қиынға соғып отыр.

ә) Жайылымдар мен шабындықтар жетіспегелі, малазық дайындау қиынға соғып отыр.

б) Жайылымдар мен шабындықтар жетіспесе, малазық дайындау қиынға соғады.

в) Жайылымдар мен шабындықтар жетіспесе де, малазық дайындауға тырыстық.

г) Жайылымдар мен шабындықтар жетіспей, малазық дайындай алмай отырмыз.

4. *-ғанда* формалы шартты бағынықылы сабақтас құрмалас сөйлем:

а) Құрамында ГМО бар азық тұтығанда не болатынын біз білмейміз.

ә) Құрамында ГМО бар азық тұтығанда, адам аллергиялық ауруға ұшырауы мүмкін.

б) Қызанаққа солтүстік түйетабанының генін қосқанда, ол аязда да өсе береді.

в) Қызанаққа солтүстік түйетабанының генін қосқанда аязда да өсе береді.

г) Адам құрамында ГМО бар азықты көп тұтығанда, аллергиялық ауруға ұшырауы мүмкін.

5. *-а, -е, -й* формалы мезгіл бағынықылы сабақтас құрмалас сөйлем:

а) Сын түзелмей, мін түзелмейді.

ә) Қонақтар түгел келмей, дастарқанға отыра алмай жатырмыз.

б) Қонақтар түгел келмей, той басталмайды.

в) Қонақтар келе сала, той басталды.

г) Қонақтар келе сала ән бастады.

6. Қарсылықты бағынықылы сабақтас құрмаластың бағынықысына қойылатын сұрақтар (2 дұрыс жауабы бар):

а) Қашан?

в) Қайткенмен?

ә) Қай кезде?

г) Қайтсе де?

б) Қайткенде?

## 7

# СИНТАКСИС

## БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

### ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАРДЫҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ



**1-тапсырма.** Отандық қандай газет-журналдарды білесіңдер? Газет-журналдарды шартты түрде қалай бөлуге болады? Газет-журнал саласында жұмыс істейтін мамандарды кім деп атайды? Газет-журнал оқисыңдар ма? Газет-журналға өлең, мақала беріп көрдіңдер ме? Пікір алысыңдар.



**2-тапсырма.** Үнтаспадан 19-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтіннің мақсатын анықтаңдар.



**Ә** Мәтін негізінде жастарды қандай мәселе қызықтыратынын анықтап, диаграммамен көрсетіңдер.



**Б** Газет оқымайтындардың басты себебін түсіндіріңдер.



**3-тапсырма.** Газет жаңалық оқу үшін ғана керек пе? Басқа не үшін керек? Газет оқудың пайдасын санамалап атаңдар. Пікір алысыңдар.



**4-тапсырма.** Елімізде шығатын газет-журналдар тізімін жасап, олардың бағытын болжаммен айтыңдар.



**5-тапсырма.** «Мен сүйіп оқитын басылым» тақырыбында шағын мәтін жазыңдар. Оның неге ұнайтынын түсіндіріңдер.



### Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің құрамындағы алғашқы сыңар басыңқы сыңарда айтылған іс-әрекеттің себебін білдіреді де, *неге? неліктен? не себепті?* сұрақтарына жауап береді. Бағыныңқы сыңардың баяндауыштарының жасалу жолдары төмендегідей:

- *-ып (-іп, -п), -й* тұлғалы көсемше жұрнақтары арқылы: *Ғасырлар бойы құлазып жатқан мың-мыңдаған гектар жерге су келіп, егістік бау-бақшалы, шұрайлы өлкеге айналды («Білім және еңбек»).* *Болыс пен тілмаш келмей, біз істі бастай алмадық (С.Сейфуллин);*

- өткен шақ есімшеге *-дықтан (-діктен)* қосымшаларының жалғануы арқылы: *Құлағына жайлы хабар тигендіктен, Ақан киіне бастады (С.Жүнісов);*

- өткен шақ есімшеге *соң, кейін* шылауларының тіркесіп келуі арқылы: *Малы кеткен соң, бағы кете бастады (Б.Майлин);*

- нөлдік формалы есімше мен тәуелдік жалғауының III жағындағы қимыл есіміне *себепті* сөзінің тіркесуі арқылы: *Үш-төрт күннен бері тапсырма жасалмаған себепті, денеміз ауырлап қалыпты («Жас Алаш»);*

- *-ғасын (-гесін)* формалы етістік арқылы: *Оңаша үйде бөтен адам болмағасын, бұл үшеуі мұңдарын, өткен-кеткенді аңгіме қылып көп отырды (С.Көбеев).*



### 6-тапсырма. Сұхбатты оқыңдар.

– *Сіздің ұғымыңызда Бас редактор деген кім?*

– Бас редактор дегеніміз – погонсыз генерал, атақ-дәрежесі рәсімделмеген ғылым докторы, патентсіз өнертапқыш, лицензия алмаған конструктор, халықтық дипломатияны бойына терең сіңірген мәмілегер<sup>1</sup>. Погонсыз генерал болатынын – газет бетінде стратегияны белгілеп, түрлі тактика қолданасың. Білік пен оқырманның арасында елшілікте жүресің. Түн ортасында, басылымның соңғы бетін баспаханаға жіберер алдында: «Осы материал қалай өзі?» – дейтін қиын жағдайлар туындайды. Ол кезде саған ешкім көмекке келмейді. Мұндайда тек білім мен білігіңе, ішкі интуицияна сүйенесің. Сөйтесің де, ұстараның жүзінде отырып ең соңғы шешімді қабылдайсың. «Тәуекел!» дейсің. Сөйтіп, генерал секілді мылтықсыз майданды басқаруыңа тура келеді. Патентсіз өнертапқыш дейтінім – газетті оқыту үшін үнемі тың идея ойлап табуға тиіссің. Жаңа тақырып, жаңа кейіпкер, жаңа айдар, жаңа коллаж, жаңа штрих... Соның бәрімен газетті күн сайын қамтамасыз етуің керек. Ендеше, өнертапқыш емей кімсің? Лицензиясыз кон-

<sup>1</sup> мәмілегер – екі жақты (тарапты) келістіретін бітімші

## 7-бөлім

структор дегеніміздің мәнісі мынау: басылым бетінде жарияланатын материалдардың бәрін де қолмен құрастырасың. Бұзып, қиратып, газетке лайықтап қайта жасақтап шығасың. Автордың ойына ой қосасың. Жөндейсің, қырнайсың<sup>1</sup>, аударасың, біріктіріп, кіріктіресің... Сонда конструктордан нең кем? Ал атақ-дәрежесі рәсімделмеген ғылым докторына теңейтінім, үнемі форма іздейсің, терминге балама табуға әрекеттенесің, академикпін деп жүргендердің ойын кеңейтіп, материалдарын олар білмейтін фактілермен байытасың. Кейде сондай сәттерден жаңалық та ашылып қалуы ғажап емес. Мысалы, Мұханның, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» шығармасының жанрын анықтап берген әдебиет теоретиктері емес, сол кітапты шығарған баспаның редакторы Сергей Дароян еді ғой. Ол: «Бұл шығармаға «сериялы роман» деу жараспайды. Кең тынысты, ауқымды ойды бейнелейтін «роман-эпопея» деу керек», – деп, атақты туындының болмыс-бітімін дәл тапқан. Олай болса, энциклопедиялық білімге не эрудит<sup>2</sup> редактордың өзін ғылым докторы секілді сезінуге құқы бар. Енді Бас редактор халықтық дипломатияны бойына терең сіңірген мәмілегер дегенге келетін болсақ, ол ел мен елді бітістіріп, байланыс орнататындай рөлде жүрмесе де, редакцияға алуан-алуан мүдде көздеп, сан қилы мақсат, неше түрлі мінезбен келетін адамдардың аптығын басып, көңілін жайландыратын, мәселесін шешіп беріп, тілін табатын немесе логикасының күштілігімен дәлелді уәж қайтаратын дипломат мәмілегер емей кім? Мен «Бас редактор» деген ұғымды осылайша түсінемін.

*Б. Омарұлы. «Жүректің көзі»  
(«Егемен Қазақстан» газетінің Бас редакторы  
Жанболат Ауыпбаевпен сұхбаттан )*



**А** Сұхбаттың мақсатын анықтап, дәлелді пікірмен білдіріңдер.



**Ә** Мәтіннен басқа тілден енген сөздерді тауып, мағынасын өз сөздеріңмен айтыңдар.



**Б** М. Әуезовтің «Абай жолы» шығармасын роман-эпопея деп атаған кім? Оның роман-эпопея деп атау себебін түсіндіріңдер.



**7-тапсырма.** Мәтінде кездесетін *генерал, ғылым докторы, өнертапқыш, конструктор, мәмілегер* мамандықтары жайлы пікір алмасыңдар.

<sup>1</sup> қырнау – артығын алып, кемін толтыру

<sup>2</sup> эрудит – білімдар адам



**8-тапсырма.** Бас редакторға берілген анықтамалардың себебін себептес салалас, сабақтас сөйлемдермен түсіндіріңдер.

*Үлгі :* Бас редактор – халықтық дипломатияны бойына сіңірген мәмілегер, себебі ол билік пен халықтың арасында елшілікте жүреді.



**9-тапсырма.** Бас редактордың кім екенін түсіндіру үшін, осы мамандыққа берілген сөйлемдерді (анықтаманы) теріп жазып, олардың құрылымын, мағыналық қатынасын анықтаңдар.



**10-тапсырма.** Мәтін мазмұнын сақтай отырып, Бас редактор қандай қасиеттерге ие болу керектігін өз сөздеріңмен жазып шығыңдар. Жазбаңда құрмалас сөйлемдер болсын.

## РАДИО ЖӘНЕ ТЕЛЕДИДАРДЫҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ



**1-тапсырма.** Жаңалықтарды радиодан тыңдағанды ұнатасың ба, әлде теледидардан қараған ұнай ма? Қандай теле-радиоарналар бар? Қай арнаны жиі қарайсың? Неге? Пікір алысыңдар.



**2-тапсырма.** Ұнтаспадан 20-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мәтінде теледидардың қандай зиянды жақтарын баяндайды? (Санамалап айтып беріңдер.)

2. Теледидарды қай бөлмеге, қалай орналастырған жөн?



**Ә** Мәтінде теледидардың зияны жөнінде ғана айтылғандықтан, оған қарсы пайдалы жақтары да бар екенін дәлелді пікірмен айтыңдар.



**Б** Мәтін қай үлгіде жазылған (баяндау ма, сипаттау ма, әлде пайымдау ма)?



**3-тапсырма.** Мәтінде айтылған ойға сыни тұрғыдан баға беріңдер.



**4-тапсырма.** Демалыс күні радиохабарлар тыңдап, хабарлардың мәніне, айдарларға көңіл бөліңдер. Қай хабар ұнады, неліктен? Дәлелді пікір білдіріңдер. Радиохабарлардың зияны мен пайдасы жайлы пікір алмасыңдар.



**5-тапсырма.** Телехабарлардың пайдасы мен зияны туралы шағын мәтін жазыңдар.



### Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарында басыңқыда айтылған іс-әрекеттің қандай амалмен жасалуын көрсетеді. Бағыныңқы сыңар *қалай? қайтін?* сұрақтарына жауап береді. Бағыныңқы сыңар баяндауыштарының жасалу жолдары мынадай:

- *-ып (-ip, -n)* жұрнақты көсемше арқылы: *Кейде үлкен көзі жарқ етіп, кісінің өңменінен өте қарайды* (Т.Ахтанов);
- *-а (-e, -й)* жұрнақты көсемше арқылы: *Қалжыңы, күлкісі араласа, шай өте көңілді ішілді* (С.Мұқанов).



### 6-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

...Өкінішке орай, прогрестің бәрі бірдей жақсылық әкеле бермейді. Адамның бақыты үшін жасалған кейбір дүниелер оның сорына айналып жатыр. Соның бірі – осы теледидар. Алғашқыда сәл басқашалау еді... Қызметтен оралып, жуынып-шайынып, бір-екі кесе шайын ішкен ерлі-зайыптылар қалалы жерде театрға дайындала бастайтын-ды. Үзбей жаңа қойылымдарға барып тұратын-ды. О да бір ғажап дәурен еді-ау! Әттең дүние, ол дәуір енді өткен! Театрлар қаңырап бос тұр. Бүгінде жұмыстан шаршап келіп, шешініп қойған адам қайта киінуге ерінеді. Жаңа қойылымға баруға ерінген, үйде қалған жастар не істейді сонда?! Көркем әдебиет оқиды деп ойлайсыз ба? Ж-о-о-қ! Ол оқуға да ерінеді. Оған қозғалмау керек. Оған жату керек! Жатып алып теледидар көру керек. Бұл құбылыс жалғыз біздің ғана емес, бүкіл әлем халқына тән әрекетке айналған.

Италия социологтері отандастары бос уақытын қалай өткізеді екен деп сұрау салғанда, жауап бергендердің 48 пайызы теледидар қарайтын, 20 пайызы радио тындайтын болып шыққан. Газет-журналға көз жүгіртіп (толық оқымай-ақ) шығатындар – 30 пайыздай.

5 миллион француз күніне 7 сағаттан көгілдір экранның алдында отыратын көрінеді. Олардың оннан жетісі – елуден асқандар және жасы ұлғайғандар.

Америка Құрама Штаттарының «Нильсон» зерттеу компаниясы бес жыл бойы үзбей шұғылданып, алты мен он бір жас арасындағы теледидар қарайтын балалардың басым көпшілігі тым ерте ет алып, семіріп кететінін анықтаған. Жарты ғасыр бұрынғы өз қатарларымен салыстырғанда, бүгінгі жапон балалары 10 килограмм ауыр және жартылай соқыр көрінеді.

Алдымен аузы күйген – жапондар. Дүниедегі ең әдемі, ең сапалы теледидар жасаушы жапондар бүгінде не істерін білмеуде. Токио

муниципалитеті<sup>1</sup> жанындағы жастар тәрбиесімен шұғылданатын кеңес астана губернаторына ресми хат жазып, әр отбасы өздері үшін бір күнді теледидар қарамайтын күн етіп тағайындаса деп ұсыныс жасаған. Мұны ата-аналардың көпшілігі қолдайтын көрінеді. Қоғамдық пікірді қадағалап және таразылап отыратын Жапония институты: «Үй тірлігінде, ең алдымен, неден құтылғыларың келеді?» деген сұрақ таратқанда, жапондардың 37 пайызы теледидардан, 20 пайызы газеттен, қалғандары «телефон және басқа электронды құралдардан құтылсак жақсы болар еді» деп жауап беріпті.


Қ. Мырза Әлі. «Жазмыш»



**А** Мәтінге ат қойыңдар. Неліктен олай атағандарыңды түсіндіріңдер.



**Ә** Мәтінді шартты түрде бөліктерге бөліңдер. Алғашқы бөлікте не туралы айтылатынын, мәселенің мәнін анықтаңдар.



**Б** Келесі бөлікте социологиялық зерттеулер нәтижесі қалай баяндалатынын өз сөздеріңмен жеткізіңдер.



**7-тапсырма.** Жапондар үй тірлігінде неден құтылғысы келеді екен? Диаграммамен беріп, есте сақтаңдар. Себебін болжап айтып көріңдер.



**8-тапсырма.** Берілген сөйлемдерге құрылымдық талдау (сөйлем мүшелеріне талдау) жасаңдар. *-ыл* формасы бірнеше қызмет атқаратынына назар аударыңдар. Сөйлем құрмалас па, жай сөйлем бе? Дәлелдендер.

1. Қызметтен оралып, жуынып-шайынып бір-екі кесе шайын ішкен ерлі-зайыптылар қалалы жерде театрға дайындала бастайтын-ды.

2. Бүгінде жұмыстан шаршап келіп, шешініп қойған адам қайта киінуге ерінеді.

3. Токио муниципалитеті жанындағы жастар тәрбиесімен шұғылданатын кеңес астана губернаторына ресми хат жазып, әр отбасы өздері үшін бір күнді теледидар қарамайтын күн етіп тағайындаса деп ұсыныс жасаған.



**9-тапсырма.** Мәтіндегі сөйлемдерден себептік қатынастағы құрмалас сөйлем жасаңдар. Екінші азатжолдың бірінші сөйлемін көшіріп жазып, мағыналық қатынасын анықтаңдар.



**10-тапсырма.** Тілдік бірліктері арқылы мәтіннің стилін анықтап, дәлелдендер.

<sup>1</sup> муниципалитет – кейбір елдегі сайланып қойылатын жергілікті басқарма орны

## ҒАЛАМТОР ЖЕЛІСІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ



**1-тапсырма.** Ғаламтор деген не? Сендер ғаламтор жүйесін қаншалықты қолданасыздар? Ғаламторды қолданудың пайдасы мен зияны туралы не білесіңдер? Ой бөлісіңдер.



**2-тапсырма.** Үнтаспадан 21-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтіннің мақсатын түсіндіріп, негізгі ойды анықтаңдар.



**Ә** Мәтіннен басқа тілден енген сөздерді анықтап, олардың мағынасын ашыңдар.



**Б** Ғаламтордан компаниялар мен өнімдер жайлы ақпаратты қалай табу керектігін түсіндіріңдер.



**3-тапсырма.** Ғаламтордың пайдалы жақтарын (білім, ғылым саласында қандай көмек беретінін) санамалап айтыңдар.



**4-тапсырма.** Өздерің ғаламторды қандай жағдайда қолданасыздар? Ақпаратты толықтырыңдар.



**5-тапсырма.** Мәтіннен алынған ақпаратты қосып және өздерің ізденіп, ғаламтордың мүмкіндіктері туралы жазыңдар. Дәлелді әңгімелей біліңдер.



### Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің алғашқы сыңарында басыңқы сөйлемде айтылатын іс-әрекеттердің мақсаты баяндалады. Бағыныңқы сыңар *неге? не үшін? қандай мақсатпен?* деген сұрақтарға жауап береді.

Бағыныңқы сыңар баяндауыштарының жасалу жолдары:

- *-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек* жұрнақты етістікке *болып (бол)* көмекші етістігінің тіркесуі арқылы: *Ол өзінің жұмыс істейтін жерін көрсетпек болып, бүгін цехқа жолдасы екеуі келіп еді («Жас Алаш»);*

- тұйық етістікке *үшін* шылауының тіркесуі арқылы: *Дәуіт ұшып кетпеу үшін, қарлығаш оның қанатын қырқып қояды (С.Мұқанов);*

- бағыныңқы сөйлем баяндауышына *деп* көмекші сөзінің тіркесуі арқылы: *Жұрт өсектеп жүрер деп, хатшыны үйінің маңына жолатпады (Б.Момышұлы).*



**6-тапсырма.** Мәтінді оқыңдар.

Ғаламтор – ескі мен жаңаның, өткен мен болашақтың, қатыгездік пен мейірімнің, бар мен жоқтың мидай араласқан ортасы.

Ғаламтор қазақ қоғамына енгелі көп бола қойған жоқ. Аз уақытта әлем торласып үлгерді. Кешегі жаңалық – жаңалық болмай қалды. Сол заматта бүгінгі жаңалық та ескіріп үлгереді...

Жақсылық іздеу кемшін. Көбіміз қандай өрт, апат, қанқұйлы<sup>1</sup> іс болды екен деп елегіземіз...



Айналаңыздағы оқиғаға, іске, түрлі тағдырға назар салмауыңыз мүмкін, бірақ өзге кшырдағы қилы тағдырға көзмоншағыңызды үзесіз. Ең бастысы, қандай ақпарат оқысаңыз да, соған сай жауап қалдыруыңызға, пікір білдіруіңізге құқыңыз бар. Сіз саясаттанушы, мәдениеттанушы, болмаса философ яки әлдебір саланың ғалымы болуыңыз шарт емес. Көзқарасыңызды жазыңыз, шамына тиініз<sup>2</sup>, сынаңыз, алғыс айтыңыз, ерік алдыңыздағы компьютердің пернетақтасына басылған саусақтарыңызда... Пікірдің сан алуандығы – демократиялық өлшем. Солай ма екен? Білмеймін... Енді сіз «мұным қалай болар екен» деп ойланбастан, мейлі ол кім болса, ол болсын, жағасынан аласыз. Тығылып отырып пікір жазасыз, тасада тұрып тас лақтырасыз. Қой дейтін ешкім жоқ. Міне, еркіндік! Алпыстағы ағаның жазбасына бесіктен белі шықпаған әлдебір жеткіншек пікір қалдыра алады. Әрине, еркін пікір білдіріп үйренген жөн. Алайда әдептен озбауды ұмыта беретініміз де жасырын емес.

Ғаламторшыл бала демекші, оның немен айналысып, нені оқып, нені көріп отырғанын қадағалайтын ата-ана керек. Алайда ғаламтор түгілі, компьютердің тінтуірін ұстап көрмеген отағасы мен отанасы оны қалай қадағаламақ?..

Ғаламтор – айғай мен сүреңнің, үнсіздік пен момақан арманның, ізгі ой мен ібілістік арпалыстың жәшігі. Қоқысқа толы, інжуі де жетерлік. Керегін алыңыз. Бірақ керегін табу оңай емесін көкейге бекем сақтаңыз. Керексізді дерексіз таба салу – жылдам...

Жан азығын сыйлайтын құнды дүниені қолмен ұстап оқығанға не жетсін?! Бірақ көп кітапқа адамдардың қолы жетпеуі де мүмкін. Бәлкім, қымбат тұрар. Электрондық кітаптардың пайда болуы осындай қажеттілікті аз да болса қанағаттандыра бастады. Десе де

<sup>1</sup> қанқұйлы – қаныпезер, жауыз

<sup>2</sup> шамына тию – намысына тию

## 7-бөлім

академиялық кітапханалардың орнын ғаламтор баса алмайды. Бірақ оның да ғылыми тегеуріні шексіз. Тек аздаған мәдениет керек... Ғаламтор мәдениетін ерте игермеу – өзімізге сын. Ғаламтордың шырмауына түскен ұрпақты сауықтыру үшін, ұлттық иммунитеттің күші жеткілікті болуы керек. Ал оған шамамыз жетпесе, мылқау ұрпақ пен керең өспірім қаулайды. Қазір сол дәуірдің басы. Болу мен бордай тозудың арасы...

Т. Таңжарық



**А** Мәтіндегі негізгі ойды үш сөйлеммен жеткізіңдер.



**Ә** Тілдік бірліктері арқылы мәтіннің стилін, жанрын анықтаңдар.



**Б** Сөз мәнін зерделейік! Мәтінде кездесетін *ғаламтор, пернетақта, тінтуір* сөздерін түсіндіріңдер.



**7-тапсырма.** Мәтіннен салыстырылған әрекеттер жайлы теріп жазыңдар. Олардың себебін ашып көрсетіңдер.



**8-тапсырма.** Ғаламторды қандай мақсатпен қолданатындарың жөнінде сөйлемдер құраңдар. Сөйлемдерің мақсат пысықтауышты жай сөйлем бе, мақсат бағыныңқылы құрмалас сөйлем бе? Сөйлемдердің аражігін ажыратып түсіндіріңдер.



**9-тапсырма.** Соңғы азатжолдағы бірінші, екінші сөйлемдерден құрмалас сөйлем жасап, мағыналық қатынасын анықтаңдар. Салаластыра және сабақтастыра байланыстырып көріңдер.



**10-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сүйене отырып, ғаламтордың пайдалы және зиянды жақтарын таразылап, жинақы мәтін жазыңдар.

## ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ

(*Себеі бағыныңқылы құрмалас, қимыл-сын бағыныңқылы құрмалас, мақсат бағыныңқылы құрмалас сөйлемдер*)

А. «Бұқаралық ақпарат құралдары» бөлімі бойынша алған білімдеріңді бекіту мақсатында эссе жазыңдар.

**Сипаттамалық эссе** детальдар арқылы оқырманға сипатталған затты елестетеді.

**Хабарламалық эссе** болған, болып жатқан әрекет, маңызды оқиға жайлы жеке пікірін жеткізеді.

**Анықтамалық эссе** белгілі бір ұғымның мән-мағынасын ашып, дәлелдеп береді.

**Салыстырмалы эссе** екі не одан да көп мәселенің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын зерттеп көрсетеді.

**Иллюстрациялы (дәлелдеме) эссе** айтылған ой арқылы оқырманға өз тұжырымын дәлелдейді.

**Аргументативті эссе** қарама-қайшылық тудыратын тақырыптарға арнап жазылады. Келтірілген фактілер арқылы өз тұжырымын дәлелдейді.

Ол үшін:

1) ойды жеткізу мақсатында эссе түрлерін еске түсіріңдер. Олардың ерекшелігін түсіне отырып, осы бөлімде өткен тақырыптар эссенің қай түріне сәйкес келетінін анықтаңдар;

2) эссе жазуға тақырып таңдаңдар. Тақырыптың мәнін ашатын сұрақтар қойыңдар, яғни осы тақырыпта эссе жазу үшін не айтатындарынды, қандай сұрақтарға жауап беретіндерінді нақтылаңдар;

3) жоспар құрыңдар (жоспарларын таңдаған тақырып пен ойды жеткізуге қатысты эссе түріне сай болсын);

4) жоспарға сүйеніп, эссе жазыңдар;

5) өз ойларыңды сенімді түрде қорытындылаңдар, эссені есте қаларлық фразалармен аяқтаңдар;

6) жазған эссені оқып, тексеріңдер (ой жалғастығын, азатжолдар құрылымының дұрыстығын, грамматикалық, стилистикалық қателерін тексеріңдер).

**Ә. Ашық тест тапсырмаларын орындаңдар.**

1. Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сынарына қойылатын сұрақтар: ... , ... , ... .

2. Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сынарына қойылатын сұрақтар: ... , ... , ... .

3. Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сынарына қойылатын сұрақтар: ... , ... , ... .

4. Бағыныңқы сынардың баяндауышы *-ын (-ін, -н)* тұлғалы көсемше жұрнақтарымен келетін сабақтас құрмалас сөйлемдер: ... , ... , ... .

5. *-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек* жұрнақты етістікке *болып (боп)* көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалатын сабақтас құрмалас сөйлем: ... .

6. *-дықтан, -діктен* қосымшаларының жалғануы арқылы жасалатын сабақтас құрмалас сөйлем: ... .

## 7-бөлім

**Б. Жабық тест тапсырмаларын орындаңдар.**

1. Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем:

а) Үйімізде тегін жаңалық көзі бар болған соң, мен газет алып шығындалмаймын.

ә) Жатын бөлмедегі теледидар – ұйқысыздық пен бас аурудың себебі.

б) Балалар бөлмесінде теледидар мүлдем болмауы керек, себебі баланың ойы бөлініп, ой-өрісіне кері әсер етеді.

в) Теледидар асүйде болса, оны көріп отырған адам тамақты бей-берекет іше береді.

г) Бұрын ата-әжелеріміз газет-журнал жаздырып алатын, себебі жаңалық сол арқылы жететін.

2. Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем:

а) Қалалы жерде қызметтен оралып, жуынып-шайынып, бір-екі кесе шай ішкен ерлі-зайыптылар театрға дайындала бастайтын.

ә) Бұрын қалалы жерде ерлі-зайыптылар қызметтен оралып, жуынып-шайынып, бір-екі кесе шай ішіп алып театрға дайындала бастайтын.

б) Қызметтен оралған ері жуынып-шайынып, зайыбы бір-екі кесе шай беріп, екеуі театрға дайындалатын.

в) Бұрын ері қызметтен келісімен, жұбайы шай беріп, екеуі театрға жиналатын.

г) Қызметтен келген еріне бір-екі кесе шай берген соң, екеуі театрға жиналатын.

3. Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем:

а) Бүгінде жұмыстан шаршап келіп, шешініп қойған адам қайта кінуге ерінеді.

ә) Бүгінде отағасы жұмыстан шаршап келген соң, жұбайы театрға бару жайлы ойын да айта алмайды.

б) Бүгін отағасы жұмыстан тым шаршап келмесе, ол театрға баруды жоспарлап отыр.

в) Жұбайы екеуі театрға бармақ болып, ол бүгін кешкі асты ертерек әзірледі.

г) Жұбайы жұмыстан ертерек келсе, екеуі театрға барар еді.

4. *Ғаламтор қоқысқа толы болғанымен, інжуі де жетерлік*.  
Құрмалас сөйлемнің түрі:

а) мезгіл бағыныңқылы сабақтас;

ә) себеп бағыныңқылы сабақтас;

б) қарсылықты бағыныңқылы сабақтас;

- в) шартты бағынықылы сабақтас;
- г) кимыл-сын бағынықылы сабақтас.

5. *Ғаламтор мәдениетін игермеу – өзімізге сын.*

Сөйлемнің түрі:

- а) жай сөйлем;
- ә) салалас құрмалас сөйлем;
- б) сабақтас құрмалас сөйлем;
- в) шартты салалас құрмалас сөйлем;
- г) шартты бағынықылы сабақтас сөйлем.

6. Мақсат бағынықылы сабақтас құрмалас сөйлем:

- а) Жылдам ақпарат алу үшін, жастар ғаламтормен жұмыс істейді.
- ә) Жастар ғаламтордан жылдам ақпарат алу үшін жұмыс істейді.
- б) Жастар, жылдам ақпаратты ғаламтормен жұмыс істеу арқылы ала аласыңдар.
- в) Ғаламтормен жұмыс істей алсаңдар, жылдам ақпарат ала аласыңдар.
- г) Жылдам ақпарат алғың келсе, ғаламтормен жұмыс істендер.


# СИНТАКСИС

## ӘЛЕМДЕГІ ҚАҚТЫҒЫСТАР ЖӘНЕ БЕЙБІТШІЛІК

### ӘЛЕМ НАЗАРЫН ӨЗІНЕ АУДАРТҚАН ҚАҚТЫҒЫСТАР



**1-тапсырма.** *Қақтығыс* сөзін қалай түсінесіңдер?



**2-тапсырма.** Үнтаспадан 22-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтінге ат қойыңдар.



**Ә** Мәтіннің мақсатын анықтап, жанрын көрсетіңдер.



**Б** *Неге? не үшін?* деген сұрақтың төңірегінде Араб-Израиль қақтығысының туындау себебін, палестиналық арабтардың өз жерлерін тастап кетуіне не себеп болғанын өз сөздеріңмен түсіндіріңдер.



**3-тапсырма.** Топ болып, «*Соғысты араб жағы бастаса да, оның алғышарттарын жасаған – еврейлер. Бұл соғыс арабтар шыдамының соңғы тамшысы еді*» деген пікірді құптайтындарыңды немесе құптамайтындарыңды айтып, пікірталас ұйымдастырыңдар.



**4-тапсырма.** Мәтін мазмұны негізінде сөйлемдерді ретімен қойып, жоспар құрыңдар.

- Араб-Израиль соғысының нәтижесі;
- Израиль мемлекетінің пайда болуы;
- Араб-Израиль әскерлерінің әрекеттері;
- Арабтардың Палестина соғысынан кейінгі шешімі.



**5-тапсырма.** Жоспарға сүйеніп, мәтіндегі негізгі ойды бес-жеті сөйлеммен жазыңдар.



### Көпқұрамды құрмалас сөйлемдер

Құрамындағы сөйлемдер саны екіден көп болатын құрмалас сөйлемдердің басты ерекшелігі – компоненттер (сөйлемдер) санында. Үш немесе одан да көп компоненттен құралып, олар бір-бірімен өзара салаласа не сабақтаса немесе осы екі байланыс түрінің араласа келуі арқылы байланысады. Осыған орай оның үш түрі бар:

- көпқұрамды салаластар;
- көпбағыныңқылы сабақтастар;
- аралас құрмаластар.

Мысалы: 1. *Қарын ашады, бірақ қосқа баруға қорқамын, оны маңайлап қасқырлар жүрген сияқты* (С.Мұқанов). 2. *Көп күліп жатқанда, біреу сазарып отырса, оның жаны жұмбақ қой* (Ж.Аймауытов). 3. *Көк қалың болғанымен, жерде әлі сыз бар, қар суын бойына тартып дегди қоймаған-ды* (Ә.Нұрпейісов).



### 6-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

Адамзат баласы өзінің тарихында қақтығыстарды қарусыз саяси жолмен шешуде біраз тәжірибе жинақтады. Бірақ ХХ ғасырдың екінші жартысында қақтығыстар адамзат баласының өмір сүруіне, тірі қалуына нақты қауіп-қатер туғызатыны анықталды, сондықтан да ғылыми еңбектерде кең көлемде қақтығыстар мәселесін жан-жақты ашу қалыптаса бастады. Оның мақсаты қақтығыстардың ашық, қарулы түрінің алдын алу, оларды реттеу немесе жөнге салу, сондай-ақ қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу еді. Сондай қақтығыстардың бірі – Үндістан мен Пәкістан арасындағы Кашмир мәселесі.

Тарихқа жүгінсек, Үндістан мен Пәкістан мемлекеттері өз тәуелсіздігін алмай тұрып-ақ, даулы қақтығыстардың ортасында болған. Сонау 1846–1947 жылдары, Кашмир жартылай тәуелсіз болған кезінде, ислам дінін ұстанушылар қоныстана бастаған болатын. Сол кездегі Ұлыбританияның қол астындағы Үндістан үкіметі индунзм ұстанушыларын қолдап, мемлекеттік қызметтерге үнділерді көбірек араластырады. Осыған наразы болған мұсылмандар 1931 жылы үнділермен алғашқы даулы қақтығысқа тап болды. Міне, осы кезеңнен бастап Кашмир қақтығысы өзінің шешімін іздеуде. Кашмир қақтығысының ішкі аумақтық қана емес, екі ел арасындағы қақтығысқа айналуы аймақтағы қауіпсіздік мәселесіне тікелей әсер етуде. Бүгінгі Кашмир мәселесі шығуының алғышарты Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңге келеді.

1947 жылы ақпанда Ұлыбритания Премьер-министрі Клемент Эттли лейбористік үкіметтің Үндістанға қатысты жаңа саясаты белгіленген Ш Декларацияны қабылдайды. Декларацияда 1947 жылдың шілде

## 8-бөлім

айынан бастап Ұлыбританияның Үндістаннан толық шығатыны жөніндегі міндеттеме белгіленген еді. Егер осы уақытқа дейін Орталық үкімет қалыптаспаса, онда билік тізгіні провинцияларға <sup>1</sup> беріледі деп шешілген болатын. Елдегі Үнді ұлттық конгресі (ҮҰК) мен Мұсылман Лигасы (МЛ) саяси партияларының арасында ортақ пікірдің болмауы, қауымаралық және дінаралық қақтығыстардың өрши түсуі, сондай-ақ Үндістанның бөлшектену қаупінің төнуіне байланысты елді екі доминионға <sup>2</sup> бөлу қиын жағдайдан шығудың ең тиімді жолы ретінде қарастырылды. ҮҰК Үндістанның екі бөлшекке бөлінуіне қарсы болса, МЛ екіге бөліну теориясын ұстанып, сонында екі партия да тәуелсіздікті қолдады. Осындай саяси бағыттардың негізінде британдық Үндістанда 1947 жылдың 15 тамызында екі тәуелсіз мемлекет – Үндістан мен Пәкістанның пайда болғаны белгілі.

*А. Әлімбаев, А. Түркістанова.  
«Үнді-Пәкістан арасындағы қақтығыс»*



**А** Мәтінде көтерілген мәселе бойынша талқылау сұрақтарын құрастырыңдар. Сұрақтарға дәлелді жауап беру арқылы екі тәуелсіз мемлекеттің пайда болу себебін түсіндіріңдер.



**Ә** Тыңдаған және оқыған мәтіндердегі ортақ мәселені анықтаңдар. Қақтығыс туындауының бір себебі ретінде сол мәселені айтуға болатыны-болмайтыны жайлы пікір алмасыңдар.



**Б** Мәтіннен күрделі сөздерді тауып, олардың жасалу жолдарын түсіндіріңдер.



**7-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сүйеніп, күрделі жоспар құрыңдар.



**8-тапсырма.** Мәтінге қосымша «Мұны да білген жөн!» айдарындағы ақпаратты оқып, берілген сөйлемдегі ойға өз пікірлеріңді білдіріңдер.

Кашмир қақтығысының ішкі аумақтық қана емес, екі ел арасындағы қақтығысқа айналуы аймақтағы қауіпсіздік мәселесіне тікелей әсер етуде.

### Мұны да білген жөн!

• Джамму мен Кашмир – Үндістан, Пәкістан және Қытай шегаралары түйіскен аумақта орналасқан штат. 1846–1947 жылдар аралығында Ұлыбританияның отары болды. 1947 жылы Британиядан бөлініс кезінде оның жерінің 60 пайызы

<sup>1</sup> провинция – орталықтан, ірі қалалардан қашық жердегі аудан, елді мекен  
<sup>2</sup> доминион – бұрынғы Британ империясының өзін-өзі басқаратын бөліктерінің атауы

Үндістанның 40 пайызы Пәкістанның қарамағына өтті. Пәкістанға қараған өңір «Азат Кашмир» және «Солтүстік провинция» деп аталады. 1962 жылы Ақсай-Чин ауданын, яғни штат аумағының 10 пайызын Қытай басып алып, өзіне қаратты.

• Дхамму және Кашмир тұрғындарының 90 пайызы – мұсылмандар. Олар өздерінің Үндістанның билігінде болғанына наразы. Үндістан Конституциясының 370-бабына сәйкес Дхамму мен Кашмир – бірден-бір ерекше мәртебеге ие штат. Штаттың өз туы және Конституциясы бар. Үндістанда қабылданған кез келген заң штаттың өз парламентінде мақұлданбай, күшіне енбейді. Үнді парламентінде бұларға арнап 111 депутаттық орын белгіленген. Басқа штаттардан келген үндістандықтар Дхамму мен Кашмирден жер не үй сатып ала алмайды.

«Алматы ақшамы» газетінен



**9-тапсырма.** Мәтіннен үш құрмалас және үш күрделі сөйлемді тауып жазып, сөйлем мүшелеріне талдаңдар. Олардың құрмалас (неше сөйлемнен тұратынын, сөйлемдер арасындағы мағыналық қатынасты анықтаңдар) және күрделенген жай сөйлем екенін дәлелдендер.



**10-тапсырма.** Екі мәтіндегі (тыңдаған және оқыған мәтіндер) ақпаратты қорыта отырып, «Әлемдегі ірі қақтығыстар, олардың туындау себептері» тақырыбына ойтолғау жазыңдар. Жазу барысында көпқұрамды құрмаластарды (кемінде 3 сөйлем) қолданыңдар. Олардың көпқұрамды екенін түсіндіріңдер.

## ДИНАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ – ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Қазіргі дүние жолайрықта тұр. Дін – руханисыздық пен ашкөздіктің алдындағы аса берік қорғаушы бөгеттерінің бірі... Әлемнің ұлы ойшылдары дінді өнегелілік формуласы деп атайды.

*Н. Назарбаев*



**1-тапсырма.** Қазақстан халқы ұстанатын діндер жайлы ой бөлісіңдер.



## 8-бөлім



**2-тапсырма.** Үнтаспадан 23-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін ұйымдастырудағы мақсатты айқындаңдар.



**Ә** Қазақстандағы басты діни конфессиялар қандай екенін дәлелді түсіндіріңдер.



**Б** Косымша ақпарат көздерін пайдаланып, сендерге таныс емес дін бағыттары (мысалы, синтоизм, зороастризм) туралы пікір алысыңдар.



**3-тапсырма.** «Мұны да білген жөн!» айдарымен танысып, съезге қатысушы елдер мен делегаттар санына байланысты диаграмма жасаңдар. Тыңдаған мәтіндегі және «Мұны да білген жөн!» айдарындағы ақпараттарды қолдана отырып, шағын монолог дайындаңдар.

### Мұны да білген жөн!

#### Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі

1-съезд. 2003 жылы 23-24 қыркүйекте Астанада өтті. Оның жұмысына ислам, христиан, иудаизм, синтоизм, индуизм, буддизм діндерінің беделді өкілдері қатысты. Съездің мақсаты – әлемдік және дәстүрлі дін нысандарында дін келіссөзін жүзеге асыру және шешімдер қабылдау үшін әрекет ететін халықаралық конфессияаралық институт құру.

2-съезд. 2006 жылы 12-13 қыркүйекте Астанада арнайы салынған «Бейбітшілік пен келісім сарайында» өтті. Съезд жұмысына әлемнің 20-дан аса елінен 43 делегация қатысты. Тақырыбы – «Дін, қоғам және халықаралық қауіпсіздік».

3-съезд. 2009 жылы 1-2 шілдеде Астанада өтті. Еуропа, Азия, Таяу Шығыс және Американың 35 елінен 60-тан аса делегация қатысты. Тақырыбы – «Толеранттылық, өзара құрмет және ынтымақтастыққа негізделген әлемді қалыптастырудағы дін көшбасшыларының рөлі».

4-съезд. 2012 жылы 30-31 мамырда Астанада өтті. Әлемнің 40 елінен 85 делегация қатысты. 4-съездің басты тақырыбы – «Бейбітшілік пен келісім – адамзат таңдауы».

5-съезд. 2015 жылы 10-11 маусымда өтті. Съезд жұмысына 42 елден 80-нен аса делегация қатысты. Тақырыбы – «Бейбітшілік пен даму үшін диалог».

6-съезд. 2018 жылы 10-11 қазанда өтті. Съезд жұмысына 46 елден 82 делегация қатысты. Тақырыбы – «Діни көшбасшылар қауіпсіз әлем үшін».

*«Егемен Қазақстан» газетінен*



**4-тапсырма.** Осы бөлімдегі бірінші және екінші тақырыптардың сабақтастығы неде екенін түсіндіріңдер.



**5-тапсырма.** «Дін – руханисыздық пен ашкөздіктің алдындағы аса берік бөгеттердің бірі...» деген Елбасы пікіріне өз ойларыңды жазыңдар. Жазбаңдағы сөйлемдердің құрмалас не жай сөйлем екенін талдау арқылы дәлелдендер.



### Көпқұрамды салалас және көпбағыныңқылы сабақтас сөйлемдер

Көпқұрамды салалас құрмаластардың екіқұрамды салаластан басты ерекшелігі – құрмаластың құрамындағы сөйлемдердің санында болса, көпқұрамды өзге құрмаластардан айырмашылығы – құрамындағы сөйлемдердің бір-бірімен тек салаласа байланысуында. Бір салалас сөйлем үш немесе одан да көп жай сөйлемнен құралады. Мұндай көпқұрамды сөйлемдердің мағыналық қатынастары бір түрлі де, әртүрлі де болуы мүмкін. Мысалы: *Теңіз көкпеңбек, құм-қайрақ жағасы алтындай сап-сары, төңірек сыңсыған орман* (Р.Тоқтаров). *Сәдір өзі ат үстінде, найзасы қолында, қасында Есенеі жіберген Кенжетай бар, ол да салт* (Ғ.Мүсірепов). *Карантинде асхана жоқ екен, тамақты бір жақтан береді, онысы суып қалған бірдеңе және ол құрсағымызға жұғын боп жарытпайды, қарнымыз ашады-ақ, өліп кете жаздаймыз, сол уақытта тамақ іздеп бармайтын жеріміз жоқ* (С.Кәкішев).

Құрамында екі және одан да көп бағыныңқысы бар және басыңқы компоненттен тұратын көпқұрамды құрмаластың түрі.

Көпбағыныңқылы сабақтас құрмаластардың құрамындағы бағыныңқы компоненттердің әрқайсысы басыңқымен мағыналық, тұлғалық жағынан үйлесе байланысса, жарыспалы көпбағыныңқылы сабақтас түзіледі. Мысалы: *Күні бойы жаңбыр жауып, оның үстіне қатты жел тұрып, бараққа зорға жеттік* (С.Мұқанов).

Енді бір сөйлемдерде алғашқы сыңар соңғы басыңқымен тікелей байланысқа түсе алмайды, тек өзінен кейінгі бөлік арқылы байланысады. Мұндай байланыс сатылы көпбағыныңқылы сабақтасты түзеді. Мысалы: *Қартқожа қайтып келсе, бір топ жігіт жиналып, ортасында біреу ән шырқап жатыр екен* (Ж.Аймауытов).



**6-тапсырма.** Мәтінді оқыңдар.

### Қазақстан халқы Ассамблеясы

1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Оның негізгі бағыты барлық этностық топтарды ортақ мақсатқа жұмылдыру болды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы тәуелсіздіктің бірінші жылына арналған Қазақстан халқының форумында жариялаған. Осындай институтты құру қажеттілігі саяси, сондай-ақ жанадан құрылған тәуелсіз, көпэтносты, көпконфессиялы мемлекеттің тұрақты дамуы

## 8-бөлім

тұрғысынан туындаған болатын. Әлемде кез келген көпэтносты мемлекет өз еліндегі этносаралық қатынастардың дара моделін теориялық жүзінде анықтап, практикада оны жүзеге асырады.

Әлем тәжірибесінде этносаралық қатынастардың түрлі модельдері кездеседі: Солтүстік Американың, Оңтүстік Американың, Еуропаның, Ресейдің, Қытайдың және т.б. елдердің өзіне тән модельдері бар. Өз салт-дәстүрімен, тарихымен ерекшеленген Қазақстан айтылған этносаралық қатынастардың түрлі модельдерінің ешқайсысына да сәйкес келмеді.

Этносаралық қатынастардың қазақстандық моделі Қазақстан қоғамына ғана тән ерекшеліктерді ескереді. Атап айтқанда: Қазақстан халқы байырғы қазақ жерінде өмір сүріп, дамып келеді; мемлекет құрушы және мемлекет атауына ие ұлт – қазақтар; мемлекет – унитарлы; қоғамды топтастыратын ұлт – қазақтар; мемлекет көпэтникалық сипатымен ерекшеленеді. Қазақ жеріне көптеген этностар саяси қысым арқылы мәжбүрлеу, депортациялау саясатының нәтижесінде қоныстанған. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Қазақстандағы барлық этностың өз ұлттық тілін дамытуға деген ұмтылысына шек қойылмайды, халық көпконфессиялы қоғамда өмір сүреді. Қоғамда ұлтаралық және конфессияаралық толеранттылықтың дәстүрі қалыптасқан, оның тамыры – терең.

Бүгінгі күні Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі әрбір этностың мүддесін қорғайтын қоғамдық бірлестік болып саналады, сондай-ақ көпэтносты Қазақстан халқын топтастырушы институт ретінде қалыптасты. Ассамблея Қазақстан азаматтарын отан-



сүйгіштікке тәрбиелеуге, халықтар арасындағы достық пен бірлікті нығайту ісіне өлшеусіз үлесін қосып келеді.

Ассамблеяның басты ерекшеліктерінің бірі – этностық топ өкілдерінің мүдделерін ел Парламентінде білдіру. 2007 жылы Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 9 депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды. Олар елдегі барлық этностың мүддесін білдіреді. Ассамблеядан сайланған депутаттар заң шығару үдерісіне белсенді қатысып, заңшығарушылық бастамашылық құқығын жиі пайдаланады.

«Егемен Қазақстан» газетінен



**А** Мәтінде көтерілген мәселелерді анықтау үшін бір-біріңе сұрақтар қойыңдар.



**Ә** Сөз мәнін зерделейік! Сөздіктерді пайдалана отырып, берілген сөздерге анықтама беріңдер.

ассамблея	
форум	
көпэтносты мемлекет	
көпконфессиялы мемлекет	
унитарлы мемлекет	
депортациялау	
толеранттылық	



**Б** Қазақстан халқы Ассамблеясын «институт» деп атау себебін түсіндіріңдер.



**7-тапсырма.** Мәтін мазмұнын есте сақтау үшін тезисін жазыңдар.



**8-тапсырма.** Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, Қазақстан халқы Ассамблеясы қандай үлкен бастамалар көтергені жайлы пікірлеріңмен бөлісіңдер.




**9-тапсырма.** Қазақстандағы дінаралық, этносаралық қатынастар жайлы өз пікірлеріңді көпқұрамды құрмалас сөйлеммен (үш сөйлем) жинақтап жазыңдар.



**10-тапсырма.** Достық, татулық туралы мақал-мәтелдер жазып, сөйлемдердің құрылымын анықтаңдар. Құрмалас сөйлем бе, әлде жай сөйлем бе?

**БЕЙБІТШІЛІК – ӘЛЕМ ХАЛҚЫНЫҢ АРМАНЫ**

**1-тапсырма.** Қандай арман-тілектерің бар? Оған қол жеткізу үшін не істеу керек? Пікір алысыңдар.



**2-тапсырма.** Үнтаспадан 24-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтінді шартты түрде бөліктерге бөліп, әр бөліктегі ақпаратты бір сөйлеммен жеткізіңдер.



**Ә** Мәтіннің тақырыбын, идеясын анықтап, көтерілген мәселелер бойынша төрт-бес сұрақ құрастырыңдар.



**Б** Малала Юсуфзай жасаған әрекеттердің хронологиялық кестесін жасап, есте сақтаңдар.



**3-тапсырма.** Мәтіндегі «Гандидің өзі ала алмаған марапатты 17 жасар қыздың жеңіп алуы нені білдіреді?» деген сұраққа болжаммен жауап беріңдер.



**4-тапсырма.** Малаланың пікірлерін жұп болып талқылай отырып, оларды құрмалас сөйлемге айналдырыңдар. (Жай сөйлемді құрмалас сөйлемге қалай айналдырады?)

- Мен Талибанға кек сақтамаймын. Мен содырлардың балалары білім алса екен деймін.
- Біз өз үніміздің салмағын үнсіз қалған кезде ғана сезінеміз.
- Пәкістанның басындағы барлық шешілмеген мәселенің түп себебі – надандық. Соның кесірінен саясаткерлер халықты алдап, қайта-қайта сайланып жатыр.
- Экстремистер кітап пен қаламнан қорқады, білімнің күші оларды сескендіреді. Кітап пен қалам – лаңкестікті жеңетін алапат күш.



**5-тапсырма.** Мәтіннің мазмұнын дәл беру үшін, маңызды деген бес сөйлемді байланыстыра құрап жазыңдар.



### Аралас құрмалас сөйлем

Құрмаластың құрамындағы сөйлемдер салаласа да, сабақтаса да байланысатын көпқұрамды құрмаластың түрі *аралас құрмалас сөйлем* деп аталады.

Аралас құрмаластың құрамындағы сөйлемдер саны үш, төрт, бес т.б. бола береді. Мысалы: 1. *Бір тіршілік үзіліп, бір тіршілік жалғасыпты, бір өмірдің жолында бір өмір құрбан болыпты* (Д.Исабеков). 2. *Тау болғанымен, таудың да күні тәп-тәуір қыздырады екен, төбелерінен күн өтіп, тізелері ұйып, біраздан кейін жұрттың қыбыр-жыбыры көбейе бастады* (Б.Нұржекеев).

Аралас құрмалас сөйлемнің құрылымы екі үлкен мағыналық топтастыруға негізделеді: *бірыңғай мағыналық қатынас және арыңғай мағыналық қатынас*. Мысалы: 1. *Жертөле тұсаулы аттай бір секіріп қалды да, оның төр жақ іргесі құлап, үстімізге су топырақ сау ете түсті* (Ә.Нұршайықов). – Бірыңғай себептес қатынасқа құрылған. 2. *Кілті осы қағазда болды ғой деп, мен қағазды ептеп ашайын деп едім, жазуы жойылып кететін болды* (Ғ.Мүсірепов). – Арыңғай себеп және қарсылық мәнді қатынас.



**6-тапсырма.** Мәтінді оқыңдар.

Альфред Бернхард Нобель 1833 жылы 21 қазанда Швеция астанасы Стокгольмде дүниеге келген. 1842 жылдың күзінде Нобельдер отбасы Санкт-Петербургке қоныс аударады. Бұл жерде болашақ ғалымның әкесі торпеда дайындау ісін бастайды.

1849 жылы Альфред білім алу мақсатында Еуропа мен Америкаға жол тартады. Бұл сапар екі жылға жуық жалғасады. Ресейге қайтқан соң Альфред отбасына тиесілі іспен – Ресей армиясының әскери тапсырыстарын орындайтын фабрикаларды басқарумен айналысады. Кейін ісі дағдарысқа ұшыраған соң, әкесімен Швецияға қайтуға мәжбүр болады да, жарылғыш заттар жасау ісін үйренуге кіріседі. Әсіресе Альфредті көбірек қызықтыратын нитроглицерин жасап шығару және оны пайдалану еді.

1868 жылы Нобель динамит жасау ісіне патент алады. Ол өзі ойлап тапқан жарылғыш заттың мүмкіндіктерін жарнамалау үшін, оның қалай жұмыс істейтіні жайында баяндамалар оқиды.



## 8-бөлім

Альфред динамит және басқа жарылғыш заттар жасап шығарудан үлкен байлыққа кенеледі. Оны журналистер «қанға батқан миллионер», «динамит патшасы» деп атаған.

Оның 1895 жылдың 27 карашасында жазылған өсиетнамасында былай делінген: «Менің барша жылжитын және жылжымайтын мүлкімді, өсиетімді іске асыратын адамдар оларды құнды қағаздарға (акшаға айналатын) айналдырады. Ондай акша сенімді банкке салынады. Осы құнды қағаздардан келетін табыс (кіріс) жыл соңында адамзатқа ең үлкен пайда әкелген адамдарға сыйлық ретінде тапсыратын қорға түсуі тиіс. Айтылып отырған пайыздар мынадай бес бағытқа тең бөлінуі керек: бірінші – физика саласында ең үлкен жаңалық ашқандар; екінші – химия бағытында ең ерекше жаңалық ашқандар, яки осы саланы дамытуға үлес қосқандар; үшінші – физиология немесе медицина саласында ең үлкен жетістікке жеткендер; төртінші – әдеби бағытта ең ерекше көркем шығарма тудырғандар; бесінші – ұлттарды ынтымақтастыру, құлдықты жою, армия санын қысқарту және бейбітшілік әрекеттерін жүзеге асыруға үлес қосқандар үшін... Менің жеке қалауым – сыйлықтарды беруде үміткерлердің қай ұлттан екеніне мән берілмесін!»

*Т. Башар*



**А** Мәтінге ат қойыңдар.



**Ә** Мәтіннің мақсатын анықтау үшін бір-біріңе сұрақтар қойыңдар.



**Б** Альфред Нобельдің өсиетнама қалдыруына не себеп болды? Болжап айтыңдар.



**7-тапсырма.** Осы мәтіннің бөлімге ену себебін анықтап, пікір алысыңдар.



**8-тапсырма.** Мәтін мазмұнын есте сақтау үшін тезис жазыңдар.



**9-тапсырма.** Нобель сыйлығы туралы қосымша деректерді оқып, сөйлемдердің құрылымын, мағыналық қатынасын анықтаңдар. Сөйлем мүшелеріне талдандар.

...Сонымен, Нобель өсиеті бойынша 5 бағытта сыйлық дайындалып, оның төртеуі (физика, химия, физиология, медицина және әдебиет салалары бойынша) 1901 жылдан Швецияда, ал бейбітшілік сыйлығы Норвегияда беріле бастады. Бұдан бөлек, 1969 жылы

Швеция банкі экономика саласы бойынша Нобель сыйлығын тағайындады.

Алғашында Альфред Нобель салалар тізімін жасағанда, оған математиканы да кіргізген екен, бірақ кейін оның орнына бейбітшілік саласын қосады.



**10-тапсырма.** Нобельдің математиканың орнына бейбітшілік саласын таңдау себебін дәлелді түсіндіріңдер.

## ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ

*(Көпқұрамды құрмалас сөйлемдер: көпқұрамды салалас, көпбағыныңқылы сабақтас, аралас құрмалас сөйлемдер )*

**А.** «Әлемдегі қақтығыстар және бейбітшілік» бөлімі бойынша алған білімдеріңді бекіту мақсатында эссе жазыңдар.

Ол үшін:

1) бөлім бойынша тыңдаған және оқыған мәтіндердегі ақпараттарды еске түсіріңдер. Олардың өзара байланысын ескеріп, қандай тақырыпта эссе жазуға болатынын анықтаңдар. Мысалы:

Эссе тақырыптары	Эссе түрлері
1. Араб-Израиль және Үндістан-Пәкістан қақтығыстарының ұқсастығы	салыстырмалы эссе
2. Әлемдегі ірі қақтығыстардың себебі	аргументативті эссе
3. Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы рөлі	дәлелдемелі эссе
4. Бейбітшілік – әлем халқының арманы	хабарламалық эссе

2) жоспар құрыңдар (жоспарларың таңдаған тақырып пен ойды жеткізуге қатысты эссе түріне сай болсын);

3) эссе жазуға мәлімет жинаңдар;

4) жоспарға сүйеніп, эссе жазыңдар (негізгі бөлімнен не кіріспеден бастау өз еріктерінде);

5) жазған эссені оқып, тексеріңдер (ой жалғастығын, ой қайталаулары болмауын қадағаландар, грамматикалық, стилистикалық қателерін тексеріңдер).

**Ә.** Ашық тест тапсырмаларын орындаңдар.

1. Көпқұрамды құрмалас сөйлемдердің ерекшелігі: ... , ... , ... .

2. Құрамындағы компоненттер үш немесе одан да көп болып, өзара салаласа байланысқан құрмалас сөйлем: ... .

## 8-бөлім

3. Құрамында екі және одан да көп бағыныңқы сыңары және бір басыңқы сыңары бар құрмалас сөйлем түрі: ... .

4. Жарыспалы көпбағыныңқылы сабақтас дегеніміз: ... ..

5. Сатылы көпбағыныңқылы сабақтастағы байланыс түрі: ... .

6. Компоненттері салаласа да, сабақтаса да байланысатын құрмаластың түрі: ... .

### Б. Жабық тест тапсырмаларын орындаңдар.

1. *1948 жылы 14 мамырда Ұлыбритания Палестинадан өз әскерлерін алып кетісімен, еврейлер Израиль мемлекетінің құрылғанын жариялап, келесі күні Араб-Израиль соғысы басталады .*

Құрмалас сөйлемнің түрі, мағыналық қатынастары (2 дұрыс жауабы бар):

- а) көпқұрамды салалас құрмалас сөйлем;
- ә) көпбағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем;
- б) аралас құрмалас сөйлем;
- в) мезгіл және мезгіл мәнді қатынас;
- г) мезгіл және себеп мәнді қатынас.

2. *Алғашында әскери қимылдар кезек сәттілікпен өтті: бірде Израиль әскері жеңсе, бірде араб әскері біраз жерді жаулап отырды.*

Құрмалас сөйлемнің түрі, мағыналық қатынастары (2 дұрыс жауабы бар):

- а) аралас құрмалас сөйлем;
- ә) көпқұрамды салалас құрмалас сөйлем;
- б) көпбағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем;
- в) түсіндірмелі және мезгіл мәнді қатынас;
- г) түсіндірмелі және кезектес мәнді қатынас.

3. Көпқұрамды құрмалас сөйлем (әр сөйлемді сөйлем мүшелеріне талдап, пікіріңді дәлелде):

а) Малала Юсуфзай 2013 жылы Ақ үйде Барак Обаманың қабылдауында болды, БҰҰ-ның штаб-пәтерінде сөз сөйледі, ал 2014 жылы Нобель сыйлығымен марапатталды.

ә) 2013 жылы Малала Юсуфзайды Ақ үйде Барак Обама қабылдады, БҰҰ-ның штаб-пәтерінде сөз сөйледі.

б) Нобель сыйлығының иегері Малала Юсуфзай 2013 жылы Ақ үйде Президенттің қабылдауында болып, БҰҰ-ның штаб-пәтерінде сөз сөйлеген.

в) Малаланы Ақ үй Президенті 2013 жылы қабылдайды, оқушы қыз БҰҰ-ның штаб-пәтерінде сөз сөйлейді, оған 2014 жылы Нобель сыйлығы беріледі.

г) АҚШ Президентінің қабылдауында болған Малала БҰҰ-ның штаб-пәтерінде сөз сөйлейді, бір жылдан кейін Нобель сыйлығын иеленеді.

4. Күрделі пікірді жеткізіп тұрған жай сөйлем (әр сөйлемді сөйлем мүшелеріне талдап, пікірінді дәлелде):

а) Джамму мен Кашмир – Үндістан, Пәкістан және Қытай шегаралары түйіскен аумақта орналасқан штат, тұрғындарының 90 пайызы мұсылмандар, штаттың өз туы және Конституциясы бар.

ә) Джамму мен Кашмир тұрғындарының 90 пайызы мұсылмандар, орналасқан жері – Үндістан, Пәкістан және Қытай шегаралары түйіскен аумақ, өз туы мен Конституциясы бар.

б) Үндістан, Пәкістан, Қытай шегаралары түйіскен жердегі Джамму мен Кашмир тұрғындарының 90 пайызы мұсылмандар, өз туы және Конституциясы бар.

в) Үндістан, Пәкістан, Қытай шегаралары түйіскен аумақта орналасқан, өз туы және Конституциясы бар Джамму мен Кашмир тұрғындарының 90 пайызы мұсылмандар.

г) Өз туы мен Конституциясы бар Джамму мен Кашмир тұрғындарының 90 пайызы мұсылмандар, орналасқан жері – Үндістан, Пәкістан, Қытай шегаралары түйіскен аумақ.

5. Бірыңғай мағыналық қатынастағы көпқұрамды құрмалас сөйлем (мағыналық қатынастарды атап көрсет):

а) Альфред Нобель 1868 жылы динамитке патент алады да, динамит шығарудан үлкен байлыққа кенеліп, оны журналистер «динамит патшасы» деп атайды.

ә) Нобель алдымен динамитке патент алады, содан кейін динамит шығару арқылы байлыққа кенеледі де, журналистер оны «динамит патшасы» деп атайды.

б) Нобельге 1868 жылы динамитке патент берілгендіктен, ол динамит шығарып байлыққа кенеледі де, оны журналистер «динамит патшасы» деп атайды.

в) Динамитке патент алған Нобель оны жасап шығару арқылы байлыққа кенеледі де, «динамит патшасы» деп аталады.

г) «Динамит патшасы» атанған Нобель бұл атаққа динамитке патент алып, үлкен байлыққа кенелу арқылы ие болған.

## 8-бөлім

---

6. Әрыңғай мағыналық қатынастағы көпқұрамды құрмалас сөйлем (мағыналық қатынастарды атап көрсет):

а) Қоңырау соғылған соң, оқушылар сыныпқа кірді де, мұғалім сабақты бастап кетті.

ә) Мұғалім жаңа сабақты түсіндірді, оқушылар сұрақ қойып, жаңа сабақ қорытындыланды.

б) Үй тапсырмасы беріліп, оқушылар күнделігіне белгілеп, сабақ аяқталды.

в) Ата-анасы жұмыстан келіп, балалары мектептен келіп, бәрі кешкі дастарқан басына жиналды.

г) Бәріміз ас ішіп болған соң, мен анама көмектескеннен кейін, інім екеуміз ойынға асықтық.

9

# ПУНКТУАЦИЯ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

## САРҚЫЛАТЫН ЖӘНЕ САРҚЫЛМАЙТЫН ТАБИҒИ РЕСУРСТАР



**1-тапсырма.** Табиғи ресурстарды, олардың сарқылатын, сарқылмайтын түрлерін екі бағанға жазыңдар. Неліктен олай бөлгендеріңді дәлелдендер.



Кен



Мұнай

Сарқылатын	Сарқылмайтын
Темір	Күн энергиясы



**2-тапсырма.** Үнтаспадан 25-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтінді шартты түрде бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойыңдар.



**Ә** Мәтіннен термин сөздерді анықтап, оларға түсініктеме беріңдер.



**Б** Топырақтың қандай ресурс екенін дәлелді пікірмен түсіндіріңдер.



**3-тапсырма.** Адамдар (егін, көкөніс шаруашылығымен айналысатындар) топырақты қалпына келтіру үшін қандай шаралар жасайтынына көңіл аудардындар ма? Пікір алысыңдар.



**4-тапсырма.** *Су, топырақ (жер), ағаш* сияқты ресурстарды тиімді қолдану жайлы мақал-мәтелдерді еске түсіріп жазыңдар. Олардың мәнін түсіндіріңдер.



**5-тапсырма.** Мәтіннің негізгі мазмұнын тезис түрінде жазыңдар.

**Салалас құрмалас сөйлемнің түрлері, жалғаулық шылаулары, тыныс белгілері**

№	Түрлері	Жалғаулық шылаулары	Мысалдар	Тыныс белгілері
1	2	3	4	5
1	Ынғайлас салалас құрмалас сөйлем	<i>және, да, де, та, те, әрі</i>	1. <i>Сіздің қолыңыз босай қоймас және бұл іс қолыңыздан келмес (Б.Нұржекеев).</i> 2. <i>Менде құжат жоқ, әрі ол үйдің мекенжайы да жоқ (Б.Нұржекеев).</i>	үтір (және шылауы арқылы байланысса, үтір қойылмайды)
2	Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем	<i>бірақ, сонда да, дегенмен, алайда, әйтсе де, сөйтсе де</i>	1. <i>Сүйменмен тоңды ою оңай болған жоқ, дегенмен ойдық (Ғ.Мүсірепов).</i> 2. <i>Атаңның баласы болма, адамның баласы бол (мақал).</i> 3. <i>Көктем шықты, – ауада ызғар бар.</i>	үтір, үтір мен сызықша (жалғаулық түсіп қалғанда қойылады)
3	Себепсалдар салалас құрмалас сөйлем	<i>өйткені, сондықтан, сол үшін, сол себепті, себебі</i>	1. <i>Мен сұлап жатқан орнымнан тұра алмадым, себебі Тортай мінер ақ боз ат менің тақымымда кеткендей еді (О.Бөкей).</i> 2. <i>Жастар кешкілік сауық-сайран құрмақ балады: өйткені үлкендер көрші ауылға кеткен еді.</i>	үтір, қос нүкте немесе сызықша (салдар мәнді сөйлем бұрын тұрса)
4	Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем	<i>жалғаулықсыз; сонша, сондай, сол, мынау, мынадай</i> сілтеу есімдіктері арқылы жасалады	1. <i>Менің де ойлап жүргенім сол – енді біз татуласайық (Б.Нұржекеев).</i> 2. <i>Қатты қағылған есіктің дүрсілінен шошып ояған ол, есікті аша тіпті шошып кетті: әлдекім әлдекімді көтеріп кеп тұр (С.Мұқанов).</i>	қос нүкте, сол, соншама, сондай сілтеу есімдіктері қатысса, сызықша, жалғаулықсыз байланысса, қос нүкте қойылады
5	Талғаулы салалас құрмалас сөйлем	<i>не, немесе, я, яки, болмаса, не болмаса, әлде</i>	1. <i>Бұл кім екен, әлде малшылар ма екен? (М.Әуезов)</i> 2. <i>Ертең мал басына не Қарлық барсын, не Мақсат барсын (Ғ.Мүсірепов).</i>	үтір

1	2	3	4	5
6	Кезектес салалас құрмалас сөйлем	<i>кейде, бірде, біресе</i>	1. Біресе аузы қимылдайды, біресе қолы қимылдайды (С.Мұқанов). 2. Кейде мен шабыттана өлең оқимын, кейде ол асқақтата өлең айтады (О.Бодықов).	үтір



### 6-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

– Тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңдері жайлы нақты мәлімет беріңізі!

– 1954 жылы ауылшаруашылық тарихында болмаған дамуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны басталды. Қазақстан басшылығы бұл бастаманы қолдамады. Осыған байланысты 1954 жылы 11 ақпанда өткен Қазақстан КОПК пленумында бірінші хатшы Ж.Шаяхметов, екінші хатшы Л.Н.Афонов жұмыстан босатылып, олардың орнына орталықтан жіберілген Р.К.Пономаренко және Л.И.Брежнев сайланды.

Қазақстандағы тың және тыңайған жерді игеру науқаны 3 кезеңнен тұрады: 1) 1954–1955 жылдар; 2) 1956–1958 жылдар; 3) 1959–1965 жылдар. Тың игеру жылдары солтүстік облыстарда жүздеген совхоз орталығы салынды: алғашқы жылдары 300 жаңа совхоз ұйымдастырылса, 1955 жылдың соңына қарай олардың саны 630-ға жетті. Қазақстанға өзге республикалардан 640 мың адам көшіріліп әкеліп, 18 миллион гектар тың жер игеріліп, республикадағы егістік көлемі 22,4 миллион гектарға жетті. Осының арқасында 1956 жылы алғаш рет миллиард пұт астық алып, Ленин орденімен марапатталды.

– Тың игерудің нәтижелері мен салдары жайлы не айтасыз ?

– Тың астығы сапалы болғандықтан, негізінен, экспортқа шығарыла бастады. Орталық басшылық Қазақ КСР-і алдына астық өндіруді 5 есеге арттыру міндетін қойды. Осыған байланысты 60-жылдардың ортасына қарай Қазақстанда жыртылған тың және тыңайған жер көлемі 25 миллион гектарға жетті. Бірақ тың игерудің алғашқы жылдарында қол жеткізген табыс одан әрі ұштасып кете алмады. Өйткені жаңадан игерілген тың жерлер 60-жылдардың ортасына қарай өз мүмкіндіктерін сарқыған еді. Осының салдарынан әрбір гектардан жоспарланған 14-15 центнер орнына 1954–

9-бөлім

1958 жылдары – 7,4, 1961–1964 жылдары – 6,1, ал 1964 жылы 3,1 центнер ғана астық алынды. Осы кезден республикамыз АҚШ, Канада және Франциядан астық сатып алуды бастайды.

Тарихта бұрын-соңды болмаған жер жырту науқаны экологиялық апаттарға, мал жайылымдарының күрт қысқаруына алып келді. Тың игерудің алғашқы жылдарында жердің құнарлы беті шаңборанға ұшырап ұшып кетуі салдарынан 18 миллион гектардан астам жер эрозияға ұшырады. Жайылым азаюы салдарынан ұсақ мал өсіру қарқыны 3 есе азайды: жылқы 1916 жылмен салыстырғанда 3 есе, ал түйе 1928 жылмен салыстырғанда 8 есе кеміді. Ауылшаруашылықтың даму деңгейінің төмендеуі ет және сүт өнімдерінің тапшылығын туғызды.

«Ақиқат» журналынан



**А** Сұхбатта көтерілген мәселелерді санамалап айтыңдар.



**Ә** Қалай ойлайсыңдар, мәтіндегі ақпараттың қайсысы маңызды? Хронологиялық кесте жасап жазыңдар.



**Б** Тың игерудің жетістіктері мен кемшіліктерін болжап, екі бағанға бөліп жазыңдар.

Жетістіктері	Кемшіліктері



**7-тапсырма.** Өз болжамдарыңды «Мұны да білген жөн!» айдарындағы деректермен толықтырыңдар.

**Мұны да білген жөн!**

**Тың игерудің жағымды жақтары**

- Қазақстан КСРО-ның астық балансын нығайтуда елеулі рөл атқарды. Республика қатты және күшті бидай сұрыптарын өндіру орталығына айналды. Аталған бидай сұрыптарының 60 пайызы тың өлкесінде өсірілді.
- Тың игеру басталғаннан астық өндіру 7, ет өндіру 5, сүт өндіру 3 есеге көбейді.
- Тың өлкесіне теміржолдар, электр және байланыс желілері тартылып, инфрақұрылымның дамуына мүмкіндік жасалды.
- Ауылшаруашылықтың техникалық базасын нығайту ісі қолға алынды. Қазақстан совхоздары сол кезеңде 169 мың трактор, 98 мың комбайн, 73 мың жүк мәшинесін және басқа да көптеген ауылшаруашылық техникасын алды.



**8-тапсырма.** Тың игеруді жақтаушылар және даттаушылар болып екі топқа бөлініп, пікірталас ұйымдастырыңдар.



**9-тапсырма.** «Тың жер» және «тыңайған жер» ұғымдарының аражігін түсіндіріңдер. Тың игеру белсенді өткізілген облыстар жайында әңгімелеңдер.



**10-тапсырма.** Мәтіннен қос нүктелі, сызықшалы, үтірмен ажыратылған сөйлемдерді теріп жазып, тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер.

## ТАБИғИ РЕСУРСТЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ



**1-тапсырма.** Қазақстанның өзен-көлдері, олардың экологиялық жай-күйі жайлы өздерің білетін мәліметтеріңмен бөлісіңдер.



Ертіс өзені



Алакөл



**2-тапсырма.** Үнтаспадан 26-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтінге ат қойыңдар.



**Ә** Мәтінде көтерілген мәселелерді анықтау үшін бір-біріңе сұрақтар қойыңдар.



**Б** Мәтіндегі негізгі ойды бес-жеті сөйлеммен жеткізіңдер.



**3-тапсырма.** Географиядан алған білімдеріңді ескере отырып, Қазақстандағы үш теңізге құятын өзен-көлдерді, олардың жай-күйін жазыңдар.

Үлгі :



9-бөлім



**4-тапсырма.** Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, әр теңіздің экологиялық ахуалы жайлы ой бөлісіңдер.



**5-тапсырма.** Өздерің тұратын жердегі өзен-көлдердің жай-күйі туралы мәлімет жинап, таныстырылым жасаңдар.



**Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері, септеулік шылаулары, тыныс белгілері**

№	Түрлері	Септеулік шылаулар	Мысалдар	Тыныс белгілері
1	2	3	4	5
1	Мезгіл бағынынкылы сабақтас құрмалас сөйлем	<i>дейін, кейін, шейін, соң, бұрын, бері</i>	1. Бұл кісі әбден орналасып болғанға дейін, сен ешқайда кетпе (Ғ.Мүсірепов). 2. Тиісті құжаттар жіберілген соң, Ленинград университетінен қабылданғаны жайлы хабар келді (С.Мұқанов).	үтір
2	Қарсылықты бағынынкылы сабақтас құрмалас сөйлем	Шартты райлы етістікке <i>да/де</i> жалғаулық шылауы тіркесуі арқылы	1. Раушан бір-екі рет шақырса да, бұрылмады (Б.Майлин). 2. Салт аттылар мен ат-шана өтіп кетсе де, Әбдірахман терезеге сүйеніп ұзақ тұрды (Х.Есенжанов).	үтір
3	Себеп бағынынкылы сабақтас құрмалас сөйлем	Өткен шақ есімшеге <i>соң, кейін</i> шылауының, қимыл есімді етістікке үшін шылауының тіркесуі арқылы	1. Малы кеткен соң, бағы кете бастады (Б.Майлин). 2. Атылған шешесінің, қолға түскен Ботагөздің кегін алу үшін, ол жан аямай қимылдайды (С.Мұқанов).	үтір
4	Шартты бағынынкылы сабақтас құрмалас сөйлем	Шылаулар қатыспайды	1. Бірлік болмай, тірлік болмайды (мақал). 2. Кісі көп болса, канал тез бітер (С.Мұқанов).	үтір
5	Қимылсын бағынынкылы сабақтас құрмалас сөйлем	Шылаулар қатыспайды	1. Кейде үлкен көздері жарқ етіп, кісінің өңіменінен өте қарайды (Т.Ахтанов). 2. Ағаш төсектен тұрмай, сол суретке қарап ұзақ жататын (Ш.Мұртаза).	үтір

1	2	3	4	5
6	Мақсат бағынышылығы сабақтас құрмалас сөйлем	үшін	1. Астық ысырап болмау үшін, совхозда барлық мүмкіндік жасалды («Зерде» журналы). 2. Дәуіт ұшып кетпеу үшін, қарлығаш оның қанатын қырқып қояды (С.Мұқанов).	үтір




**6-тапсырма.** Мәтінді оқындар.

### Халиң қалай, табиғат?

Әлемдік мұхитты зерттеушілердің пайымдауына карағанда, пластмассалардан жасалған бұйымдардың кесірінен мыңдаған кит, дельфин, миллиондаған құс тектен-текке өледі екен. Ал теңіз бен мұхитқа лақтырылып жатқан пластик контейнерлер мен неше түрлі ыдыстардың салмағы жылына жеті мың тоннаға жететін көрінеді.

«Ауырмайын десең, алма же» дейді екен бұрын, енді «ауырайын десең, алма же» дейтін болыпты итальяндықтар. Өйткені ол елдің өнім беретін бір гектар жеріне он килограмдай әртүрлі химиялық тынайқыш (пестицид пен гербицид) пайдаланылады екен. Ондай химикаттардың уыты мен уы ондаған жылға созылады. Ол, ол ма, топыраққа сінген тынайқыш жаңбыр суы, жылғалар арқылы өзен-көлдерге барып құяды. Содан барып балықтар мен құстар қырылады. Міне, осыдан және басқа да ақылсыз әрекеттердің кесірінен өзен-көлдер мен теңіздердің аста-төк байлығы сарқылып келеді.



Баска-баска, таза ауа жұтатын жер қалмайтын тәрізді. Прогресс, өндірісі бар болсын, өндірістің қалдықтарын өртеудің салдарынан жыл сайын атмосфераға 570 тонна корғасын, 31 тонна кадмий, 63 тонна сынап, бұлардан басқа да бірнеше тонна химиялық қосынды (оның ішінде диоксин де бар) ұшырады екенбіз.

Батыс Еуропаның үлкенді-кішілі қалаларының ең басты соры – мәшине. Италияның Барі қаласында 4000 адамға 2000 мәшине,

## 9-бөлім

Флоренцияда 2,09 адамға бір мәшinedен келсе, бір ғана Римде төрт миллионнан астам мәшине бар көрінеді. Жалпы, ауаның ластануы жағынан Рим дүниежүзінде бірінші орында және оны ешкімге беретін түрі жоқ.

Жердің температурасы бірте-бірте жылып барады. Бұған Күннің ешқандай қатысы жоқ. Оның бәрі атмосфераға шамадан тыс газдың көтерілуінен. Ғалымдардың болжамы дұрыс болса, өзіміз жиі айтып жүрген 2030 жылы ауаның температурасы 3 градустан 9 градусқа дейін жоғарыламақ. Сонда Солтүстік Мұзды мұхит еріп, әлемдік мұхиттың деңгейі көтеріледі. Дүниені топан су басады. Ондай жағдайда алдымен Америка жағалауы, соның ішінде Чарльстон және Жаңа Орлеан қалалары бірден суға кетпек.

*Қ. Мырза Әлі. «Жазмыш»*



**А** Мәтін қай стильде жазылған? Тілдік бірліктері арқылы дәлелдеңдер.



**Ә** Автор қандай мәселе көтерген? Табиғатқа зиян келтіріп жатқан адам әрекеттерін санамалап айтыңдар.



**Б** Пластик контейнерлердің, химикаттардың пайдасы мен зияны жайлы пікірлеріңмен бөлісіңдер.



**7-тапсырма.** Мәтіндегі тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.



**8-тапсырма.** Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, еліміз экологияны жақсарту мақсатында қандай бастамалар көтеріп, іс-шаралар жасап жатқанына таныстырылым жасаңдар. Қазақстан қалалары арасындағы ең таза немесе ең лас қалалар жайлы мәліметті тауып, себебін түсіндіріңдер.



**9-тапсырма.** «Елімнің табиғи ресурсын тиімді пайдалану үшін мен не істей алдым?» тақырыбына ойланып, дәлелді жауап жазыңдар. Сөйлемдеріңнің тыныс белгілеріне назар аударыңдар.



**10-тапсырма.** Мезгіл, себеп, қарсылықты және шартты қатынаста тұрған сөйлем құрап жазыңдар. Сөйлемдеріңді салаласа және сабақтаса байланысқан құрмалас сөйлемдерге айналдырыңдар. Мағыналық қатынасты қалай беріп тұрғанын түсіндіріңдер.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАР



**1-тапсырма.** Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жайлы ақпарат алмасыңдар.



**2-тапсырма.** Үнтаспадан 27-аудиомәтінді тыңдаңдар.



**А** Мәтінге сүйеніп, жоспар құрыңдар.



**Ә** Мәтінде баяндалған мәліметтердің маңыздылығына назар аудару үшін бір-біріңе сұрақтар қойыңдар.



**Б** Неге Қазақстанда ерекше қорғалатын табиғи аумақ дамыған елдердегі аумақтан аз? Себебіне болжам жасаңдар.



**3-тапсырма.** ЮНЕСКО-ның табиғи мұралар тізіміне Қазақстаннан Қорғалжың мен Наурызым қорықтарының енгізілу себебін түсіндіріңдер.



**4-тапсырма.** Қорғалжың, Наурызым қорықтарының ерекшеліктерін (қосымша ақпараттар оқып) талқылаңдар.



Қорғалжың қорығы



Наурызым қорығы



**5-тапсырма.** «Мұны да білген жөн!» айдарындағы мәліметтерді толықтырып, өз сөздеріңмен баяндаңдар. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланыңдар.

### Мұны да білген жөн!

Қазақстан қорықтар жөнінен ТМД республикалары арасында 16-орын алады. Дегенмен республика жерінің көлеміне шаққанда қорықтар үлесі жөнінен 13-орында. Қазіргі кезде нақты 10 қорық жұмыс істейді.

1. Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы 1926 жылы құрылған. Орналасқан жері – Түркістан, Жамбыл облыстары.
2. Алматы мемлекеттік табиғи қорығы 1931 жылы құрылған. Орналасқан жері – Алматы облысы.
3. Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы 1931 жылы құрылған. Орналасқан жері – Қостанай облысы.
4. Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы 1939 жылы құрылған. Орналасқан жері – Қызылорда облысы.
5. Қорғалжың мемлекеттік табиғи қорығы 1968 жылы құрылған. Орналасқан жері – Ақмола, Қарағанды облыстары.
6. Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы 1976 жылы құрылған. Орналасқан жері – Шығыс Қазақстан облысы.
7. Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы 1984 жылы құрылған. Орналасқан жері – Маңғыстау облысы.
8. Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы 1992 жылы құрылған. Орналасқан жері – Шығыс Қазақстан облысы.
9. Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы 1998 жылы құрылған. Орналасқан жері – Алматы, Шығыс Қазақстан облыстары.
10. Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы 2004 жылы құрылған. Орналасқан жері – Оңтүстік Қазақстан облысы.



### Етістіктің есімше, көсемше, шартты рай, қимыл есімі формаларының сабақтас құрмаластың мағыналық түрлерін жасауға қатысы

№	Етістіктің формалары	Мысалдар	Мағыналық түрлері
1	2	3	4
1	-ып, -іп, -н көсемше формасы	1. Мұғалім келіп, сабақ басталды. 2. Жолда кетпеліс болып, ол жұмысқа кешігіп қалды. 3. Үй жиналып, дастарқан даярланып, қонақтарды күтіп отырмыз. 4. Біз оларды шыдамсыздана күтіп, ал олар дер кезінде келе алмады.	Мезгіл, себеп, қимыл-сын, қарсылықты сабақтас сөйлемдер
2	-а, -е, -й көсемше формасы	1. Ағам келе сала, біз оны сұрақтың астына алдық. 2. Еңбекақы уақытында берілмей, халық қатты қысылды. 3. Дәл осы музыка қойыла-қойыла, құлағымыз жауыр болды. 4. Ас дайын болмай, үстелге отырмаңдар.	Мезгіл, себеп, қимыл-сын, шартты сабақтас сөйлемдер

1	2	3	4
3	-ған, -ген, -қан, -кен есімше формасы	1. Мен келгенде, олар теледидар қарап отыр еді. 2. Ол сәл кешіккенде, кетіп қалатын едім. 3. Олар кедей болғанымен, үйлері тап-таза еді.	Мезгіл, шартты қарсылықты сабақтас сөйлемдер
4	-са, -се шартты рай фор- масы	1. Анам келсе, үйдің іші жарқырап кетеді. 2. Жүгіріп жетсем, олар кетіп қалыпты. 3. Түнімен дайындалсам да, мұғалім жауабыма қанағаттанбады.	Шартты, мезгіл, қарсылықты сабақтас сөйлемдер



### 6-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

Шанырақ мүйізінен қарағайға байланған тұз тағысы<sup>1</sup> қанша тулап, мөңкігенімен, қыл арқанды үзіп кете алмады. Өне бойы дір-дір етіп, әрқайсымызға жаутандап қараумен тұр.

Матвей қоларасын қанжығасынан шешіп алып, жалақтатып бұғыға такады. Араны көрген бұғы ақырғы рет тағы бір тулады, бірақ бас сүйегінен бастап бүкіл кеудесінен, белі мен бөксесінен қарағайға қайыстырып байланған, қимылдаған сайын арқан қия түседі. Арбиған аша мүйіздің түбінен дырылдатып кескенде, мүйізім жоқ менің төбе құйқам шымырлап кетті. Екі құлағымды басып, сонадай жерге қашандай<sup>2</sup> барып тұрдым. Матвей үйреншікті қарекетіне өзгеше шабытпен кірісті.

Кербұғының мүйізінен қан шапшығанда, көзімді баса қойдым... Көзімді қайта аштым, бәрібір жанартау боп атқылап жатқан қып-қызыл қанды көрдім. Өне бойым мұздап, арқамнан сұп-суық тер шықты. Матвейдің жүзі бал-бұл жайнап, әкем мен Қаршығаға әлденені айтады. Мен еш нәрсе естіп отырғаным жоқ. Аспан да, көк шөп те, Матвейдің қолындағы ара да қып-қызыл...

Кербұғының бүкіл басы қан, ал көзінен, жаудыраған тұнық кара көзінен, өте әдемі жанарынан жас ағып тұр. Мен осынау жасқа толы аяулы да ардақты көздің аясынан өзімді, әкемді, Қаршығаны көрдім; үшеуміздің де сұлдеміз жанарға түсіп, әмбе

<sup>1</sup> тұз тағысы – жабайы жануар

<sup>2</sup> қашандай – қашақтай

## 9-бөлім

осынау жанардағы көріністенген орман, тоғай, тау-тас, мөлдір аспан кербұғы көзін жұмып қалса, мәңгіге ғайып болатындай қорқыныш билейді бойымды; мүмкін кербұғы біздің көз жанарымыздан өз бейнесін көрген шығар; мүмкін ештеңе көре алмай қор болып тұрған шығар.

Мүйізін кесіп алып, арқанды ағытқанда кербұғы атылып шықты да, танауын шүйіріп бізге адырая қарады, сосын басын кекжитіп мүйізін арқасына сала ойқастай жөнелмекке оқталды да, мүйізі жоқ мұқыр екені есіне түскендей, жер піскелей желе жөнелді. Бойындағы бар асылынан, бар байлығынан айырылған пұшайман<sup>1</sup> бұғының обал-сауабы бізде қалды. Бағанағыдай емес, Алтай жүдеу құйрық-жалы күзелген байталдай-ды. Бағанағыдай емес, көксенгір аспанда шарбы бұлттар бар, қнып құрылысқа тартып әкеткен қарағайдың түбірі де үңірейіп, саңырайып, молайып кеткен секілді. Менің шарқ ұрып жыр іздеген, туған жерден сыбызғылы сыр іздеген көтеріңкі көңілім де пәс<sup>2</sup>, тауы шағылып, тауаны қайтқандай<sup>3</sup>, күйкі<sup>4</sup>. Бәрі де баяғыдай емес, өзгеше, бөтен, бірте-бірте адам да өз жерін, өз елін танымай кетер ме? Ыртың-жыртың өзгере берсе, өзгерте берсе, туған жерде қадір-қасиет қалар ма? Баяғы күй, баяғы тамылжыған табиғат, қырмызы гүлдер мен қолдан жем беретін аң-құсы таусылуға айналған ба? Біз сатының ішінде қамауда жүрген аң, ұшқан құс көре алмадық. Тіпті марал екеш марал да бізді кісі екен деп менсінген жоқ, өз жайында жайылып жүр. Жер жарықтық әбден титықтап шаршаған, біз, адамдар, шаршатқан секілдіміз. Аса қажыспен мұңая мелшиеді. Өзі тудырып, өзі өсірген шолжаң баланың орынсыз тентектігі мазасын алып, қажытқандай. Мен өзімді де, әкем мен Қаршығаны да, әсіресе... айналайын Алтайымды аядым.

*О. Бөкей. «Қайдасың, қасқа құлыным»*



**А** Үзіндіде қандай мәселе көтерілген? Негізгі ойды анықтаңдар.



**Ә** Мәтін үзіндісін стильдің қай түріне жатқызуға болады? Тілдік бірліктеріне сүйене отырып дәлелдендер.

<sup>1</sup> *пұшайман* – бейшара, сорлы

<sup>2</sup> *пәс* – бұл жерде: көңіл күйім жоқ деген мағынада

<sup>3</sup> *тауаны қайту* – беті қайту

<sup>4</sup> *күйкі* – көңілсіз

-  **Б** Мәтінді әсерлі жеткізіп тұрған сөздер мен сөз қолданыстарын (тұрақты тіркестер, теңеулер, эмоция үстеп тұрған құрылымдар) теріп жазып, мағынасын анықтаңдар.
-  **7-тапсырма.** Мәтіннен құрмалас сөйлемдерді тауып, тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер.
-  **8-тапсырма.** Әңгіменің мазмұнын есте сақтау үшін жоспар құрыңдар. Сол жоспар бойынша әңгімені өзгеден естігендей етіп (3-жақта) айтып беріңдер.
-  **9-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сүйене отырып, ондағы негізгі ойды үш құрмалас сөйлеммен жазыңдар.
-  **10-тапсырма.** Табиғатты бағындыру үлкен апатқа соқтыратыны жөнінде шағын монолог дайындаңдар.

## ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ

*(Салалас құрмалас сөйлемнің мағыналық түрлері, шылаулары, тыныс белгілері; сабақтас құрмалас сөйлемнің мағыналық түрлері, шылаулары, тыныс белгілері )*

**А. «Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану» бөлімі бойынша алған білімдеріңді бекіту мақсатында эссе жазыңдар.**

Ол үшін:

1) бөлім бойынша тыңдаған және оқыған мәтіндердегі ақпараттарды еске түсіріп, эссе жазуға тақырып таңдап алыңдар. Сол тақырыпты жазуға эссенің қай түрі сай келетінін анықтаңдар. Мысалы:

Эссе тақырыптары	Эссе түрлері
1. Қазақстандағы тын игеру нәтижесі	сипаттамалық эссе
2. Арал теңізінің жай-күйі	аргументативті эссе
3. Қазақстандағы ерекше қорғалатын аймақтар	хабарламалық эссе

2) таңдап алған тақырыптың мәнін ашатын сұрақ қойыңдар. Сұраққа толық жауап беру үшін, яғни жақсы эссе жазу үшін оқулықтағы ақпаратты толықтырыңдар (ізденіңдер);

3) негізгі бөлімді жоспарлап, онда қарастыратын ойларыңды реттеп алыңдар;

4) жоспарға сәйкес эссе жазыңдар. Өз ойларыңды жоспардан ауытқымай толық жеткізуге тырысыңдар;

## 9-бөлім

- 5) қорытынды жасай біліндер;
- 6) жазған эссені қайта оқып, редакциялаңдар.

**Ә. Ашық тест тапсырмаларын орындаңдар.**

1. Құрмалас сөйлемнің салаласа да, сабақтаса да байланысатын ортақ мағыналық түрлері: ... , ... .
2. Жалғаулық шылау қатыспайтын салаластың түрі: ... .
3. Септеудік шылау қатыстырып құрмаласқан сабақтастың түрлері: ... , ... , ... .
4. Сабақтас құрмалас сөйлем сыңарлары арасына қоятын тыныс белгісі: ... .
5. Салалас құрмалас сөйлемдегі сызықша қойылатын орындар: ... .
6. -ып (-іп, -п) көсемше формасының қатысуымен жасалатын сабақтас құрмаластың түрлері: ... , ... , ... .

**Б. Жабық тест тапсырмаларын орындаңдар.**

1. *Топырақтың түзілуі – өте күрделі, ұзақ және үздіксіз жүретін процестердің бірі.* Сөйлемнің сипаты (2 дұрыс жауабы бар):
  - а) есімді жай сөйлем;
  - ә) етістікті жай сөйлем;
  - б) бірыңғай баяндауышты жай сөйлем;
  - в) салалас құрмалас сөйлем;
  - г) сабақтас құрмалас сөйлем.
2. *Топырақты өңдеуге дұрыс технология қолданылмаса, ормандар атқабы қысқартылып отырса, су және жел эрозия процестерінің күшеюіне әкеп соғады.* Сөйлемнің сипаты (2 дұрыс жауабы бар):
  - а) жай сөйлем;
  - ә) құрмалас сөйлем;
  - б) себептік қатынасқа құрылған;
  - в) шарттық қатынасқа құрылған;
  - г) екі сыңарлы.
3. *Тың астығы саналы болғандықтан, негізінен, экспортқа шығарыла бастады.* Сөйлемнің сипаты (2 дұрыс жауабы бар):
  - а) жай сөйлем;
  - ә) құрмалас сөйлем;
  - б) екі сыңарлы;
  - в) себептік қатынасқа құрылған;
  - г) мезгілдік қатынасқа құрылған.

4. Арал теңізіндегі су деңгейі 12 метрден 2 метрге дейін түсіп кетті, тұздылығы екі еседен асты. Сөйлемнің мағыналық қатынасын айқындауға қажетті шылау:

- а) да, де, та, те;
- ә) бірақ, әйтсе де;
- б) өйткені, себебі;
- в) не, немесе;
- г) бірде, біресе.

5. Су сапасының нашарлауы мен оның жетіспеуі өсімдіктерге ерекше әсер етіп, бағалы орман, өнімді жайылымдар жойыла бастады. Сөйлемдегі үтірлердің қойылу себебі (2 дұрыс жауабы бар):

- а) сөйлем құрмаласып құрылған;
- ә) сөйлемге бірыңғай мүшелер қатыстырылған;
- б) сөйлемде айқындауыш мүше бар;
- в) қыстырма сөздері бар сөйлем;
- г) қаратпа сөздері бар сөйлем.

6. Кербұғының бүкіл басы қан, ал көзінен, жаудыраған тұнық қара көзінен жас ағып тұр. Сөйлемдегі үтірлердің қойылу себебі (2 дұрыс жауабы бар):

- а) сөйлемге бірыңғай мүше қатысқан;
- ә) сөйлемде айқындауыш мүше бар;
- б) сөйлемде қыстырма сөздер бар;
- в) қаратпа сөздері бар сөйлем;
- г) құрмаласып құрылған сөйлем.

## ТЫҢДАУҒА АРНАЛҒАН МӘТІНДЕР

### 1-аудиомәтін

Кез келген мемлекетті дамытатын, халықты арманына жетелейтін күш – идея, идеология. Идеология деген – сол елдің бағдаршамы. Егер ол болмаса, кеме мұхитта, ұшақ көкте, адам жерде адасады.

Арғы-бергі тарихта «елім мәңгі болсын» деп армандамаған бірде-бір мемлекет жоқ. Ұлы далада «Мәңгілік ел» орнату идеясы бүгін ғана туа қалған жоқ. Ықылым замандардан бері ел орнап, билік пайда болғалы бері жалғасын үзбей келе жатқан әлемдік құбылыс. Адам баласы өмір бойы жұмақ жерді, бақытты, еркіндікті іздеумен, армандап-аңсаумен келеді. Ол арман – татулығы, береке-бірлігі жарасқан «Мәңгілік ел» орнату идеясы. Ол – қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман, Асанқайғы желмаяға мініп, шарқ ұрып іздеген жерұйық, баянды тіршілік.

Қытайлар өзін «Аспан асты еліміз» десе, жапондар өздерін «Күншығыс еліміз» дейді, біз – Ұлы дала еліміз. Қазақ – осы Ұлы далада туып, өсіп-өркендеген, талай ұлыс, талай қағанат орнатқан көнеден келе жатқан халық.

«Күлтегін» жырында «Егер сен Өтүкен қойнауында отырсаң, Мәңгі ел орнатар едің» деген сөз бар. Яғни, Мәңгі ел орнатуды Бұмын, Естемі қаған сынды бабаларымыз VII ғасырда-ақ аңсаған. Өкініштісі, басараздықтың, алауыздықтың кесірінен қағанат құлап, олар арманына жете алмаған. Демек, Мәңгі ел орнату үшін алдымен жер тұтастығы, ел ынтымағы керек, ата тарихын ұрпақ санасына сіңіру керек.

«Ұлы дала елі – Мәңгілік ел» идеясы сан қырлылығымен, күрделілігімен ерекшеленеді. Бұл идеяны жүзеге асыру үшін терең, байыпты тұжырымдама керек. Оның ең басты шарттары мынадай: 1) мемлекет аумағының тұтастығы; 2) мемлекеттің қорғаныс қабілеті, ұлт қауіпсіздігі; 3) мемлекеттік тілі; 4) діні; 5) ізгілік, даналық ілімі, ұлы эпостары; 6) ата дәстүрі, атакәсібі; 7) халқының ынтымақ бірлігі.

*«Дәстүр» журналынан*

### 2-аудиомәтін

– *Иргелі ел болуымыз үшін не нәрсеге мән беруіміз керек?*

– Қазақтың жері – кісіліктің туын тіккен жер. Көп халықтың тарихын түгел білмесек те, мінезін, жалпы болмысын танимыз ғой. Қазаққа дарыған кісілік басқа халықта жоқ. Ата-бабамыз сөзді емеуріннен танытын. Айта бастағаннан төркінін аңғарып қоятын. Осыны мұра қып келешекке қалдыра алмасақ, онда біз көп нәрседен ұтыламыз. Неге? Қазір біздің адамдардың көбі кісіліктен кетіп барады. Қит етсе, өштеседі, кектеседі. Қазақ ашуланса, ештеңеден қайтпайды. Қазақта кекшілдік те бар, батырлық та бар. Бірақ бәрі де жөнімен болғаны дұрыс. «Алдына келсе, әкенің құнын кеш» деген сөз бар ғой. Соны есте ұстағанымыз дұрыс. Жігіттерде пәтуа жоқ. Сөзге тоқтамайды. Қазір адамдар бірін-бірі

тындаудан калып бара жатыр. Бірін-бірі ұқпайды, тындағысы келмейді. Бірін-бірі тындамаса болмайтын қилы заман келеді. Мынау жаһандану деген дәуір – өте қиын кезең. Аз халықтар шабақ секілді жайындардың көмейіне жұтылып кетеді. Бізді ұлттық тұтастық қана сақтайды. Сол кезде ғана ұлттық деңгейге жетеміз.

– *Тәуелсіздікті нық ұстаудың ең басты жолы қандай ?*

– Жалпы, біз дұрыс бағыт ұстандық. Қазір сол бағытымызбен даңғыл жолға түстік. Ендігі мақсат – осы жолдан таймау. Халқымыз ынтымағынан айырыла көрмесін. Ынтымақсыз елде береке болмайды. Абай ағамыздың «Бас-басына би болған өңкей қикым» деп қыжылып айтқан сөзі бар ғой. Ел еңсесін тіктеді. Ендігі жерде кез келген адам тізгінге жармаса бермеуі керек. Аттың тізгінін ұстау да оңай емес. Елдің тізгінін ұстау – қиынның қиыны. Қай-қайсысымыз да осыны ұмытпасақ болғаны.

*Б. Омарұлы. «Жүректің көзі» кітабынан.  
Қоғам және мемлекет қайраткері М. Жолдасбековпен сұхбаттан.*

### 3-аудиомәтін

#### Дарын иелері...

Өркендеу үшін, қажетті дүниелерді жасау үшін адамның басы керек. Ғылымды, жаңалықты дүниеге келтіру үшін адам керек. Сол адам кім? Олар – дарындар. Ал сол дарын иелерін құрметтеген елдер өздерінің де абыройын көтеріп отыр.

Қазақ халқы «әкеден өте туғандар», «әкеге жете туғандар», «әкеден кейін кете туғандар» деп халықты үшке жіктейді. Ал қытайлар «алдын ала ойлап, бұрын шешетіндер», «артынан ойлап, артынан шешетіндер», «түк ойлап, түк шешпейтіндер» деп үшке жіктеген. Әл-Фараби бабамыз «бұрын ойлап, бұрын шешетінді – Адам, артынан ойлап, артынан шешетінді – құл, ал түк ойлап, түк шешпейтінді – хайуан» деген.

Әбу Насыр әл-Фараби айтқан Адамды, яғни алдын ала жылдам ойлап, шешім қабылдайтындарды бүгінгі қазақтар данышпандар, даналар, дарындылар, тәңірқұтылар деп атайды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырда кейбір мемлекет дарын иелерін іздеу, дарын иелері бола қалса, оларға көңіл аудару, оларға жан-жақты мүмкіндіктер жасау ісін қолға алды. Соңғы ғасырда дарын иелеріне ерекше көңіл аударған ел – америкалықтар. Олар өз еліндегі дарындарға қажет деп табылған барлық мүмкіндікті жасады. Бүкіл әлемдегі ғылым біткенді тек дарын иелері ғана тудырып, жарыққа шығаратынын, дарын иелері ғана ғылыми жаңалық ашатынын түсінген елдер дарын иелеріне ерекше көңіл аударуға мәжбүр болды. Әсіресе Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін дарын иелеріне көңіл аударуды іске қосқан – орыстар, немістер, жапондар, қытайлар, ағылшындар, француздар, кәрістер, үндістандықтар, пәкістандықтар, ирандықтар.

Ұлтқа көсем бола алатын, халыққа қамқор бола алатын адамды тәңірқұты дейміз. Қазақтың тәңірқұтылары – Абай Құнанбайұлы,

Ахмет Байтұрсынұлы, Әліхан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Қаныш Сәтбаев. Енді біз өзге жұрт сияқты өз тәңірқұтыларымызды іздеуіміз керек. Мүмкін ол бесікте жатыр, мүмкін ол жүгіріп жүр...

*Қ. Бегманов. «Хатқы мықтының сатты мықты» кітабынан.  
Жағда Бабалықұлымен сұхбаттан*

#### 4-аудиомәтін

##### Жаһандану мәселелері

– *XXI ғасыр «жаһандану» немесе «ғаламдану» деген сөзді санамызға құйып жіберді. Ол не? Қазақ ғаламдануға дайын ба?*

– Адамдарды дайындық үстінде деуге болады. Ағылшынша сөйлейді, Батыста оқиды, батысша өмір сүреді, Батыста жүріп бірнеше ғылымды игереді. Сол жақтан мансап та табады. Міне, бұл – жекебастың ғаламдану жолы.

Ғаламдану дегеніміз – еліктеу, соған ұқсау, өзінді соған теңеу. Тағы бір жағы бар. Өзінді жетілдіріп, қатарға қосу, басқалар сенен үлгі алатын дәрежеге көтерілу. Сен оған емес, оны өзіңе ұқсату. Өзінді оған ұқсату – ғаламнан жоғалу. Өзінді, өз елінді, мәдениетінді, тілінді, ән-күйінді, өнерінді, ұлттық ой-пікірінді, идеологиянды ғаламға таныта біл. Ғалам танысын. Ерлігінді, өнегенді, ұлттық сын-сипатынды, ұлт болып, ел болып қалыптасуынды таныт. Ғаламдану өзінді өркендетті елдермен қатар қою дегенді білдіреді. Егер сен өз мәдениетінді қатарға қоса алмасаң, онда сен басқаның мәдениетін қабылдап, өзінді жоғалтып, ұлтсызданып бітесің. (Батыстың ұсынып отырған ғаламдануы – Батысқа сің, ассимиляция бол).

Ғаламдану – басқаны үйрен, басқа мәдениетті, басқа тілді, дінді, салт-сананы үйрен деп тұр.

Жанкештілік деген сөз бар... Өз жанын ұлтына, еліне, жеріне құрбандыққа беру. Елін, жерін, ұлтын, Отанын өз жанынан артық бағалау. Осындай бағытта тәрбиеленген азаматтар өсуі тиіс.

Бүгінгі жас тәуелсіз Қазақ мемлекетін әлемдік дамыған елдердің қатарына теңестіруге жанкештілікпен ұмтылу қажет. Ұлттық жігердің, ұлттық намыстың арқасында оларды басып озу – бүгінгі нарық заманының талабы. Енді ғана әлем мойындап келе жатқан жас Қазақ мемлекетін алдыңғы қатарлы алып елге айналдыру – біздің ендігі міндетіміз.

*Жағда Бабалықұлымен сұхбаттан*

#### 5-аудиомәтін

Мұқырда орыс деген ағайын әуел бастан болмаған секілді. Орыстың болмағаны кемшілік пе, жоқ, әлде кеншілік пе, ол жағына да мұқырлықтар бас қатырған емес. Бірақ көрші Аршаты мен Өрелде, қала берді, анау Катонқарағайда орыс ағайын өріп жүр ғой. Сол көдеден көп орыс Мұқырға қалайша жетпей қалған, ол жағына да қиналып жатқан мұқырлықтар жоқ. Орысы болмаса да, көштен қалмайық деген ниетпен мұқырлықтар анау бір жылдары ауылдағы казакша мектепті орысшаға айналдырып жіберіскен.

Сөйтіп, есесі кетіп, сыбағасыз қалған Мұқырдың өзге ауылдармен терезесі оп-оңай теңесе салған болатын. Шүкіршілік, қазір Мұқырдың балалары ешкімнен кем емес, шүлдірлеп орысшаға басқан кезде, орыс ағайынның өзін жанылдырады.

Тарғақ бет шұбар Лексей осы ауылға алғаш көшіп келгенде, орысы жоқ мұқырлықтар Лексейді «тегі орыс дегенің осы шығар» деп таңғалысқан болатын.

Алғашқы жылдары Лексей де, келіншегі Ольга да қазақшаға шорқақ еді. Қалың қазақтың ортасына түскен соң, жүре келе тілдері жаттығып, қазір адамша сөйлейтін дәрежеге жетті.

Сөйтіп жүргенде Лексейдің азан шақырып қойған қазақша есімі де табылды: Алдаберген екен. Онысын мұқырлықтар бертінгі уақытта, совхоздың еңбек озаттарына арналған бір жиналысында бір-ақ біліскен. Өмір бойы ішкі жақта, Коробиха деген ауылда, кілең қаба сақал кержақтардың арасында өскендіктен, Алдаберген алдымен Алешаға, есейе келе Алексейге айналып кетіпті. Келіншегі Ольганың да шын есімі Орынша боп шықты.

– Әй, Лексей, сен шоқынған шығарсың? – деді бұл жаңалыққа жағасын ұстаған Нұрғали. – Сенің тәп-тәуір қазақша атың бар екен, соны бізден несіне жасырғансың?

– Қазақшасы ұзақ... Тіл сынады. Ал орысшасы жып-жинақы. Өзіме осы орысшасы ұнайды. – дейді Лексей де шындығын жасырмай.

– Айттым ғой, сен шоқынғансың деп.

– Шоқынғам жоқ. Жетім өстім. Өмірім кержақтардың ішінде өтті. Енді не істе дейсің маған?

– О не дегенің? Бойыңда қазақтың қаны бар емес пе?

– Қайдағы қазақ?.. Қайдағы қан?.. Енді менен дұрыс қазақ та, оңды орыс та шыкпайды. Оны өзім де жақсы білем!

– Қаның тартпаса, қалың қазақтың ортасына неғып көшіп кеп жүрсін, ендеше?..

Ә. Асқаров. «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді...»

## 6-аудиомәтін

Бабамыздың шоқ басқан табанымен,  
 Бірдей екен жақсысы жаманымен:  
 Бір жаманы – тынымсыз көше берген,  
 Бір жақсысы – кимаған даланы кең.  
 Бір жаманы – жел сөзге ерген екен,  
 Бір жақсысы – тілге ерік берген екен.  
 Бір жаманы – кетпенге орашолақ,  
 Бір жақсысы – найзагер, мерген екен.  
 Бір жаманы – кешігіп әліппе ашқан,  
 Бір жақсысы – күйлері көбік шашқан.

Бір жаманы – қыздарын малға сатып,  
Бір жақсысы – сүйгенін алып қашқан.

Бір жаманы – шаруасын мандытпаған,  
Бір жақсысы – қулықпен жанды ұтпаған.  
Бір жаманы – үйленіп жеңгесіне,  
Бір жақсысы – жесірін қанғытпаған.

Тату-тәтті көршілер шыр бұзбаған,  
Бірге тоңып суықта, бір мұздаған!  
Бір жаманы – сонда да үй салмаған,  
Бір жақсысы – абақты тұрғызбаған...

К. Мырза Әлі

### 7-аудиомәтін

– Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы басты жетістіктерін атап беріңізші .

Нұрмұхамед Байғара (саясаттанушы, «Қазақстан» арнасындағы «Алаң» бағдарламасының жүргізушісі ). Менінше, Қазақстанның жеткен жетістігі жетерлік. Бірақ «Тәуелсіз мемлекет ретінде біздің табысымыз не?» деген сауал туындаса, мен төмендегі бірнеше «олжаны» айтар едім.

Біріншісі, тәуелсіз, жаңаша ойлай алатын, сыни көзқарастан қорықпайтын жаңа қоғам, жаңа ұрпақ қалыптасты. Қазіргі қатардағы азамат өз ойын ашық жеткізе алады, қымсынбайды. Керек жерде талап етеді. Келмеске кеткен Кеңес Одағын аңсамайды. Көпшілігі өз болашағын Қазақстанның дамуымен байланыстырады.

Екіншісі, Қазақстан аумағы шегарасының толық анықталып, құжатпен бекітілуі. Бұл жетістікке жету үшін талай дипломат, тарихшылар, картографтар және өзге де мамандар сан жылдар бойы тер төкті. Ал осы істі толық басқарған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың сіңірген еңбегі шексіз. Елбасы кейбір көрші елдердің басшыларындай келер ұрпаққа шешілуі қиын әрі ұзақ ұлтаралық, дінаралық жанжалдарды, түйіні тарқатылмаған жер дауын қалдырған жоқ. Өз уақытында шешті.

Үшінші, үлкен қыншылықтармен болсын, республикамыздың нарықтық экономикаға толық өтуі. Бүгінде Қазақстанда 2 миллионнан аса жеке кәсіпкер бар. Олар қаншама жұмыс орнын ашты. Төрт-бес адамның біреуі жеке өз ісін ашқысы келеді. Студенттердің басым бөлігі жеке бизнес жайлы жоспарлайды. Бұл адам қабілетіне қарай табыс табуға мүмкіндік беретін нарықтық экономиканың жемісі деп есептеймін.

### 8-аудиомәтін

– Тәуелсіз мемлекет құру ісінің басы-қасында болған қоғам қайраткері ретінде Қазақстанның бүгінгі жетістіктерін қалай бағалайсыз?

Әбіш Кекілбаев (жазушы, қоғам қайраткері ). Мемлекеттік тәуелсіздікті, мемлекеттік дербестікті жариялау бар да, оны қамтамасыз ету бар.

Ал оны тарихи шындыққа айналдыру, әрине, бұдан да гөрі көп уақытты, көп төзімді талап ететін күрделі үдеріс. Себебі Кеңестер Одағы өз еркімен құлаған жоқ. Ол өзі ұстанып келген саяси жүйенің барлық мүмкіндігі таусылғаннан кейін барып құлады. Нәтижесінде, елде бірнеше дағдарыс қатар жүрді. Соның ішінде көзге алдымен түскені – экономикалық дағдарыс. Ол дағдарысты Қазақстан да айналып өте алмады. Себебі қайта құруға дейінгі Қазақстан экономикасының 87 пайызы одақтық бағыныштылықта болатын. Біздің елдің өзі дербес билейтін бөлігі 15 пайыздан аспайтын. Оның үстіне, экономикамызды құрайтын факторлардың барлығы технологиялық жағынан да басқа республикаларға тәуелді еді. Қазақстанның ең үлкен жетістігі – сол күйзелісті күндердің өзінде жаңа экономикалық қарым-қатынастарды жүзеге асыруға тәуекел еткендігі, яғни өз бетімен тұралап қалған экономиканы, отарылып қалған өндірісті қайтадан тіршілікке қоса алмайтынын түсініп, халықаралық экономикамен ықпалдастыққа түсуге тәуекел еткендігін айтуға болар еді. Сөйтіп, ол бірінші кезекте өз экономикасын аяғынан тік тұрғызуға қажетті инвестиция тарту саясатын бастады. Ол үшін халықаралық капиталмен жаңа жағдайда ықпалдасуға көшті. Әрине, кіріптар болып, ісін түсіп отырған елге сенің барлық талабың өте қоймайтыны белгілі. Сондықтан біраз уақытқа дейін ымырашылдықтан қашып құтыла алмайтын дипломатия қажет еді. Қазақстан бұған да тәуекел ете алды. Біздің ел өзінің геосаяси тиімді аумағын және онда жинақталған табиғи ресурстың молдығын тиімді пайдаланды. Осыдан туындамай қалмайтын сыртқы әсерлерді екі жаққа бірдей тиімді іскерлік әріптестікке бейімдеу үшін де көптеген күш-әрекет керек болды. Сол кездегі Қазақстанның саяси элитасында да, бүкіл жұртшылықта да осыған жеткілікті төзім мен ақыл табылды.

Бұл Қазақстанның тағы бір үлкен жетістігі деп есептеймін. Енді осы үлкен жетістіктің ең мықты көрінісі елдегі әлеуметтік ахуалдың орнықтылығы еді. Бүгінгі таңда Қазақстан несімен күшті, адамзатқа несімен ықпалды десек, ол біздің еліміздегі әлеуметтік орнықтылықты қамтамасыз еткендігімізге байланысты болып отыр.

*Б. Омарұлы. «Жүректің көзі»*

## 9-аудиомәтін

ЭКСПО-ның Қазақстанға бергені көп.

Біріншіден, ЭКСПО кезінде әлемнің түкпір-түкпірінен ең жаңа, заманауи технологиялар көрмеге қойылып қана қоймай, олардың жұмыс істеу принциптері көрсетілді. Сол арқылы біз жаңа технологияларды көріп, әлемдегі озық технологиялар мен техниканың қай бағытта, қалай дамып бара жатқанына куә болдық. Өз еліміз бен дамыған елдердің арасындағы технологиялық прогрестің айырмашылығын біліп, өз-өзімізді бағамдадық.

Екіншіден, ЭКСПО барысында Қазақстан және шетел тарапынан зерттеу орталықтары, әсіресе шетелдік жаңа жобалар көрме аяқталғаннан кейін де Қазақстанның керегіне жарап, әрі қарай қызмет етуде.

Үшіншіден, шараны ұйымдастыру барысында үйлестіру, басқарудың жаңа әдістерін үйреніп қана қоймай, Қазақстан қызмет көрсету саласын сыннан өткізіп, тәжірибе жинақтады, сол арқылы тәжірибені жетілдіруге мүмкіндік туды.

Төртіншіден, бұл шараға Қазақстан үкіметі жариялағандай 5 миллион адам келмесе де, елорда тұрғындары мен әдеттегі қонақтарынан әлденеше есе артық адам келгені анық. Бұл сол қысқа мерзімде еліміздегі қонақүйі, тамақтану сияқты қызмет көрсету салаларындағы кәсіпкерлерге пайда әкелді.

Бесіншіден, көрмеге келген қонақтар тек Астана қаласымен шектелмей, Алматы, Бурабай сияқты көрікті жерлерге ат басын бұрып табысты. Кейін елдеріне барғанда, олар Қазақстанның жарнамасын жасайды. Бұл туризм саласы үшін маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.

Алтыншыдан, шара 3 ай бойы өткендіктен, шетелден келген қонақтарға жол бастау, аудармашы болу сияқты міндетті атқаратын, шет тілін білетін және үйреніп жүрген жастарға үлкен тәжірибе болды.

*С. Мұратхан*

## 10-аудиомәтін

Дүние шыр айналып бара жатқандай. Лақап көп. Бүгін бірі, ертең екіншісі топ етіп түрмеден бір-ақ шығады. Не үшін, қандай кінәмен түсті? Айтпайды, кейін түсінесің дейді. Әкеледі, камайды, жапты, бітті. Түрмедегілердің ішінен өздеріне қандай айып тағылғандарын нақты айтып беретіні аз. Біреу түртті, куә бар, ала жөнелген. Бұжай колхоздың спыр фермасын басқарған. Спырлары қысыр қалған. Бар жазығы осы-ақ! Яғни, зиянкес. Иманқұл даланың тағы қоянынан шаруашылығында қоян фермасын құрмағаны үшін отырғызылған. Ерден баласын сүндетке отырғызғаны үшін айыпты, өйткені өзі органның адамы бола тұра ескішіл. Өмірдің айыбы тіптен зор. Ол – Ахмет Байтұрсынұлының інісі. Демек, «жау». Әкеледі, жапты, камады, себебі ағасымен хат жазысып тұрған. Жүсіпназар... өзі емес, өнері кінәлі. Бар айыбы – ән салғандығы... Қосымшасы – үйін тінткенде Ахмет Байтұрсынұлының, Міржақып Дулатовтың, Мағжан Жұмабаевтың, Шәкәрімнің өлеңдері, ескі қисса-дастандар, тіптен сорақысы – сандығынан «Құран» кітабы шыққан.

Тұтқындардың делосы осы тектес. Түрмедегілер бірін-бірі жұбатқан болады, алдарқанады. Мойымайтыны – Жүсіпназар. Тамағын түбіт шәлімен орап алады да, әнге басады. Күйіктің әні! Рас, іштерінде күйректеуі, жасықтары да жететін. Тіптен зоры, Ғалиевтің «тыншылары» да осылармен аралас қоңсы, бірақ олар НКВД-ның камерасында ұзақ қонақтамайды. Бұлар кетісімен камерадағылар қатары сиреп қалушы еді. Тұтқын не басқа жаққа жөнелтілетін, не... Осы «не» деген сөздің астарында көп мән бар, түрмедегілердің көпшілігі 58-статьямен айыпталатын.

*Нәубет жинағынан: «Елу сегізінші статья»*

## 11-аудиомәтін

Нельсон Мандела – Оңтүстік Африка Республикасының сегізінші және тұңғыш кара нәсілді президенті, апартеид кезінде адам құқықтары үшін күрескен белсенділердің ең танымалы, 1993 жылғы Бейбітшілік саласындағы Нобель сыйлығының иегері.

Азан шақырып қойған есімі – Холлала. Холлала Мандела отбасындағы мектепке барған ең бірінші адам болды. Сол жерде мұғалімі оған «Нельсон» деген ағылшын есімін береді.

1944 жылы Африка ұлттық конгресінің мүшесі болды. Ақ нәсілді билік Шарпевиль қаласындағы (1960) бейбіт шеруді қантөгіспен атқылағаннан кейін, «Ұлт найзасы» ұйымының негізін қалады. 1962 жылы өмір бойына абақтыға жабылды.

Өткен ғасырда Оңтүстік Африканы жаулап алған ақ нәсілділердің «апартеид» атты заңды қоғамы құрылған еді. Мұны қазақша «екіге бөлініп даму» деп атауға болады. Яғни, нәсілдік теңсіздікке негізделген мемлекеттің халқы әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйе бойынша ақ нәсілділер бір бөлек, кара нәсілділер бір бөлек окшау өмір сүрді. Ақ нәсілділер мемлекетті басқарды, олардың адам ретінде барлық саяси құқықтары сақталды және дәулетті, бай өмір сүрді, ал кара нәсілділер АҚШ резервациясында кедей ғұмыр кешкен үндістер сияқты шектеулі және екінші сортты дүниеде өмір сүрді. Оларда сайлау, жақсы жұмысқа тұру құқығы болған жоқ. Оқу, білім және денсаулық сақтау мүмкіндігі де қамтамасыз етілмеді.

Нельсон Мандела өз елінде тұрып, өгей баланың күйін кешкен кара нәсілділердің құқығы үшін күресті. Бүкіл өмірін осы әділетсіздікті жоюға арнады. Осы мақсаты үшін 1-2 жыл емес, 27 жыл бойы абақтының ең азапты төрінде қапаста болды. Түптің түбінде әділеттілік пен адалдықтың ақ туы жеңіске жетіп, Оңтүстік Африка Республикасының халқы ғана емес, Африка құрлығы, қала берді, бүкіл әлем қолдауына ие болған соң, ақ нәсілді мемлекет басшылары оны абақтыдан босатуға мәжбүр болды. 1990 жылы абақтыдан босаған соң, Африка Халық конгресі партиясының жетекшісі болды. 1994 жылы Оңтүстік Африка Республикасының Президенті болып сайланды. Тарихта Нельсон Мандела сияқты бақытты саясаткер кемде-кем. Ол өзінің ұзақ та мазмұнды өмірін ұлт мүддесіне арнады және диттеген мақсатына жетті. Көзі тірісінде тәуелсіз кара нәсілді мемлекеттің басшысы болып, сол елдің Ата заңын түбегейлі түрде қайта өзгертті. Нәсілдік теңсіздікті жойды, оны мойындамаған ел қалмады.

## 12-аудиомәтін

*Төрехан Милатұлы* . Мен Канадада Калгари қаласында оқыдым. Мектеп бітіре салысымен кеткендіктен, көп қиналдым. Сондықтан баланы жастай шетелге жіберуге қарсымын. Бірақ намысқа тырысып жақсы оқыдым. Ақша үнемдеуді үйрендім. Ол жерде арқа сүйейтін таныс болмағандықтан, өзіме ғана сенуге тура келді. Туған жерімді, елімді қатты

сағындым. Өзім орыс мектебін бітірген едім. Канадада жүріп, елге деген сағыныштан қазақша үйрендім. Қазақтың ұлттық тағамдары тары, күрт, қазы-қарта, шұбат пен қымыздың қадірін сезіндім. Сондықтан жоғары оқу орнын бітіргенде, «Канадада қал» деген ұсынысты қабылдамай, елге келдім. Қазір елордада қызметтемін.

*Меруерт Нұрсұла*, Алматыда туып-өстім. 11 жыл бойы қаладағы ең мықты мектептің бірінде білім алдым. Ата-анам, туған-туыстарым мені еркелетіп өсірді. Таршылық көріп өскен бала емеспін. Сонда да 13 жасымнан бастап торт пісіруді үйрене бастадым. Ал 14 жасымнан бұл іске шындап кірістім. Тапсырысқа торт пісіріп, алғашқы ақшамды таптым. Негізі маған қабілетінді шындап, сол арқылы ақша тап деп ақыл айтқан – туған әпкем. Ол қазір шетелде білім алып жатыр.

Сөйтіп, менің хоббиім кәсібіме айналып, түске дейін сабаққа барып, түстен кейін үйде торт пісіріп, ақша тауып жүрдім. Үнемі «осы кәсібімді қалай дамытсам екен, сабақтан кейінгі уақытымды қалай дұрыс жоспарласам екен» деген ойда жүрдім. 11-сыныпқа көшкен соң, бәрі өзгерді. Өйткені сабақтан кейін ҰБТ-ға дайындалуды міндеттеді. Тапсырыстарды уақытында орындап үлгере алмағандықтан, іштей мазасыздық басталды... Сондықтан бір-екі ай ойлана келіп, ҰБТ тапсырмаймын деп шештім. Мен өз шешімімді айтқанда, «Бұл қалай? ҰБТ тапсырмағаны несі? Оқуға түспесең, далада қалмайсың ба?» деп, тұс-тұстан ақыл айтқандар көбейді. Бірақ ата-анам мені түсініп, менімен санасты. Ал ұстаздарымның арасында сынып жетекшім ғана маған сенді. Яғни, оқуға түспей де өмірде өз орныңды таба аласың деді. Қазір Қазақстанның Іскер әйелдер қауымдастығына қарасты Жастар қанатының тұрақты мүшесімін.

### 13-аудиомәтін

Әр отбасы – өзінше бір мемлекет. Он балалы аналардың бірі Ұлданай Өлімбаева – 39 жасында 5 ұл, 5 қыздың анасы атанған алтын құрсақты ана. Ол – барша қазақ әйеліне үлгі. Үлкен ұлы – 23 жаста, кішілері – балабақша жасында. Ұлданай «қанша бала болса да, қайнататының бір қазан» дейді.

«Әкесі екеуіміз балалармен бірге отырып, ертегі оқимыз, тақпақ, өлеңдер жаттаймыз. Демалыс күндері қаланың көрікті жерлеріне барып демаламыз. Қайда баратынымызды көбіне балалар өздері шешеді...

Ата-ана алдымен ата-аналық парызды, міндетті түсінгені абзал. Әр баланы дүниеге әкелген соң, ең бірінші оның денсаулығына, білім алуына назар аударып, иманды, ізетті, адал, еңбекқор етіп тәрбиелеуге тиіс. Ата-ана өз парызын дұрыс орындаса, бала да перзенттік парызын мінсіз орындайды. Балаң сені ұятқа қалдырмасын десең, дұрыс ата-ана бол. Отағасы екеуіміздің ұстанымымыз осы...

Жас отбасыларға «өмірге ұрпақ әкелсеңдерші» десем, баспананың жоқтығын айтады. Олардың екі-үш баламен шектелуі «асырай алмаймыз»

деген қорқыныштан деп ойлаймын. Бірақ одан қорқудың қажеті жоқ, әр баланың өз несібесі бар. Көп бала болса, бірін-бірі жетелеп, қарайласып, тез өседі. Бір төсекте құшақтасып өскен бала мейірімді болады. Егер мемлекет тарапынан жас отбасыларға қолдау көрсетіп, жағдай жасаса, көпбалалы отбасылар көбейер еді...

«Алдыңғы арба қалай жүрсе, соңғы арба солай жүреді» демекші, алдыңғы ұл-қыздарды жақсылап тәрбиелесең, соңғылары соларға еліктеп, еріп кетеді деп ойлаймын. Мейірімге бөленіп өскен бала айналасына камқор, бауырмал болады. Кез келген түйткілді ашумен емес, ақылмен шешуге тырысады», – дейді байыпты ана.

«Түркістан» газетінен

#### 14-аудиомәтін

*Әзімбай Ғали (демограф-ғалым)*. Бізде демографиялық үрдістердің мөлшері 2,6-2,7 балаға жетті. Демографиялық өсім болуы мүмкін. Кейіннен ол азаяды. Осыдан 25 жыл бұрын туу жоғары болса, сол кезде туған балалар қазір 26-27-ге келді. Ал бұл қазір орташа неке құру жасы. Олар кем дегенде екі баланы дүниеге әкеледі. Бірақ ол көп өзгеріс жасай қоймас. Жалпы халық санын көбейтудің үш жолы бар. Бірінші, тууды түрлі жолдармен көбейту: материалдық ынталандыру. Дегенмен отбасылардың 10 пайызы ғана ынталандыруға келісер. Екінші жолы – өзге елдегі қандастарымызды қайтару. Оларды қазір елге қайтармасақ, кейін онсыз да өз еліне сыймай жатқан үндістер мен қытайлардан арыла алмай қалуымыз ғажап емес. Мысалы, Үндістандағы туу көрсеткіші мұсылман елдерінен жоғары. Сондықтан мұсылмандар баланы көп туады деген ұғым көп жағдайда шындыққа жанаспайды. Үшінші жолы – ассимиляция. Бізде өзге ұлттарды сіңіру жоқ. Мәселен, Еуропада өзге ұлттарды сіңіру – жақсы үрдіс. Яғни, әр азаматтың қазақ болуына мүмкіндік беруіміз қажет. Ал біз өз кезегімізде өзге ұлттардың қазақ болып жазылуына ықпал еткеніміз жөн.

*Жарас Сейітнұр (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың психология кафедрасының доценті)*. Соңғы 20 жыл ішінде ұлттық психологиямыз өзгеріске ұшырады, яғни адамдардың санасы өзгерді. Кезінде көпбалалы отбасылар, күміс алқа, алтын алқа негерлері көп еді. Оларға көрсетілетін құрмет те жақсы болатын. Қазір, шыны керек, көпбалалы аналарға деген құрмет қажет-ақ. Кең-байтақ алып аумағымызды сақтап қалу үшін халық санын көбейту керек. Ол үшін демографиялық саясатты тиімді жүзеге асыру қажет. Қолдау болмаса, өсім болмайды. Мәселен, көрші Ресей мемлекеті «материнский капитал» арқылы өсімін жақсартты. Сонымен бірге қазір салт-дәстүрімізден айырылып қаламыз ба деген қауіп бар. Қазақта «Бір қозы туса, бір түп жусан артық шығады» деген аталы сөз бар. Алайда қазір экономикалық құндылықтар алдыға шығып кетті. Жастар отбасын құрмас бұрын материалдық жағдайды ойлап, кеш үйленіп жатады. Бұған батыстық мәдениет те әсер етіп отыр.

Аналармен сөйлескенімде, көп мәселе әлеуметтік-тұрмыстық жағдайға тірелетінін аңғардым. Көпшілігі бір баланы мектепте оқытудың өзі қаншама қаражатты қажет ететінін сөз етеді. Қатарынан қалдырмай оқытып, өсіруге кез келген отбасының жағдайы келмейді. Сондықтан көпшілігі бір баланы өсіріп алсақ та жетеді деп жатады.

*Сұхбаттасқан А. Исламбек*

### 15-аудиомәтін

Отбасының басты қазығы, алтын тіреу дінгегі – бала. Бала – жасы кәмелетке толмаған, жан-жақты тәрбиені қажет ететін, болашағынан көп үміт күттіретін жекетұлға. Ал баланың жекетұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, тәрбие берушілер – ата-ана, отбасы, араласатын ортасы, жолдастары, тәрбиешісі, ұстаздары.

Жеке баланың бойындағы ар-ұяты, адамгершілігі, басқа адамдармен қарым-қатынасы, мәдениеттілігі отбасыдан алынады. Сондықтан отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Осы ұжымның әрбір мүшесі өзара сүйіспеншілікпен, береке-бірлікпен, сыйластықпен бала тәрбиесіне араласса, кәмелетке толғаннан кейін саналы, тәрбиелі жекетұлға қалыптасады.

Өркендетті қоғам дамыған сайын бала саны азайып келеді. Бір баласы бар отбасы тәрбиесіндегі ең басты мәселе – балалар қарым-қатынасы жоқтығында. Бір баланың тәрбиесі қосымша педагогикалық күш салуды талап етеді. Ата-ананың, ата-әженің жалғыз балаға артық көңіл бөлуі оны белсенділігінен айырып, баланың эгоистік жақтарының басым болуына септеседі. Көпшілікпен араласу, ұжымдық қызмет тәжірибесін игеру жағынан баланы қиын жағдайға қалдырады. Бұндай отбасыларда аға, әпке сияқты тәлімгер, іні, қарындас сияқты қамқорлығына алатын бауырдың болмауы ұжымдық туыстық қатынастар аясын мүлдем тарылта түседі. Кейінгі кезде немере, шөбере туыстарды айтпағанның өзінде, бірге туған бауырлардың да туыстық қатынастары салқындай бастағаны аңғарылады.

Көпбалалы отбасының балалары ауылда, мектепте, ұжымда, қатар құрбылары арасында тез сіңісіп кетеді, өйткені олар отбасында бір-біріне қамқорлық, құрмет жасауды көріп өседі. Ал бір баламен шектелген отбасындағы балада жатырқау, тасбауырлық сезімдер нығая түседі.

*Р. Айтжанова, Л. Батырбекова*

### 16-аудиомәтін

#### Биотехнология және оның негізгі бағыттары

Биотехнология дегеніміз – биологиялық организмдердің қатысуымен жүретін процестерді адамның мақсатына сай өзгерту арқылы өндірісте пайдалану. «Биотехнология» терминін алғаш рет 1919 жылы венгр ғалымы К.Эрки енгізді. Биотехнологияның басты мақсаты – өсімдіктердің

жаңа сұрыптарын, жануарлардың асыл тұқымын, микроорганизмдердің штамдарын шығару.

Ата-әжелеріміз ежелден микроорганизмдерді қымыз, шұбат, айран ашытуға, құрт пен ірімшік жасауға, нан пісіруге, тері илеуге т.б. қажетті заттарды дайындауға пайдаланған.

Қазіргі биотехнологияның микробиологиялық өндіріс, жасушалық инженерия және гендік инженерия сияқты негізгі бағыттары бар. Биотехнологияда биохимия, микробиология, молекулалық биология, генетика ғылымдарының жетістіктерінің нәтижесінде өте бағалы биологиялық белсенді заттар – гормондар, ферменттер, дәрумендер, антибиотиктер; органикалық қышқылдар – сірке және лимон қышқылы, сүт, кейбір дәрі-дәрмектер алынады. Ең жоғары өнімді микроорганизмдер штамдарының көмегімен 150-ден астам биологиялық заттың түрі синтезделді. Мысалы, адамда және кейбір жануарлар организмінде синтезделмейтін амин қышқылы – лизинді тек микроорганизмдер арқылы алады. Егер жануарлар организмінде лизин жетіспесе, оның денесінің өсуі тоқтайды. Сондықтан лизинді жануарлардың жемшөбіне қосып береді. Биотехнологияның биологиялық әдістерін қоршаған ортаны ластанудан тазарту үшін қолданады. Ластанған суды микроорганизмдердің, ал ірі өндіріс орындарының шығарған зиянды қалдықтарын кейбір бактериялардың көмегімен тазартуға болады. Уран, мыс, кобальт сияқты металл қалдықтарымен ластанған суды тазарту үшін, оларды өз жасушаларына жинайтын бактериялардың түрлерін пайдаланады. Осылайша, биотехнология экологиялық мәселелерді де шешуге қатысады.

*С. Сартаев, М. Гильманов*

## 17-аудиомәтін

### Гендік инженерия

Соңғы жылдары молекулалық биология мен генетика ғылымдарының жетістіктеріне байланысты гендік инженерия ғылымы пайда болды. Гендік инженерия организмдердің жақсы қасиеттерін сақтап қалумен қатар, оған сапалы қасиет бере алады. «Гендік инженерия» термині ген құрастыру деген мағынаны білдіреді. Гендік инженерияның мақсаты – алдын ала белгіленген үлгіге сәйкес генотипі жағынан жақсарған организмдер алу. Алғаш рет гендік инженерияның тәсілдерін пайдаланып инсулин алынды. Инсулин гормоны адамның ұйқы безінде бөлінеді. Егер инсулиннің түзілуі бұзылатын болса, адам диабет ауруына шалдығады. Қазір дүниежүзінде 60 миллионнан астам адам диабетпен ауырады. Осы уақытқа дейін инсулин гормонын сиыр мен шошканың ұйқы безінен алатын. Ал инсулинге тәуелді адамдардың саны жылдан-жылға арта түсуде. Осы себептерге байланысты гендік инженерия әдісімен адамның инсулин генін бактерияға көшіру керек болды. Бұрынғы әдіс бойынша өсу гормонының мұндай мөлшерін өндіру үшін сиырдың немесе шошканың 1600 килограмм ұйқы безі қажет болар еді. Инсулиннен кейін гендік инженерия әдісімен самотропин деп аталатын

өсу гормонын бактерияларда синтездеу қолға алынды. Самотропин ірі қара малдың сүтінің артуына, қойдың еттілігінің жақсаруына әсер етеді. Сондай-ақ ол – адам бойын өсіруші гормон. Балалардың бойы өспеуі, соның салдарынан липидуттар мен карликтердің болуы – адам денсаулығының тағы бір күрделі мәселесі.

Гендік инженерия ауылшаруашылығында да көптеген жетістікке жетті. Бұрын-соңды болмаған картоп, жүгері, соя, күріш, қияр сұрыптары енгізілді. Гендік инженерия әдісін табысты қолданған өсімдіктер түрі елуден асады. Малшаруашылығында да гендік инженерия жаңадан қолданылуда. Алдағы уақытта жүндері жылдам өсетін қойлар пайда болуы мүмкін.

*С. Саптаев, М. Гильманов*

## 18-аудиомәтін

### Гендік модификацияланған өнімдер жайындағы отандық профессор, ғалымдардың пікірлері

*– Бүгінде гендік модификацияланған өнімдер жайында екіұшты ойлар айтылып келеді, өздеріңіз де бұл мәселені талай көтеріп келесіздер...*

*Т. Шарманов (Қазақ тағамтану академиясының президенті).* Мен бұл туралы көп айттым. Негізі, оның еш зияны жоқ. Көпшілік қате ойлайды немесе кейбіреулер әдейі қателестіреді. Модификацияланған өнім – ішінде пайдалы дәрумендері көбейтіліп, жақсартылған өнімдер. Ал ол қалай алынады? Өртүрлі организмдерді реттеп, ең жақсы дүниелерін жинақтайды, ол сыртқы зиянды әрекеттен сақтауға әсер етеді. Көпшілік «ГМӨ генетиканы өзгертеді екен» деп адастырады. Ол – ешбір дәлелдеуге келмейтін жалған ұғым. Өйткені генді өзгерту үшін генді модификациялаған факторды үлкен инженерлік әсермен ғана кіргізеді. Әсер ететін түрлендіру факторы (модифицирующий фактор) сыртта қалады, ішке кірмейді.

Адамның ғана емес, өсімдіктердің, жан-жануарлардың жасушасы бірнеше қабат қорғалған, оған кіру мүмкін емес. Қанша тырыссаң да кіргізе алмайсың. Мысалы, Америкада соя бұршағының 70 пайызы генді модификацияланған. Мұндай тамақты Америкадан артық ешбір ел дайындамайды. Америкалықтар – өз денсаулығын күту, сақтау жағынан алдына жан салмайтын халықтың бірі. Олар ғылыми жолмен әрбір азаматтың денсаулығын сақтауға мұқият қарайды, арнайы ұйымдар жұмыс істейді. Онда ГМӨ өсімдіктер жыл сайын өсіп жатыр. Жиырма жылдан асты, әлі бірде-бір зиянын көрсеткен дерек жоқ. Зиянды әсері болып жатқан күнде ғылыми түрде жан-жақты тексеріліп, жойып жібереді.

*– Гендік модификацияланған өнімдердің қаупі бар ма, әлде қауіптенуге себеп жоқ па?*

*Е. Раманқұлов (Қазақстан Ұлттық биотехнология орталығының жетекшісі).* Халық ғылыми-техникалық прогрестің жаңа, бірегей

жетістіктеріне сенімсіздікпен қарайды, әсіресе тұтынушылар көп болған жағдайда. Біз ғалым ретінде адамдардың алаңдаушылығына түсіністікпен қараймыз, өйткені ГМӨ тұтырудан белгілі бір салдар туындау мүмкіндігін жоққа шығармаймыз. Менің ойымша, халық арасында ГМӨ туралы аңыз тым көп. Түрлі елдерде ГМӨ тұтырудың 20 жылдық тәжірибесі оның адам денсаулығына зиянды әсерінің бірде-бір дәлелін көрсеткен жоқ. Ал Батыстың халқы өз денсаулығы мен тамағының сапасына аса қамқорлықпен қарайды. Қазақстандағы ГМӨ проблемасына тоқталсақ, елімізге импортталған тағам өнімдерінің басым бөлігінің құрамында ГМӨ барын атап көрсету керек. Мысалы, дәмдеуіш ретінде кеңінен пайдаланылатын кетчуптар мен майонездердің құрамында Еуропаға АҚШ-тан экспортталатын гендік модификацияланған соя бар. Яғни, біз өзіміз білмей, құрамында ГМӨ бар өнімдерді бұрыннан тұтынып келеміз.

### 19-аудиомәтін

Бұрын ауылға кітап келсе, барлығы соған таласып кезекке тұратын. Газет-журналдардың жана нөмірлерін асыға күтетін. Ал қазіргі жастарды ел ішіндегі жаңалықтар қызықтыра ма? Қазіргі ақпараттық технология дамыған заманда олар кітап, газет-журнал оқи ма? Осы төңіректе біраз ой толғасақ.

«Сіз газет-журнал оқисыз ба? Қай газет-журналды оқығанды ұнатасыз?» деген сұрақтар бойынша жастар арасында сауалнама жүргіздім. Сауалнамаға барлығы 40 адам қатысты. Жастардың 27,5 пайызы газет-журнал оқымайтынын ашық айтты. Ал қалған 72,5 пайызы газет-журналдың тұрақты оқырманы екен. Демек, жастардың әлі де газет-журнал оқуға деген қызығушылығы бар. Ең көп оқылатын газет-журналдар мынадай: 1) жұлдыздар туралы журналдар – 25 пайыз; 2) өзге әртүрлі газет-журналдар – 12,5 пайыз; 3) «Жас Алаш» – 10 пайыз; 4) «Егемен Қазақстан» және «Алматы ақшамы» – 15 пайыз; 5) «Ана тілі» – 5 пайыз; 6) «Жас қазақ» және «Өмір-ай» – 5 пайыз.

Бұдан байқайтынымыз, жастарды көп қызықтыратыны – өнер адамдары туралы мәліметтер. Жалпы, саяси-әлеуметтік, экономикалық жаңалықтардан да құралақан емес. Ал газет-журнал оқымаймын деп жауап берген жастардан себебін сұрағанда, олар: «Газет-журнал бұрынғы заманның еншісінде қалған, қазір ғаламтор бар», «Жаңалықтың барлығын ғаламтор арқылы білуге болады, қажеті қанша?», «Үйімізде тегін жаңалық көзі бар, газет-журналға шығындалудың қажеті жоқ», «Газет-журналды оқып болған соң, не істеймін, тастаймын ба? Оны да ағаштан жасайды, табиғатты аялайық» деп жауап берді.

Қорыта келгенде, «қазіргі жастар оқымайды, күні-түні компьютердің алдында немесе қолдарынан ұялы телефонын тастамай, шынайы өмірден алыстап кетті» деген пікірлерден аулақ болған дұрыс.

*Г. Есілқызы*

## 20-аудиомәтін

Үй жиһаздарының арасында теледидардың орны ерекше. Осы күнде оны үйдің әр бөлмесіне қою қалыпты жағдайға айналған: жатын бөлмеге, асүйге, қонақ бөлмеге... Мамандардың айтуынша, бұл дұрыс емес, тіпті үй тұрғындарына өте зиян.

Асүйдегі теледидар семіздікке әкеледі. Телебағдарламаларды көріп отырып, бейберекет тамақ ішіле береді. Нәтижесінде, адам күнделікті артық салмақ қосады. Статистикаға сай, асүйде теледидары бар отбасыларда семіздік көп кездеседі.

Жатын бөлмедегі теледидар – ұйқысыздық пен бас аурудың себебі. Әдетте, жатын бөлмеде оны биік жастыққа жатып қарайды. Мұндай жатыс мидағы қан айналымын бұзады. Себебі жатын бөлмедегі теледидар жарығы ағзадағы ұйқы гормоны мелатонин бөлінісін тежейді.

Балалар бөлмесінде теледидар мүлдем болмауы керек! Себебі дамып келе жатқан баланың ойы бөлініп, ой-өрісіне кері әсер етеді. Теледидарға тәуелді баланың сабақ үлгерімі нашарлайды.

Жалпы, теледидар мен оны көріп отырған адам арасындағы арақашықтық экран диагоналін беске көбейткенге тең. Сондықтан диагоналі үлкен теледидарлар, үй кинотеатрлары мен плазмалы панельдер кең бөлмені талап етеді. Және құралдың бетіндегі шаң мен канцерогенді заттарды дымқыл сулықпен жиі сүртіп тұруды ұмытпаңыз.

## 21-аудиомәтін

Ғаламтор технологиясы жылдам өзгеріп отырады. Ғаламтормен жұмыс істеу жеңіл болғандықтан, қазіргі мәселе «торапты кім, қандай мақсатпен пайдалануда» болып отыр. Дегенмен «Web-тен білгім келген нәрсе туралы ақпарат таба аламын ба?» деген сұрақ туындайды. Сол себепті бір жаққа телефон соғудан бұрын немесе кітапханаға барар алдында Web-тен ақпарат алады.

*Адамдарды іздеу.* Егер қажетті адамыңыздың қайда екенін білмесеңіз, оны тауып алу мүмкіндігіңіз бар. Ол үшін сіз қызмет каталогін немесе телефон кітапшасын қолдана аласыз.

*Компанияларды, өнімдерді немесе басқа да қызметтерді іздеу.* Сары парақ (Yellow Page) атты жаңа каталог қызметі сізді қызықтыратын мамандықтары бар компанияларды іздеуге мүмкіндік береді. Оның мекенжайын тез табу үшін сіз сол облысқа сәйкес кодты бере аласыз. Осылайша, қолыңыз жетпей жүрген затыңызды да өзіңіз табуға болады.

*Зерттеу.* Заң кеңселері бұрын қажетті ақпарат алу үшін сағатына 8600 АҚШ долларын төлесе, қазір оны ғаламтордан өте арзан бағаға ала алады. Жылжымайтын мүліктермен айналысатын фирмалар олардың бағасын қою үшін ғаламторға сай келетін мәліметтерді пайдаланады. Ғалымдар өздерінің соңғы зерттеу нәтижелерімен алмасады. Бизнесмендер күнделікті нарықты бағамдайды.

*Білім*. Мектеп мұғалімдері бүкіл әлемдегі оқыту бағдарламаларын бақылап отыра алады. Студенттер компьютерде курстық жұмыстарын жасайды. Сонымен қатар онлайн режимде энциклопедияның соңғы басылымын және басқа да қажетті материалдарды алуға болады.

*Сапар*. Web-те үлкен, кіші қалалар, штаттар мен бүкіл мемлекетке қатысты туристік және басқа да қажетті мәліметтерді табуға болады. Желіден сапар шегушілер ауа райы туралы мәліметтерді, көлік қозғалысының уақыт кестесін немесе мұражайдың жұмыс уақыты туралы мәліметтер ала алады.

«Қазақстан». Ұлттық энциклопедиясынан

## 22-аудиомәтін

1948 жылы 11 мамырда Ұлыбритания күтпеген жерден Палестина 5а мандатының жойылғандығы туралы жариялап, 14 мамыр күні өз әскерлерін алып кетеді. Соны пайдаланған еврейлер 14-інен 15-іне қараған түні Израиль мемлекетінің құрылғанын жариялайды. Келесі күні бірінші Араб-Израиль соғысы басталды.

15 мамырда Сирия, Египет, Ливан, Ирак және Трансиордания әскерлері Палестинаға кірді. Сауд Арабиясы мен Йемен де Израильге қарсы соғыс жариялады. Араб елдерінің әскері 21 мың ғана болса, еврейлердікі 65 мың болды. Соғысты, негізінен, араб жағы бастаса да, оның алғышарттарын жасаған – еврейлер. Бұл соғыс арабтар шыдамының соңғы тамшысы еді. Алғашында әскери қимылдар кезек сәттілікпен өтті, яғни бірде Израиль әскері жеңсе, бірде араб әскері біраз жерді жаулап отырды. Алайда, 1948 жылдың күзінен бастап, соғыс майданындағы жағдай өзгерді. Израиль әскері желтоқсанның аяғына қарай Палестинаның көп бөлігін өзіне бағындырды. Нәтижесінде арабтар жеңілді.

Соғыс барысында Израиль өзіне қосымша 6,7 мың шаршы шақырым жерді қосып алды, яғни Палестина арабтарына берілген аумақтың 60 пайызы. Ал қалған 40 пайызын Иордания мен Египет өзара бөлісіп алды. Палестиналық араб мемлекеті құрылмады. Көптеген палестиналық азаматтар араб және араб емес мемлекеттерде шашырап орналаса бастады.

Әрине, палестиналықтардың жеріне жайғасқан еврейлер сол жердің халқына тыныш өмір сыйламады. Израиль үкіметі 1948 жылы 30 маусымда-ақ «Тасталып кеткен аудандар туралы» Жарлығын жариялады. Жарлық бойынша еврейлердің арабтарға берілген, бірақ соғыс кезінде жаулап алған немесе жарты тұрғындары жоқ аумақтарды «тасталып кеткен» деп, өз құрамына қосып алу құқығы болды. Соның негізінде арабтардың жылжымалы және жылжымайтын мүліктерін тартып алып отырды. Арабтар жерін жоғалтумен қатар репрессияға ұшырады, себепсіз жер аударылып, жасамаған қылмыстары үшін түрмеге жабылды. Сол себепті Израильдегі арабтардың үлесі айтарлықтай төмендеді.

Палестина соғысынан кейін арабтар арасында «палестиналықтар өзінің заңды құқықтарына жету жолында басқа араб мемлекеттеріне арқа сүйеу керек», «Палестина мәселесін шешу үшін бірігіп, қажетті күштерді

ұйымдастыру керек» деген сияқты ой қалыптасады. Көптеген Палестина интеллигенциясы мен студенттері араб елдеріндегі және оның шегарасынан тыс «бүкіларабтық» сипаттағы партияларға кіре бастады.

*Хатықаратық ғылыми-көпшілік журналынан*

### 23-аудиомәтін

Қазіргі кезде Қазақстан күллі әлемге өзінің дінаралық келісім мен ұлтаралық татулықтың қасиетті ордасы екенін әйгілі етті. Еліміздегі конфессиялар – Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы, Қазақстан Республикасындағы митрополит округі, Қазақстандағы Рим-католиктік шіркеуі, Қазақстандағы иудаизм, Қазақстандағы буддизм – бейбітшілік пен келісімді және қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етуде. Олар мәдениеттер мен дәстүрлердің және көзқарастардың әралуандығына қарамастан, Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолында мәдени, діни іс-шараларды келісе отырып жүзеге асыруда.

Республикамызда Қазақстан халқының діни мүддесін білдіретін 18 конфессияның өкілдері бейбіт қатар өмір сүріп, оның саяси тұрақтылығына, экономикасы мен мәдени дамуына жұмыла үлес қосып келеді.

Қазақстан қазіргі әлемдік дамудың күрделі, қарама-қайшылыққа толы, іргелі мәселелерін шешу үшін үш жыл сайын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізуді дәстүрге айналдырды. Съезд алдында Дін көшбасшылары кеңесі құрылып, оның құрамына әлемнің жетекші конфессиялары – ислам, христиан, иудаизм, буддизм, индуизм, синтоизм және зороастризмнің өкілдері енді.

Кез келген шынайы мәдениеттің наным-сенімге негізделетіні, наным-сенімнің түп қазығы дінге барып тірелетіні белгілі. Ал дін атаулының бейбітсүйгіштік, ізгілік қасиеттерге бағышталатын құндылығын игі мақсаттарға пайдалану – айтуға ауыз бармайтын нәубеттерден ғаламды құтқарып қалудың бірден-бір жолы.

*А. Әбуов*

### 24-аудиомәтін

#### Нобель сыйлығының иегері мектеп бітірді

Ұлыбританияда Нобель сыйлығының иегері мектеп бітіруші аттестатын қолына алды. Нобель сыйлығын тағайындаушы комитет Бейбітшілік саласындағы сыйлыққа 17 жастағы Малала Юсуфзайды лайық деп тапты.

Малалаға дейін Бейбітшілік саласындағы Нобель сыйлығымен әртүрлі ұлттан 15 әйел марапатталған екен. Кезінде Үнді көшбасшысы Махатма Гандидің өзі 12 рет Нобель сыйлығына ұсынылса да, лауреат атағы оған ақыры бұйырмады. Гандидің өзі ала алмаған марапатты 17 жасар қыздың жеңіп алуы нені білдіреді?

Әлі мамандық алып көрмеген жас Малаланы әлемдік ақпарат құралдары «құқық қорғаушы» деп атайды. 11 жасынан бері BBC желісінде блог ашып, көрген-білгенін жіпке тізіп жазып отырған жас қыз әлемге әйгілі

болды. Оның ұраны – әлемнің кәй түкпірінде болмасын, қыз балалардың білім алуына жол ашу. Өз жазбаларында жас пәкістандық қыз тәлібтердің іс-әрекетін ашық айыптады. Боямасыз өмір калтарыстарын сипаттағаны үшін, ол Пәкістанның өзінде Жастардың бейбітшілік сыйлығымен марапатталған.

2012 жылы қазан айында пәкістандық қыз тәлібтер тарапынан шабуылға ұшырап, ауыр жаракат алды. Осыдан соң Пәкістан үкіметі емделу үшін оны Ұлыбританияның Бирмингем қаласына аттандырды. 2013 жылы Малала Ақ үйде Барак Обама мен Мишель Обаманың қабылдауында болды, содан соң Біріккен Ұлттар Ұйымының штаб-пәтерінде сөз сөйледі. 2014 жылы қазан айында Нобель сыйлығымен марапатталды.

Нобель сыйлығының ең жас иегері Ливанда Сириядан қашқан босқын қыздарға арналған мектеп ашты. 14–18 жастағы қыздарға арналған мектеп құрылысын қалпына келтіру жұмыстарын өз атындағы қордан қаржыландырған. Кейін Иорданиядағы босқындар лагеріне барып, сириялық қыздардың білім алу ісін ұйымдастыруға ниетті екенін айтқан.

*Малаланың блогіндегі жазбалардан үзінділер*

Мен Талибанға кек сақтамаймын. Мен содырлардың балалары білім алса екен деймін.

Біз өз үніміздің салмағын үнсіз қалған кезде ғана сезінеміз.

Пәкістанның басындағы барлық шешілмеген мәселенің түп себебі – надандық. Соның кесірінен саясаткерлер халықты алдап, қайта-қайта сайланып жатыр.

Экстремистер кітап пен қаламнан қорқады, білімнің күші оларды сескендіреді. Кітап пен қалам – терроризмді жеңетін алапат күш.

*«Түркістан» газетінен*

## 25-аудиомәтін

Табиғи ресурс сарқылатын және сарқылмайтын болып екіге бөлінеді. Ал сарқылатын ресурс қалпына келетін және қалпына келмейтін болып бөлінеді. Қалпына келмейтіндерге жер қойнауындағы пайдалы қазбалар – қара, түсті, асыл металдар және сирек кездесетін, радиоактивті металдар; жерасты суы, құрылыс материалдары; мұнай, газ, көмір, торф сияқты энергиясақтағыш көздері жатады. Бұл ресурстың қайтадан қалпына келу қабілеті жоқ, себебі олар бірнеше миллиондаған жыл бойында түзілген. Мысалы, таскөмір – Мезозой дәуірінде болған өсімдіктер фотосинтезінің өнімі. Қазіргі кезеңде кен байлықтарын түзетін процестердің жүруіне бұрынғыдай жағдай жоқ, сондықтан олардың орны тез арада толуы мүмкін емес.

Топырақ – барлық материалдық игіліктің негізі. Әр адамның жақсы өмір сүруі осы байлық көзінің жағдайына байланысты. Топырақтың негізгі қасиеті – оның құнарлылығы, яғни өсімдіктер өнімі осы қабілетіне байланысты келеді. Топырақтың түзілуі – өте күрделі, ұзақ және үздіксіз жүретін процестердің бірі. Оның 1 см қалыңдықтағы беткі қабатының түзілуіне 100 жылдай, 20 сантиметр қабат қалыңдығының түзілуіне табиғатқа кемінде 5–7 мың жылға дейін уақыт қажет. Ал осы қабатты

жоюға түзілу мерзімімен салыстырғанда, көп уақыттың қажеті жоқ: бірнеше сағат ішінде (нөсер жаңбырмен шайылуы немесе біржолғы шаңды дауылмен ұшырылуы); ең әрі кеткенде бірнеше жылда (20–30 жылда жедел эрозия нәтижесінде) құнарлылығынан айырылады.

Топырақты өндеуге дұрыс технология қолданылмаса, ормандар алқабы қысқартылып отырса, су және жел эрозия процестерінің күшеюіне әкеп соғады. Сонымен, топырақ қалпына келетін ресурс болғанымен, оны тек қатаң қолдану тәртібін ұстап күту керек.

Дүниежүзінде өңделетін топырақ мөлшері – әр адамға 0,28 гектар, ал Ресейде әр адамға шаққанда келетін егістік жердің көлемі – 0,94 гектар, Германияда – 0,15, АҚШ-та – 0,63, Қытайда – 0,16, Жапонияда – 0,04, Қазақстанда 2,25 гектар екен. Жылдан-жылға барлық елде жарамды жер көлемі азаюда.

Салыстырмалы түрде қалпына келетін ресурсқа табиғи ресурстың маңызды түрлерінің бірі орман ресурсын, яғни, ағашты жатқызуға болады.

*С. Мұқаулы, Е. Үнішов*

## 26-аудиомәтін

Қазақстанның су артериялары шамамен 85 мың өзеннен тұрады. Ең ірі су көздеріне Ертіс, Есіл, Іле, Сырдария, Жайық, Шу, Талас, Аса өзендері жатады. Соңғы жылдары бірқатар көлдің кебуі байқалады. Бұл өзендер ағысының шектелуі мен олардың деңгейінің табиғи ауытқу нәтижесінен орын алып отыр.

Экологиялық жағынан ең қолайсыз жағдайда Қазақстанның негізгі су артериясы – Ертіс өзені қалып отыр. Оның суы ауыр металдармен ластанған. Табиғи суды ластайтын негізгі химиялық элементтердің барлығы дерлік су ортасына өнеркәсіп орындарының шайынды суларымен келіп түседі.

Каспий аймағының экологиялық жағдайы – ғаламдық мәселе. Су астында қалу қаупі, әсіресе Каспий теңізінің солтүстік және солтүстік-шығыс жағалауындағы мұнай кен орындарына төніп отыр. Су астында қалу қаупі төніп отырған 43 мұнай кен орнының 32-сі Атырау, ал 11-і Маңғыстау облысында орналасқан.

Арал теңізінің экологиялық мәселелері де адамзатты ойландырып отыр. 60-жылдардан бастап Арал теңізінің ауданы кеми бастады. Судың деңгейі 12 метрден 2 метрге дейін түсіп кетті, тұздылығы 2 еседен асты. Су жағалаудан жүздеген шақырымға шегінді. Кеуіп қалған теңіз түбінен құмды-тұзды дауылдар көтерілуде. Су сапасының нашарлауы мен оның жетіспеуі өсімдіктерге ерекше әсер етіп, бағалы орман, қамыс, өнімді жайылымдар жойыла бастады.

Келесі бір экологиялық мәселе Балқаш көліне байланысты. Балқаш — жартылай тұщы көл. Сарыесік түбегі Балқашты батыс және шығыс бөліктерге бөледі. Батыс бөлігіндегі су ірі Іле өзенінің келіп құюына байланысты тұщы келеді. Ол көлге су мөлшерінің 78,2 пайызын береді.

Балқаштың шығыс бөлігіне келіп құятын шағын өзендердің барлығы қазір суаруға, шаруашылық қажеттіліктерге жұмсалады. Балқаштағы экологиялық жағдай Балқаш көлін сақтап қалуды ғана емес, бүкіл Балқаш–Іле аймағының келешегін ойлауды талап етеді.

Ә. Бейсенова

## 27-аудиомәтін

Қазіргі кезде дүниежүзінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың саны 13 мыңнан асты. Бұл Жер бетінің 8,5 пайызына тең.

Қазақстан Республикасының 2006 жылдың 7 шілдесінде қабылданған «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңына сәйкес маңызды, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар түрлеріне: мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар, мемлекеттік табиғи резерваттар, мемлекеттік зоологиялық саябақтар, мемлекеттік ботаникалық саябақтар, мемлекеттік дендрологиялық саябақтар, мемлекеттік табиғат ескерткіштері, мемлекеттік табиғи қорықшалар, мемлекеттік қорықтық аймақтар жатады. Қазақстан бойынша ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға 10 мемлекеттік қорық, 10 мемлекеттік ұлттық саябақ, 3 табиғи резерват, 49 табиғи қорықша, 5 қорықтық аймақ, 6 ботаникалық және 3 зоологиялық бақ, 2 ірі резерват, 26 мемлекеттік табиғи ескерткіш жатады. Бұлардың жалпы аумағы 2 миллион гектардан астам. Бұл көрсеткіш республиканың жалпы жер аумағының 8 пайызына тең. Халықаралық стандарт бойынша әрбір мемлекеттің жалпы жер аумағының 10–12 пайызы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға бөлінуі тиіс. Мысалы, мұндай көрсеткіш Германияда – 31,5, АҚШ-та – 15,8, Жапонияда – 14 пайыз т.б.

2008 жылы Дүниежүзілік мұралар комитетінің 32-сессиясының шешімімен ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік табиғи мұралар тізіміне Орталық Азия мен Қазақстан бойынша алғаш рет Қорғалжын қорығы мен Наурызым қорығы енгізілді.

Қорғалжын қорығы Ақмола облысының Қорғалжын ауданында орналасқан. 1958 жылы ұйымдастырылған. Қорықта өсімдіктің 331, суда өсетін өсімдіктің 22 түрі өседі. Су өсімдіктері көлдерге ерекше сән береді. Қорық жан-жануарлар дүниесіне де бай: сүтқоректілердің 37, құстардың 294, балықтардың 10-нан астам түрі тіршілік етеді. Қорықта дүниежүзінде өте сирек кездесетін қызғылт қоқиқаз бар. Қорықтағы фауна мен флора толық есепке алынған.

Наурызым қорығы Қостанай облысының Наурызым және Әулікөл аудандарында орналасқан. 1931 жылы ұйымдастырылған. Мұнда жоғары сатыдағы өсімдіктердің 700-ге жуық түрі өседі. Сүтқоректілердің 40-тан астам, құстардың 250-дей түрі, балықтардың 10-ға жуық түрі тіршілік етеді. Қорықтан аққу, безгелдек, дуадақ, ақсұңқар сияқты жылдан-жылға азайып бара жатқан құстарды кездестіруге болады. Қорықта «Табиғат мұражайы» жұмыс істейді.

Қазақ энциклопедиясынан

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әмір Р., Атабаева М. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. Өнд. толық., 3-бас. Алматы: Мектеп, 2013.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Сауранбаев Н. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі // Академик Н.Сауранбаевтың еңбектері: 3 томдық. Алматы: Кенже пресс, 2006. 2-том.
4. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. Алматы: Ана тілі, 1983.
5. Есенов Қ. Құрмалас сөйлем синтаксисі. Алматы: Білім, 1995.
6. Әмір Р., Әмірова Ж. Құрмалас сөйлемдер қазақ тілінің грамматикалық, функционалдық жүйесінде. Алматы: Қазақ университеті, 2009.
7. Сайрамбаев Т., Сағындықұлы Б. Құрмалас сөйлемдер жүйесі. Алматы: Қазақ университеті, 2007.
8. Қазақ грамматикасы. Астана: Астана полиграфиясы, 2002.
9. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016.
10. Ахметова К. Бақ. Алматы: Атамұра, 2005.
11. Омарұлы Б. Жүректің көзі. Алматы: Қазақпарат, 2011.
12. Исабеков Д. Бонапарттың үйленуі. Алматы: Атамұра, 2002.
13. Бегманов Қ. Халқы мықтының салты мықты. Алматы: Өлке, 2010.
14. Асқаров Ә. Өр Алтай, мен кайтейін биігіңді... Алматы: Раритет, 2006.
15. Мырзалиев Қ. Көш. Алматы: «Жазушы», 1973.
16. «Нәубет»: Публицистикалық ой-толғаулар. Алматы: Жалын, 1990.
17. Әшімханұлы Д. Сары самауыр. Алматы: Раритет, 2006.
18. Сарин Қ. Құс жолындағы керуен. Астана: Профи медиа, 2014.
19. Бөкей О. Тандамалы шығармалары. Алматы: Қазақпарат, 2013.
20. Мырза Әлі Қ. Жазмыш. Алматы: Қазығұрт, 2001.
21. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. Фоллиант, 2008.
22. Қазақтың макал-мәтелдері. Алматы: Көшпенділер, 2006.
23. Сейдімбек А. Аққыз. Алматы: Атамұра, 2002.
24. Әлімқұлов Т. Телқоныр. Алматы: Раритет, 2003.
25. Мұртаза Ш. Ай мен Айша. Алматы: Жалын, 1997.
26. Нұржекеев Б. Бейтаныс әйелдің құпиясы. Алматы: Атамұра, 2002.
27. Асыл мұра. Алматы: Көшпенділер, 2013.
28. Мұртаза Ш., Смайылов К. Елім, саған айтам, Елбасы, сен де тыңда! Алматы: Қазақстан, 1998.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	4
<b>1. СТИЛИСТИКА. МӘҢГІЛІК ЕЛ – МҰРАТЫМ</b>	
Мәңгілік ел және тәуелсіз Қазақстан .....	5
Білімді ұрпақ – іргелі елдің кепілі .....	9
Тәуелсіздіктің тұғыры болар тұлғалар .....	14
Қорытыншы сабақ .....	17
<b>2. СТИЛИСТИКА. ЖАҢАҒАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ</b>	
Жаңадану және ел тағдыры .....	20
Жаңаданудың мәдени үрдістерге әсері .....	23
Қазіргі жаңандық мәселелер .....	27
Қорытынды сабақ .....	30
<b>3. СИНТАКСИС. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН. ЭКСПО-2017</b>	
Тәуелсіздік – ел мұраты .....	32
Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктер .....	36
ЭКСПО-2017 көрмесінің маңызы .....	39
Қорытынды сабақ .....	42
<b>4. СИНТАКСИС. АДАМ ҚҰҚЫҒЫ МЕН БОСТАНДЫҒЫ</b>	
Бостандықта өмір сүру – әр адамның арманы .....	44
Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясы .....	47
Бала және жастар құқығы .....	50
Қорытынды сабақ .....	53
<b>5. СИНТАКСИС. ОТБАСЫ ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІС</b>	
Демография – ұлт тағдыры .....	55
Қазақстандағы және әлемдегі демографиялық ахуал .....	58
Отбасы тәрбиесінің бала дамуында алатын орны .....	61
Қорытынды сабақ .....	63
<b>6. СИНТАКСИС. БИОТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНДІК ИНЖЕНЕРИЯ КЕЛЕШЕГІ</b>	
Биотехнологияның негізгі бағыттары және отандық жетістіктері .....	66
Гендік инженерияның пайда болуы және ген инженериясы шешетін мәселелер ....	70
Гендік модификацияланған өнімдер .....	72
Қорытынды сабақ .....	75

**7. СИНТАКСИС. БУҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ**

Газет-журналдардың адам өміріндегі орны .....	78
Радио және теледидардың пайдасы мен зияны .....	81
Ғаламтор желісінің мүмкіндіктері .....	84
Қорытынды сабақ .....	86

**8. СИНТАКСИС. ӘЛЕМДЕГІ ҚАҚТЫҒЫСТАР ЖӘНЕ БЕЙБІТШІЛІК**

Әлем назарын өзіне аудартқан қақтығыстар .....	90
Дінаралық келісім – қоғам тұрақтылығының кепілі .....	93
Бейбітшілік – әлем халқының арманы .....	98
Қорытынды сабақ .....	101

**9. ПУНКТУАЦИЯ. ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ТИМДІ ПАЙДАЛАНУ**

Саркылатын және саркылмайтын табиғи ресурстар .....	105
Табиғи ресурстың жай-күйі .....	109
Қазақстандағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар .....	113
Қорытынды сабақ .....	117
Тыңдауға арналған мәтіндер .....	120
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі .....	138

*Учебное издание*

**Мамаева Мaken Касымбаевна  
Мукашова Жұлдыз Козыкановна**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ**

Учебник для 9 классов общеобразовательных школ  
(на казахском языке)

Оқулықта фотографтар *О. Белязов* пен *С. Қызыбектің*  
еңбектері пайдаланылды

Редакторлары *Ж. Баймағамбетова, С. Құрманғалиева*  
Көркемдеуші редакторы *А. Ақыл*  
Техникалық редакторы *Л. Садықова*  
Корректоры *А. Төлепбердинова*  
Компьютерде беттеген *С. Жұмағалиева*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген



ИБ № 5819

Басуға 29.05.19 қол қойылды. Пішімі 70×100<sup>1/16</sup>. Офсеттік қағаз.  
Қарип түрі «SchoolBook Kza». Офсеттік басылыс.  
Шартты баспа табағы 11,61. Шартты бояулы беттаңбасы 43,22.  
Есептік баспа табағы 6,46. Таралымы 75 000 дана.  
Тапсырыс №

**«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй**  
**Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30**  
**Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34**  
**E-mail: mektep@mail.ru**  
**Web-site: www.mektep.kz**

